

ҰЛТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Мамыт А.А., Арыстанбекова А.П.



МАМЫТ Амангелді Алтыбайұлы
АРЫСТАНБЕКОВА Айжан Пернебекқызы

ҰЛТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Оқу құралы

Шымкент, 2017

**Ж. А. ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ
КІТАПХАНА**

УДК 398(075.8)

ББК 82я7

М18

Шымкент қаласындағы №99 мектеп-гимназияның «Ұлттық шешендік өнер» тандау курсы бағдарламасына (хаттама №1, 07.08.2016ж.) сәйкес дайындалған оқу-әдістемелік құрал Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты Филология және тарих факультетінің әдістемелік кеңесінде (хаттама №6, 26.01.2017ж.) қаралып, баспаға ұсынылды.

Пікір жазғандар:

- Нұрпейісов Н.Ж.* – филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
- Оразалиев С.* – филология ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
- Дүйсенова К.Ә.* – №99 мектеп-гимназияның Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М18 МАМЫТ А.А., АРЫСТАНБЕКОВА А.П.

Ұлттық шешендік өнер: Оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспасы, 2017. – 132 б.

ISBN 978-9965-898-79-2

Оқу құралында мектеп бағдарламасы бойынша «Ұлттық шешендік өнер» тандау курсын оқытуда шәкірттердің танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, дұрыс сөйлеуге дағдылану жолдарын қалыптастыру мақсатында дайындалған. Өскелең ұрпақты халқымыздың баға жетпес байлығы – би-шешендер даналығын, мақал-мәтел, нақыл, ырым-тыйым сөздерінің мән-маңызын танып білуге жетелейді.

Мектеп мұғалімдеріне, оқушылар мен педагогикалық оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ ана тілін қадірлейтін көпшілікке арналады.

УДК 398(075.8)

ББК 82я7

ISBN 978-9965-898-79-2

© Мамыт А.А., Арыстанбекова А.П., 2017

© «Әлем» баспасы, 2017

КІРІСПЕ

Қоғамды дамытушы дарынды да қабілетті адамдар екендігі лаусыз. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін шәкірттерді шебер сөйлеуге және ұшқыр ойлауға машықтандыруымыз қажет. Ал, мұның негізі халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерінде жатыр. Қазіргі кездегі оқу-тәрбиенің міндеті – осынау тың жатқан рухани құндылықтарды, атап айтқанда, даналыққа құрылған қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік ой оралымдарын жас ұрпақтың бойына сіңіріп, сол арқылы өскелең ұрпақтың жан дүниесін байыту.

Қазақ – ежелден шешендік өнерге бейім халық. Ертедегі би-шешендердің қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, көркем де айшықты сөздеріне өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып тамсанумен келеді. Қазақ шешендік өнері – атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей ұрпақтан ұрпаққа жеткен ардақты өнер. Теңіз тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, көптің көкесінде орныққан көсем де көркем, мәнді де мағыналы, ғибратты да тәрбиелі сөздер би-шешендердің мұраларын, мақал-мәтелдер мен афоризмдерді, жаман әдет, жат қылықтардан арылтатын ырым-тыйым сөздерді оқып білу арқылы айқындалып, шәкірт бойына дариды деген сенімдеміз. Сол үшін де мектеп оқушыларына «Ұлттық шешендік өнер» таңдау курсын оқытуды жөн деп таптық.

Курстың мақсаты: Би-шешендердің мұраларын оқыту арқылы шешенге лайықты қасиеттерді саралау, өнегелі сөздерінің дидактикалық мәнін, бүгінгі жастарға беретін ғибратын таныту, көпшілік алдында сөйлеу мен сөзді шебер қолдану жолдарын меңгерту. Қазақ халық ауыз әдебиетінде ерекше орны бар билердің өмірі мен шығармашылығын таныстыру.

Осы мақсатқа сай туындайтын міндеттер:

Оқыту:

- Орелі жасқа өріс болар би-шешендердің ой тұнығынан шыққан мазмұны терең сөздерінің көркемдік құнарын таныту;
- Сөзді шебер қолдану жолдары;
- Ырым-тыйым сөздердің мәнін түсіндіру;
- Мақал-мәтелдер – «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні»;
- Ақыл сөздердің мақал-мәтелдерден ерекшелігі;

- Шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау түрлеріне катысты мәтіндерді талдау;
- Би-шешен сөздеріндегі ақыл-ой байлығы, билік шешімдері, кісілік қасиет туралы эстетикалық нысанасын пайымдау.

Дамыту:

- Оқушының логикалық ойлауын қамтамасыз ету;
- Ой-өрісін шындай отырып өмірге көзқарасын қалыптастыру;
- Бойындағы талантын танып, бағыт-бағдар беру;
- Ділмар шешендігін, эстетикалық сезімін дамыту;
- Би-шешендердің өмірі мен мұрасын өзге өнер иелерімен салыстыра қарау;
- Сөздердің образдылығын теориялық тұрғыда саралау.

Тәрбиелік:

- Әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушыны адамгершілік қасиеттерге, сөз тереңдігін түсінуге, тауып сөйлеуге баулу және тіл тазалығын сақтауды насихаттай отырып, шешендік сөздің мазмұны арқылы тәрбиелеу.

Өзектілігі:

Оқып білгенін оқушының өмірде қолдануына ықпал ету. Яғни, бағзы замандардан жинақталған би-шешен сөздері мен мақал-мәтелдер, ырым-тыйым сөздердің бүгінгі күн кәдесіне толық жарайтындығын сезіндіру.

Шешендік сөздердің мазмұндық-құрылымдық жүйесін және көріктеу әдіс-тәсілдерін талдау тапсырмасын қиналмай орындай білуі керек.

Жұмыстың түрі:

Теория мен тәжірибенің байланысын және бірлігін ескеріп, оқушылармен жүргізілетін жеке, ұжымдық жұмыстарды түрлендіріп отыру арқылы дидактикалық материалдармен жұмыс жасау. Олар: шешендік сөздердің көркемдік құралдарына баға бергізу, пікір айтқызу, кесте-сызбалар толтыру, сахналық көрініс қою және т.б.

Оқушылар игеруге тиіс негізгі білім, икем, дағдылар:

- оқыған туындының тектік, жанрлық сипатын, шешендік сөздер туралы жалпы ұғымдарды анықтай білуі;
- тілдің қоғамдық маңызын, ана тілінің қадыр-қасиетіп түсіне білу;

- әдеби тілдің даму тарихын білу, дамуын саналы түрде түсіне білу;
- стиль түрлерін ажыратып алу;
- шығармашылық жұмыстардың орындалу техникасын меңгеру;
- би-шешен сөздерінің стильдік қолданысын түсініп, талдай білу;
- мәтінді тақырыпқа сай баяндап, суреттей және талдай білу;
- ұлттық мұра ретінде танылған шешендік сөздердің тарихи сипатын, маңызын көркемдік шындық тұрғысынан танып білуі;
- әдеби көркем туындыларды ұлттық құндылық ретінде бағалай білуі;
- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізе білуі.

І. ШЕШЕНДІК СӨЗ

1. Сөз шеберлігі

2. Шешендік сөз түрлері

Сөзді қолдану шеберлігі және көпшілік алдында сөйлеу

Тіл байлығы – сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуінде жатыр. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, бейнелі жұмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің орнын, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып қолдану ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек.

Сөз қолдану шеберлігін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элемент-термен шұбарланбауын талап етеміз. Әрине, бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілінің сөздік қоры негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды. Көркем шығарманы, сондай-ақ, әдеби нормадан ешбір ауытқымай, бөтен тілдік элементтерді қоспай, сірестіріп, «таза әдеби» тілде де жаза беруге болмайды. Өйткені, көркемсөз шеберлері адамдарға өмірдің өзі көтерген саласын жан-жақты көрсету, олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттыру мақсатын көздейді.

Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретін түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді..

Сөз шеберлігін қалыптастырудың жолы – тілдің халықтық қасиетін ауыз әдебиеті үлгілері, көркем әдебиеті арқылы бала бойына

сіңіру. Оқыған шығар-масы бойынша ойын көркем етіп жеткізе білу де – тіл мәдениетін меңгерудің бірден бір шарты. Әрбір азамат – ана тіл мәдениетінің мұрагері болуға тиісті.

Шешен сөйлеуге тәрбиелеудің жолға қойылуы – бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талабынан туындап отырған мәселе. Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің қолданыс өрісінің кеңеюі, біршама жылдар бойы өзге тілдің өктемдігінен табиғи арналарынан ажырап қалған ана тілімізді өрістетуге деген талаптың күшеюі республикамыздағы білім беру жүйесінің негізгі буыны болып саналатын жалпы білім беретін мектептерде әдебиет және қазақ тілі пәні маңызының арттырылуына қажетті алғышарттарды қалыптастыруды керек етеді.

Шешен сөйлеу – адамның тұлғалық қасиеттерінің көрінісі. Дәстүрлі әдеп жүйесіндегі әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндес. Адамның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуі және оны әрі қарай дамытудың басты белгісі де сөз шеберлігінде жатыр.

Сонымен бірге сөз сөйлеу шеберлігі орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық нормаларға негізделеді. Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма саналады. Сөз сөйлеу шеберлігі ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан) маңызды болып табылады.

Сөз қолдану шеберлігі көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, тіпті ауыз екі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен тамырлас келеді. Шешендік топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты.

Шешендік – сөз сөйлеу шеберлігі. Оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану; сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық

мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау, лингвистикалық болжау орталықтарын ашу, сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыс – лингвистикалық экологияны жеке сала ретінде қарастыру, «әсем жеткізу» ұстанымдары негізінде сөз шеберлігін жетілдіру, т.б. мәселелерді дұрыс жолға қою негізінде дамиды.

Адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін – сөйлеу деп атайды. Сөйлеуге адамның анатомиялық мүшелері қатысады, алайда ол адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне тығыз байланысты. Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты.

Тілдік амалдар – сөз тудыру, сөйлем құрау ережелері. Олар – көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Соның нәтижесінде тіл – жұрттың бәріне бірдей түсінікті қатынас құралы. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайына сәйкес ыңғайланған стилі болады.

Адамның айтқан қандай сөзі де белгілі бір мазмұнды білдіреді және сөйлеушінің, жазушының осы мазмұнға қатынасын көрсетеді. Мұнан туатын қорытынды: сөйлеу ойды білдіріп, іштегі сезімді сыртқа шығарады. Сөйлеудің бұл сипаты – оның мәнерлілігі.

Өзара тілдескенде немесе көпшілік алдында сөз сөйлеу – ол қаншама мазмұнды ойға толы болса да, әсерсіз, жансыз болып шығады. Ауызша сөйлеудің эмоциялық реңкі интонациямен, мимикамен, ишаралармен білдіріледі. Жазбаша сөйлеуде мұндай мүмкіндіктер жоқ. Сол себепті қағазға жазушы адам өз сөздерін барынша қиыстырып, оларды өз орнына тауып қойып, ойын мәнерлі түрде жеткізе алады. Иә, сөйлей білу – өз ойыңды келістіріп айта білу, оның мазмұнын ғана баяндап қоймай, нәзік сырларын сол қалпында жеткізіп, тыңдаушының етжүрегін елжірете білу.

Дұрыс сөйлей білген адам өз ойын, айтқанын тыңдаушыға толық түсіндіре біледі. Ел алдында шебер, шешен сөйлеу көп еңбектену, оқып, үйренуді талап етеді. Шешен адамдарда негізінен, сөз көркемдігі ой тасқынынан табиғи түрде туындап жатады. Көркемдік талғам, сөз сөйлеу мәдениеті мен шешендік тәсілдерді дұрыс пайдалана білген адам ғана эстетикалық әсер ету күшіне ие бола алады. Сонда шешендік және сөз сөйлеу мәдениетінде өнерге көп сөйлеп, оны сынатып үйренуге болады ма, әлде оған жазып дайындалған дұрыс па? Бұл орайда ежелгі грек елінің әйгілі шешені,

данагөй Цицерон былай дейді: «Қалам – көркем сөздің ең жақсы жаттықтырушысы. Басқалардан үйренуде ең өнеге тұтарлығына тегесуге ұмтылу керек. Өзің үлгі еткен шешеннің жақсысының бәрін алуға тырыс. Оңайын, көзге түсіп тұрғанын ғана емес, ең маңыздысы шынайы шеберлігіне жету. Ол еліктеу болып кетпеуі керек. Мықтыға қанша ұқсап тұрсаң да, көшірме түпнұсқадан ылғи да көш төмен болады. Халық алдында сөйлеу үшін сөзіңнің өзіндік «бейнесі», өз мәнері болғаны абзал. Егер өнердің басқа саласындағы аты мәлім шебер бір ісін кездейсоқ дағысынан нашар орындап қалған болса, оны ол өзі әдейі жасады ма, не денсаулығына байланысты сойтіп қалды ма, дей салады... Ал, егер қоғам алдында сондай бір осалдық тапсыншы, оны тек ақымақтық деп санайды, ал ақымаққа кешірім болмайды. Өйткені адам көңіл-күйге немесе іші ауырғанға байланысты ақымақ болмайды».

Сөзді тыңдай білмеу. Кейбір адамдарда басқаның сөзіне құлақ қоймайтын, өзіне айтылған сөзді аяғына дейін тыңдай білмейтін, өзгелердің сөзіне ретсіз араласып, әңгіменің шырқын бұзатын ерсі мінездер кездеседі. Соның салдарынан сөйлеп отырған адам кейде қақалып-шашалып, тұтығып та қалады. Әрбір адам өз басындағы осы кемшіліктер мен күресе білсе, біздің сөйлеу мәдениетіміз де одан әрі дами түсер еді.

Кейбір адамдар *диалогтық сөйлеудің талаптарын* орындай бермейді. Көп сөйлеп, бір сөзді сан мәрте қайталап, тыңдаушысын жылықтырып та алады. Ондай адамдар арасында өзіне қойылған сұрауларға, қарсы пікірлерге жауап бермей, өз ойын тәптіштеп айта беретіндері де кездеседі. Бұл да сөйлеу мәдениетіндегі әдепсіздік. Ағылшын тілінде қазір «сен» деп сөйлесу іс жүзінде жоқ. Оларда мұндай есімдіктің өзі де ұмытылған. Ол ХҮІ ғасырдың өзінде қолданыстан қала бастап, ХҮІІІ ғасырдың басында оны сыпайы «сіз» деген есімдік алмастырған-ды. Бізде өз қазақ тілімізде «сен» деген сөздің орнына «сіз» деген сөзді қолдансақ, сөз сөйлеу мәдениетіміздің бір саты көтерілгендігі емес пе?

Өркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егерде ондай сөз таба алмаса, ол ой иісіне де шала, түсініксіз болып қалады. Яғни, ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланысты. Адам өзінің сөз сөйлеу шеберлігін жетілдірмейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жете алмайды.

Адам өмірінде сөз сөйлеу өнері ең басты, шешуші маңызға ие. Халық өз тарихын да осы ауызша сөз арқылы жеткізіп отырды. Оның үстіне осы сөз бірнеше ғасыр бойы қазіргі жазу, сызу, кітап, газет-журнал, радио – барлығының қызметін бір өзі атқарып келеді. Халықтың тіршілігі мен тұрмысында сөз өнері, яғни өнер дәрежесіне жеткен көркем сөз қоғамдық қажеттілікті өтеп, оның бүкіл тарихы мен тағдырында шешуші қызмет атқарды. Қазақта көне заманның өзінде жетелі сөзге табыну мен бағынудың басым болғаны соның бір айқын дәлелі. Халық аталы сөзді алты жасар бала айтса да, алпыстағы ақсақал қарт айтса да, айтушысына қарап емес айтқанына қарап бағаланған, тыңдаған.

Сөз сөйлеу шеберлігі үш мақсатты көздейді: түсіндіру, ояту, толқытып, тебірену.

Қазіргі кездегі басты назар аудартатын – өз идеяларыңды өткізе білу. Шындығында, кез-келген ортада өз идеяларыңды тыңдауышларға жан-жақты жеткізе білу жеңіске, табыс көзіне жетелейді. Көпшілік алдында сөз сөйлеудің мақсаты да өз ойыңа жұртты иландыру болып табылады.

Көптеген адамдар тиімді қарым-қатынас дегенді біле бермейді. Қарсыласымызды өзімізге ұтымды келісімге келтіруде, дау-таласта өз позициямызды қорғап қалуда, жаңа таныстық пен байланыстар жасауда, әңгімеге кірігуде, тыңдаушымызға пікірімізді жеткізуде қиналып жатамыз. Тіпті қолымыздан келмеуі де мүмкін. Бұл проблемалар біздің дамуымызға кедергі келтіреді, өсуімізге тосқауыл болып табылады. Бізді суатты, тиімді қарым-қатынас жасауға ешкім де үйреткен жоқ, кейбіреуімізде коммуникативтік дағды қалыптаспаған да болуы мүмкін. Сондықтан ішкі түйсікпен әрекет етеміз, кәсіби шебер сөз сөйлей білетін адамдарға тәуекелді болып қала береміз. Тиімді қарым-қатынас жасай білу – ол бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Көпшілік алдында сөйлеу – бұл кез келген адамға беріле бермейтін дарын да, қабілет те емес, бұл – дағды. Дағды деген кез келген кітапты оқи салғаннан жетілмейді. Оның өзіндік құпиясын, әдіс-тәсілдерін меңгермей жету мүмкін емес. Шешен сөйлеу де сол сияқты. Егер сіз көпшілік алдында мүдірмей, шешен сөйлеуге бел бусаңыз бұл сіздің жеңісіңіз.

Сонымен *көпшілік алдында сөйлеудің* мынадай үш факторларын қарастыруға болады: мұқият дайындық, қолданылатын әдістер,

қорқынышты жеңу тәсілдері.

Сіз мұқият дайындалып, әдіс-тәсілдерді меңгеруге ұмтылсаңыз, жұрт алдына шығып сөйлеуді іс жүзінде игере аласыз. Бірақ сіздің бойыңызды қорқыныш билесе, бүкіл дайындығыңыз, үйренген дағдыңыз, қолданылатын әдістеріңіздің күл-талқаны шығады. Ойткені қорқыныш – сіздің көпшілік алдында табысты сөйлеуіңізге бірден-бір үлкен кедергі.

Көпшілік алдында сөз сөйлей білу жоғары санаттағы маманға аса қажет. Өздерінің кәсіптері бойынша көп қарым-қатынас жасауды қажет ететін адамдар: бұл жоғары буын басшылары, менеджерлер, заңгерлер, әкімшілік және тағы басқа көпшілікке қызмет көрсететін мамандық иелері. Қазіргі қоғам адамын өз мақсатына қол жеткізіп, табыс биігіне көтерілу үшін әрекет жасаумен бірге көпшілілікпен қарым-қатынас жасай білуді, сөз сөйлеуді, ойын жүйелі жеткізуді талап етеді.

Егер сіз *көпшілік алдында сөз сөйлеуді* меңгергіңіз келсе, онда тап болатын бірінші кедергі – ішкі үрей. Оны еңсере білу керек.

Дауысында дірілі жоқ, айтатын ойын шатаспай жеткізе білетін, еш мүдірмейтін, өзіне сенімді іскер адамды тыңдаған қандай тамаша. Ойткені сөз сөйлеу шеберлігі оның ойын тыңдаушыларға дәл жеткізіп, сенімділігіне тікелей ықпал етеді. Осындай сенімділікті өзіңізге қалай ұялатасыз? Бұл тек адамдар алдында сөз сөйлей білу тәжірибесімен ғана мүмкін. Осы факторлар өзіне деген сенімсіздіктен және адамның ішкі ой-түйсіктерімен байланысты.

Топ алдында сөйлеуге қабілеті жоқ адамдардың болмайтындығын психологиялық зерттеулер көрсетіп отыр. Барлық адамдар үшін қазіргі уақытта ақпараттармен алмасу өте маңызды, көпшілік алдында сөйлей білу де қажеттілік болып отыр.

Көпшілік ортада әдеп сақтау, әдеппен сөйлеу, көрегенділік таныту, жан мен тән тазалығы, мұның барлығы мәдениетке жатады. Мәдениет адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық-эстетикалық, саяси т.б талаптардың орындалуын білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында адам бойында мәдениеттің қалыптасып, дамуына ерекше көңіл бөлінген, мәдениет жөніндегі көзқараастар кемел адам ұғымымен үндестік тауып, адамгершілік, кісілік қасиеттерінің қалыптасуы арасында дамыды.

Кез келген адамның көпшілік алдына шығып сөйлеуге батылы жете бермейді. Себебі жұрт алдына шығып сөйлеудің өзіндік біршама

қиындықтары бар: сөйлеуші мен тыңдаушының арасында көзбе-көз байланыс болғандықтан шешенге тапқырлық, сөзіне елді ұйыта білу қабілеті қажет және сөйлеуші шешеннің өзін еркін ұстай білуі де ерекше маңызды. Еркін болуы үшін көп ізденіс, көп жаттығу қажет.

Сөз сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда төмендегі алты факторға назар аударуға болады:

1. Тыңдаушыларды жинақы етіп орналастыру. Өйткені топтағы адамдар шашыраңқы отырса, ойды жинақтап бір арнаға тоғыстыруға кедергі тудырады. Топтағы адам қол соғу арқылы өзінің әңгімеге қатысып отырғандығын және сөйлеуші адамға ықыласын білдіреді.

2. Тыңдаушы топ шағын болса, мінберге шығып сөйлеудің еш қажеті жоқ, тыңдаушы адамдармен бір деңгейде болған дұрыс. Бұл әңгімелесуге бейресмилік сипат беріп, достық қатынасты орнатуға ықпал етеді.

3. Тыңдаушылардың білетін нәрсесін тәпшіштеп қайта-қайта айта беруден аулақ болу. Бұл қателесуден сақтайды.

4. Сөздің ұтымды болуы үшін тыңдаушыны қадірлей білу керек. Мақтанбай, неғұрлым қарапайым болып, көпшілікпен достық ниетпен қарым-қатынас жасасаң, соғұрлым беделді боласың. Тыңдаушымен жанды байланыс орнату қажет. Тыңдаушыларды жалықтырмауға тырысқан жөн. Оларды арасында серпілтіп, әзілдеп, жадыратып отырған дұрыс деп есептеймін.

5. Сөздің қысқа әрі тұжырымды болуына көңіл бөлу.

6. Айтылатын сөз алдына анық мақсат қойған экспедиция сияқты, оның маршруты қартаға алдын-ала түсірілуі тиіс. Сол себепті сөйлейтін сөзді екшеуден өткізе отырып, қандай да бір ойды қағазға түртіп алуды әдетке айналдыру нәтижелі болмақ.

Қазақстанның дамыған мемлекеттер қатарында табанды түрде дамуының тұғыры болатын ұлттық идеяны дұрыс танып, оның бағыт-бағдары мен оны жүзеге асыратын іс-әрекеттерді белгілеуде тілді дұрыс қолданып, шебер сөйлеудің орны айрықша.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігі – қоғамның әлеуметтік, рухани өмірінде үлкен сұранысқа ие. Бұл озық мамандар мен белгілі қайраткерлер күнделікті қолданып отырған іс-әрекет.

Әрбір жастың қоғамда өз орнын табуы үшін әсерлі де сенімді сөйлеудің тигізер септігі мол. Әдемі сөзге ие, бұларпас дәлел келтіре алатын, оқиғаны дәл суреттеп жеткізе білетін, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін сөзбен түйе алатын шәкірттің болашағы да кемел.

Қабілетті адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі мен танымын дамыту керек.

Қазіргі қоғам адамының өз мақсатына қол жеткізуі үшін терең білім алумен бірге, көпшілікпен қарым-қатынас жасау, сөз сөйлеу, ойын жүйелі жеткізе алу қабілетін меңгеруі жоғары мәдениеттіліктің белгісі болып табылады.

Шешендік сөздің түрлері

Қазақ шешендік сөздері жанрлық белгілеріне қарай іштей бірнеше түрге жіктеледі. Олар: *шешендік дау*, *шешендік толғау*, *шешендік арнау*.

Шешендік арнау дегеніміз – адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді, халықтың көңіл-күйін бейнелейді.

Шешендік толғау дегеніміз – халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді. Көп жасаған қарттардың жас ұрпаққа өсиеті айтылады. Шешеннің үрім-бұтағына жеткіншектерге айтар ақылы насихаты толғау деп аталады. Шешендік толғауларда халықтың мұң-мұқтажы, асыл арманы айтылады. Бұқар, Шортанбай, Мұрат, Дулаттың толғаулары сөзіміздің дәлелі бола алады.

Шешендік дау – заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелейді. Дау барысында адамның ары, намысы қорғалады, ел мен елдің арасында елшілік келісім болады. Ол елдің дербестігін, жердің бүтіндігін қорғайды.

Шешендік сөздер, ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша туып қалыптасқан әрі ауызша таралған. Сондықтан оның құрылымдық, мазмұндық ерекшелігінде де ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне тән жалпы ұқсастықтар мен өзгешеліктер бар. Ол жөнінде шешендік сөздерді зерттеуші Б.Адамбаев: «Қонақта немесе бір мәселені талқылау үстінде отырып көп жасаған кәрі құлақты, тәжірибелі адамдардың аузынан шыққан жүйрік ойлы, жүйелі сөздерді құйма құлақ талантты жастар, өнер қуған қыз-бозбала жаттап алып жүрген-тұрған жерлерінде, ас-тойларда, ойын-сауықтарда айта жүрген. Өзінің қажетіне, өмірдің тілегіне қарай оңдеп, өзгертіп, жамап-жаңғыртып отырған», - деп жазады.

Шындығында, шешендік сөздердің жанрлық топтарға жіктелуінде де өзіндік ортақ заңдылық бар. Шешендік сөздердің

сөйлем құрылысы, бейнелілік сипаты, көркемдігі, ұтымдылығы және қандай жағдайда, нендей мәселеге байланысты айтылатындығына сәйкес іштей жіктеледі. Жоғарыдағы жіктелісі соның айқын дәлелі. Дегенмен, шешендік сөздердің нақты анықтамасын ескермей, толғау жырдың немесе арнау сөздің барлығын аталған жанрға жатқызу қателікке ұрындырады. Сонымен қатар, шешендік сөздердің алуан түрлерін дау үстінде айтылған кесім сөзімен (билер сөзі) шектеу де дұрыс емес. Осыдан келіп, шешендік сөздерді құрылымдық және мазмұндық, тақырыптық талаптар тұрғысынан топтастырудың қажеттілігі туындайды.

Шешендік сөздер құрылыс-қалпы, ырғақ-әуендері жағынан да екі салаға бөлінеді. Олар: ырғақты қара сөзге құрылған *пернелі сөз* және белгілі бір өлшемі бар жыр түріне құрылып, ерікті өлең түрінде де кездесетін *термелі сөздер*. Алайда, мұнда да тармақтарды түйдек түрлеріне тән ерекшелік ретінде қарастыруға болады.

Қазақ шешендік сөздерінің ішінде көп қолданысқа ие болып, үнемі жаңғырып, жаңарып, даму үстінде келе жатқан түрі – *шешендік арнаулар*. Шешендік арнау сөздер шығу тегі жағынан, көп жағдайда, аңыз әңгімелерге жақын болып келеді. Ел арасында шешендік арнаулар ақындар, жыраулар, билер мен шешендер шығармашылығында мол орын алып, нақты жағдайға байланысты туып, қалыптасып отырған. Б.Адамбаев шешендік арнауға мынадай анықтама береді: «Белгілі бір адамға арнайы айтылған сәлем, сын, әзіл және бата (тілек) сөздерді шешендік арнау дейміз.

Жаңалық пен жақсылыққа «құтты болсын» айту, қаза мен қайғыға «Арты қайырлы болсын» деп көңіл айту қазақтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрпы. Келгенде «қош келдіңіз» деп қарсы алу, кетерде «жолыңыз болсын» деп шығарып салу жаңа салтымызға да жат емес. Жақсы лебіз – жарым ырыс деп тілектестік сөзді жоғары бағалаған халқымыздың бата-тілегін бейнелейтін шешендік сөздердің неше алуан нұсқалары бар. Қазақ халқы «ас адамның арқауы», «Астан ешкім үлкен емес» деп заттық игіліктің адам өміріндегі шешуші мәнін дұрыс түсінген де астың алды-артында жақсы тілек, игі ниеттерін білдіретін болған. Мұндай батаға біреу мақтанса, біреуі үміттенеді. Үміт – талаптың жетекшісі, талап – табыс кілті. Олай болса, осындай бата-тілектің негізінде халықтың оптимистік ой-арманы, болашақтан күткен үміті жатады» - дей келіп, игі тілек, жақсылық тілеу, бата беру мақсатында айтылатын шешендік

сөздердің барлығында шешендік арнау табиғаты, белгілері сақталғандығын ерекше атап көрсетеді.

Қазақ арасында шешендік арнаудың небір асыл үлгілері, інжу-маржандары сақталған. Солардың арасында әйгілі билер Төле, Қазыбек, Әйтекелерден бастап, Сырым, Бөлтірік, Досбол т.б. шешендердің тауып айтқан небір ұтқыр, ұтымды сөздері бар.

Шешендік арнау сөздер айтылу мақсатына қарай әр түрлі болып келеді. Кейде *бата* немесе *үгіт* түрінде айтылса, енді бірде *мадақ*, *марапат* түрінде айтылады. Мәселен, Қазыбек бидің жалпыға қайырыла айтатын төмендегі насихат сөзі шешендік арнаудың үздік үлгісі:

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма
Кесепаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскеніңді өшірерсің.
Басына іс түспеген пақырға,
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа,
Жанашыры жоқ жарлыға,
Жәрдемші бол асыға,
Қиын-қыстау күндерде,
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба!

Шешендік арнаудың бұлайша жалпы жұртқа бағытталып айтылудағы негізгі мақсаты – адамгершілікті, жақсылықты насихаттау. Сонымен қатар өсіп келе жатқан жас ұрпақтың тәрбиесі үлгілі болып қалыптасуына салыстырмалы өсиет түрінде айтылған мұндай арнаулардың маңызы зор. Кезінде шешендік арнауларды зерттеуші Б.Адамбаев шешендік арнаулар тобына «шешендік сындарды» да жатқызған болатын. Алайда, соңғы жылдардағы зерттеулер шешендік сынның жеке жанр екендігін дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, шешендік арнаудың сәлем түрлері де бар.

«Сөзге шебер – шешен адамдар ауызекі сәлемдескенде, өзара жауаптасқанда шешендік сөз, тақпақ-жырларды жиі қолданған. Тұрмыс-салт жырларында, батырлық және ғашықтық дастандарда

шешендік сәлемнің неше түрлі келісті үлгілерін кездестіруге болады. «Қамбар батыр» жырындағы Келменбеттің Әзімбайға, Жәдігердің Қамбарға, Қамбардың Қараманға тұспалдап айтатын сөздері осыған мысал бола алады».

Шешендік арнаулардың келесі тобы – *жұбату* түрінде де айтылады. Мұнда өмірдің заңы, оның үнемі қозғалыста болатындығы, диалектика заңдылығы тұспалдап не астарлап түсіндіріледі. Мысалы:

Өлім асусыз тау,
Кімнің бауыры сау?
Пұлсыз берді,
Құнсыз алады,
Оған не дау?
Бізге аяулы
Алушыға да қалаулы.

Тұтастай алғанда шешендік арнаулар нақты адамға бағытталып, адамдар арасындағы әр түрлі қарым-қатынастардың сыр-сипатын бейнелейді, жақсының жақсылығын айтып марқайтады, жаманның жаманшылығын айтып жасытады. Реті келгенде жақсылық пен жамандықты, әділдік пен жауыздықты қатар қойып, салыстыра отырып ой тастайды, ізгілікке, адамгершілікке шақырады. Шешендік арнаулардың қоғамдық, әлеуметтік өмірдегі маңызылығы да осында жатыр.

Шешендік арнау адамдар арасындағы қарым-қатынас пен көңіл-күйді бейнелесе, *шешендік толғау* халықтың табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өзгерістерге өзіндік көзқарасын көрсетеді. Көп жасаған қарттар көрген-білгендерін қорытып, келесі ұрпаққа айтар аманат-ақылын, өсиет-насихатын баяндайды.

Шешендік толғау – *шешендік нақыл, шешендік мақал, шешендік мысал, шешендік жұмбақ және шешендік жсауап* болып беске бөлінеді.

Адам баласы өзінің ұзақ жылдық тарихында ыстығына күйіп, суығына үсіп жүріп табиғаттың сырын ұқты, заңын үйренді. Өмір сүру үшін қараңғы үңгірде қармана жүріп талай рет табанын тасқа тілдірді, маңдайын жартасқа соқты. Тұрып-жығылып, қақтыға-соқтыға жүріп он саусақты қолы, саналы тілі шықты. Қол да, тіл де тіршілік перзенті. Қол сананың орындаушысы болса, тіл – сана мен қолды байланыстырушы. Тіл – өзінен мыңдаған, миллиондаған жылдар бұрын өшкен қауыммен де тілдесетін құрал. Сондықтан

соңғы буынның ақыл-ойында, өнер табысында өткен қауымның тәжірибесі, ақыл-ой үлесі болмақ. Ол үлес ата буыннан бала буынға тіл арқылы жетеді. Өйткені тіл – қатынас құралы ғана емес, ақыл-ойдың қайнар көзі, үзілмес қоры. Сол сияқты шешендік нақыл халықтың үрім-бұтағына, жеткіншек ұрпағына қалдырған өсиеті, өнегесі. Сондықтан да бабаларымыз:

Қара жерді жамандама,
Кіретұғын көрің-ді.
Қауым-жұртты жамандама,
Көп табады мініңді.
Білгендерді жамандама,
Жол бастайтын піріңді,-

деген даналық сөз қалдырған

Дәлелі мен қорытындысы қоса берілген мұндай нақыл сөздер ешқандай түсінікті керек етпейді. Тосылмайтын жүйрік, шошынбайтын жүрек болмайды. «Көп білемін деме, көпшіліктен артық білмейсін», - дейді халық.

Нақыл сөздер, әсіресе, үй ішінде, көпшілік арасында өзінді ұстай білуге, ойлап сөйлеуге байланысты айтылады. «Алған жарың жақсы болса, ат үстінен дүбір ет, алған жарың жаман болса, шиге кіріп сыбыр ет», - деп жанашыр жақының болмағанмен істес адамдардың ерекшелігімен, мінез-құлқымен есептесіп отыруға кеңес береді.

Халықтың дүниеге көзқарасын, жас қауымға айтар ақыл-аманатын көрсететін насихат сөздердің бір түрі – *шешендік мақал*. *Шешендік нақыл* нақтылы бір мәселе төңірегінде тыңдаушысына тікелей кеңес беретін болса, *шешендік мақал* жалпылап, жанамалап ақыл айтады. Өмір шындығы осындай, қаласаң ал, қаламасаң өзін біл дегендей ишарат жасайды, құлақ қағыс қылады.

Қызыл тілін безеніп,
Шешен жігіт дауда ойнар.
Ақ балтырын түрініп,
Палуан жігіт тойда ойнар.
Баданасын киіп ап,
Бар қайратын жиып ап,
Шашақты найза қолға алып,
Батыр жігіт жауға ойнар.
Дастарханын кең салып,
Жомарт жігіт күнде ойнар.

“Ж.А.ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ”
АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ

КІТАПХАНА

Баданасын кие алмай
Бедірей-бетпак үйде ойнар, -

деген шешендік мақалда халы «жақсы» деген мынандай,
«жаман» деген анадай, қалауың білсін, тандауыңды ал, тек қайратың
болса, жауға көрсет, қазан бұзар – үй тентек болма дейді.

Қас жақсының белгісі – әрі мырза, әрі құл,
Қас жаманның белгісі – өз үйінде өзі пұл, -

деп жұмысында да, үйінде де арланбауға, жастарды еңбекке,
кішіпейіл болуға меңзейді. Жақсы адам өмірдегі орнын біледі. Өзінен
кішіге паңсып, ар-намысын кірлетпейді, еңбекті, ел жұмысын
атқаруды ар-намыс көрмейді, ауырсынбайды.

Жақсының бір қасиеті – елі-жұртын қадірлей білу. Бірақ
халықтың қадір-қасиетін онымен бірге өсіп, біте қайнаған кісі ғана
түсіне алады. өзін көпшіліктен жоғары санап, оқшау ұстап саяқ
жүретін тоғышар халық қадірін білмек емес.

Шөлде өскен дуадақ,
Көл қадірін білмейді.
Көлде өскен қоңыр қаз
Шөл қадірін білмейді.
Тауды жайлап, таста өскен,
Ағайыннан басқа өскен
Ел қадірін білмейді, -

дейді Асан қайғы бабамыз.

Жанжал бар жерде жала бар, жала бар жерде әділдік жоқ. Ел
билеушілер-дің сондай бақа тірестігін, бақ күндестігін халық былай
деп мысқылдайды:

Жапалақ құс мақтанса,
Жардан тышқан алдым дер.
Жаман адам мақтанса,
Жақсыны жағасынан алдым дер,
Сол жерде бір теңеліп қалдым дер.

Мұнда жалақор, пәлеқор, өзінен басқаны көре алмайтын пасық
адамдарды жапалаққа теңеп, жақсы болам деген жас талапкерді
ондайлардан үлгі алмауға меңзейді.

Қанша жуан болса да,
Жалғыз ағаш үй болмас.
Қанша жақсы болса да,
Жалғыз адам би болмас, -

деп екінші жағынан жақсы болам деген жігітке көпшіл, қоғамшыл бол дегенді уағыздайды. Жалғыз адамның қолынан ештеме келмейді. «Көптің ісін көтерме», яғни ұлы жұмыс, үлгілі іс көпшіліктің ғана қолынан келеді, сені де көтеретін, өсіретін сол дейді.

Қайыра-қайыра тартуға
Ауыздықтың сомы игі.
Аударыла шабуға
Артқы айылдың берігі игі.
Қаба-қаба сөйлеуге
Қарындастың көбі игі, -

деген сөзде де табысқа, жеңіске жету үшін жасанған қолың болсын, қолдаушың көп болсын сынды терең мағына бар.

Мақалдар-мысалдап сөйлеу – шешендік, тапқырлық сөздердің қай-қайсысына болса да ортақ. Дегенмен кейбір шешендік сөздерде *мақалдау* басым болса, қайсыбірінде *мысалдау* басым. *Шешендік мысалға* тән ерекшеліктердің бірі біреудің басынан өткен уақиғаны хабарлаған болып, әркімнің басына келетін ортақ жайларды ескерту, немесе жан-жануар тіршілігін, жаратылысын мысалға алып, тыңдаушысына жанама ғибрат беру.

Ата-ананың қадірін
Балалы болып байқадым.
Ағайынның қадірін
Қаралы болып байқадым.
Жан ашырдың қадірін
Жалалы болып байқадым, -

деген мысалда бір кісінің басынан кешкен уақиға ғана емес, сан кісінің тәжірибесімен сыналған өмір шындығы айтылып отыр. Басқаның халін басыңа түскенде түсінесің, жанашыр жақыныңды қиыншылық үстінде танысың дейді мұнда.

Бұл мысал тек сыншыл болуға үгіттеп отырған жоқ, ең алдымен ата-ананың еңбегін бағалай біл, басыңа ауыртпалық түскенде туысыңның, досыңның қасынан табыл дегенді ишараттайды.

Қазақ *шешендік мысалдарының* біраз бөлігі жан-жануар, тірі тіршілік иелерін сөйлету арқылы да ғибрат, өсиет айтып отырады. Мұнда да хайуанаттардың әр түрлі әрекет, қимылын адам баласына үлгі етіп ұсыну, жақсылыққа шақыру басты назарда болады.

Шешендік толғаулар тобында ерекше мәнге ие, ойлылыққа, тапқырлыққа баулитын *шешендік жұмбақтар* болып табылады.

Шешендік жұмбақтар жастар арасындағы әр түрлі отырыстарда, әзіл-әңгіме үстінде қалыптасып, дамып отырған. *Шешендік жұмбақтар* әзіл-қалжың үшін ғана айтылмайды. Мемлекеттік маңызды, келелі істерді шешу барысында да жиі қолданылады. Мәселен, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің төмендегі жауаптасуы соған дәлел.

«Бірде қазақ еліне келген елшіні біреулер өлтірейік деп, екінші жақ өлтірмейміз деп үлкен дау-дамай болыпты. Сонда осы мәселені ақылдасып шешу үшін ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қазыбек би, Кіші жүзден Әйтеке би бас қосып, бір төбеге шығып отырса, алдындағы көлге бір топ қаз келіп қоныпты. Сонда Төле би тұспалдап:

- Мына көлдің алар ма еді қазын атып, - дейді.
- Оғың шығын болмасын жазым атып, - дейді Әйтеке.
- Құтылмастай пәлеге қап жүрмейік,

Қаз екен деп перінің қызын атып, - дейді Қазыбек. Осымен сөз бітеді. Елшіге тимей еліне қайыру керек деген шешімге келеді».

Сөз жоқ, мұнда шешендік жұмбақ әділ шешімге әкеліп, ел тағдыры таразыға тартылған қиын-қыстау сәтте жол тауып шығуға ықпал еткен.

Шешендік толғаулардың бірін-бірі сынау, қарсыласының салмағын білу мақсатында айтылатын түрі – *шешендік жауаптар*.

«*Сұрақ-жауап түрінде келетін шешендік толғаулар* – қазақ халқының сондай сауалдарға тапқан жауабы, табиғат сыры мен өмір заңын анықтауға жасаған алғашқы барлау талабы», - деп жазады Б.Адамбаев.

Төле би тоқсан жасқа келгенінде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере барыпты. Елдің жақсылары, шешендер, ойшылдары жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырғанда:

- Қаз дауысты Қазыбегім келді. Бәрің түгел жиналыңдар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіндер, - дейді Төле би.

- Айтыңыз, айтыңыз?

- Айтсам он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Отырғандар таң тамаша болады:

- Бұл не деген жұмбақ? Осындай да жұмбақ болады ма? - дейді.

- Төке, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз? – дейді Қаз

дауысты Қазыбек.

- Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман,
- Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.
- Үш дегеніміз- үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.
- Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.
- Бес дегеніміз – белсеніп шыққан жау жаман.
- Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.
- Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.
- Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.
- Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімде бас

көрсетпесе, сол жаман.

- Он дегеніміз – оналмас кәрілікке дауа болмас деген, - дейді Қаз дауысты Қазыбек.

- Рахмет, дәл тауып шештің. Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым, - деп Төле би Қазыбекке риза болыпты».

Сұрақ-жауап түріндегі шешендіктің мұндай үлгілері Жиренше мен Әз-Жәнібек, Байдалы би мен Тұрлыбек, Шорман мен Сакқұлақ т.б. би-шешендерден қалған сөздерде жиі кездеседі. Демек, *шешендік жауап* – нағыз шешеннің, суырыпсалма өнерпаздың алғырлығын, тапқырлығын танытатын, логикалық қиыстыру шеберлігін көрсететін шешендік толғаудың ерекше жанры. Шешендік толғаулардың тәрбиелік, танымдық, тағлымдық маңызы да өсиет-өнегеге, үгіт-насихатқа негізделгендігімен ерекшеленеді. Сондықтан да онда халқымыздың талай ғасыр сүзгісінен өткізген философиялық көзқарастары, дүниетанымы көрініс табады.

Шешендік сөздердің аса мол қолданылған, қазақ қоғамындағы даулы мәселелерді шешуге араласатын маңызды жанрлық түрі – *шешендік дау* сөздері. Шешендік дауларды шартты түрде мазмұнына қарай *жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауы* деп бес түрге бөлуге болады. Шешендік даулар құрылымы жағынан келгенде кіріспе, кеңес, билік, немесе кесім сияқты бөлімдерден тұрады. Сонымен қатар, әр даудың мазмұнына сәйкес, өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақ халқы кең сахарда мал бағып, тұрақты мекен-жайларға (жаз жайлау, күздеу, қыстау) ие болған. Аракідік мал жайылымына, өріс-қонысқа талас бола қалса, араға би-шешендер түсіп, әділ шешім айтып отырған. *Жер, жесір, құн, мал, ар дауларының* бәрінде де бір жағынан дүние-мүлік таласы, екінші жағынан атақ-абырой үшін

тартыс жатады. *Шешендік даулардың* – шешендік сөздердің басқа жанрынан бір ерекшелігі – қазақ арасындағы оқиғаларда ғана жүзеге асып қана қоймай, көршілес елдермен болған дау-дамайларда да көрініс тауып, халықаралық мәселелерді де қамтиды. Мәселен, Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқан сөзі соның дәлелі:

Сен темір де, мен көмір,
Еріткелі келгенмін.
Екі еліктің баласын,
Теліткелі келгенмін.
Егесетін ер шықса,
Иілткелі келгенмін.
Тұтқыр сары желіммін,
Жабысқалы келгенмін...

Бұл мысалдан да шешендік даулардың қазақ қоғамында тыныштықты, тәртіпті сақтауға, мәмілегерлік, татугершілік қызмет атқарғандығын аңғарамыз. Шешендік даулар, сөз жоқ, қазақ елінің ертеден келе жатқан азаматтық, құқықтық ережелерінің көркемдікпен үндестік тапқан үйлесімі. Олардың мазмұны да бай, қамтитын тақырыптық аясы да кең.

Шешендік сөздердің келесі бір жанры – *шешендік сын*. Қазақ халық ауыз әдебиетінде жерге, елге, малға айтылған шешендік сынның алуан түрі бар. Асанқайғы атынан «Он жылда бес саулық мыңға, бес қара жүзге жететін жердің құты екен, әттен, аттын сауырына сыймайды-ау, артыма сала кетер едім» деп жерге; «Төс табаны төрт елі нарлар жүрер жер екен, төсегінен түңілген ерлер жүрер жол екен» деп шөлге; «Жал құйрығы қанат екен, төрт аяғы болат екен» деп жылқыға айтылатын сөздер – шешендік сынның ежелгі үлгісі.

Шешендік сынның адамға қатысты айтылатын түрлері де бар. Майқы би айтқан мына бір шешендік сын үлгісінде адамның қандай болатындығы санамалап көрсетіледі.

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады,
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады,
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжақпас туады,
Таздан жарғақбас туады,

Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады...

Шешендік сынның эстетикалық мұраты – жақсының бағасын асыру, жетпегенін жеткізу десек, қазақ шешендік сын сөздері де қай қоғамда, қай заманда болмасын өз міндетін лайықты атқарып келеді.

Тұтастай алғанда, қазақ шешендік сөздері шартты түрде жоғарыда аталған төрт жанрға жіктеледі. Ғылымның дамуы, шешендік сөздерді жүйелеуде жаңаша көзқарас ұсынып, жанрлық тұрғыдан толықтырып жатса, оны уақыт көрсетеді.

II. ШЕШЕНДІК ӨНЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

1. Шешендік өнердің қысқаша тарихы
2. Шешен. Шешендікке қойылатын талаптар

Шешендік өнердің қысқаша тарихы

Адамзат тарихының рухани өмірінде шешендік өнердің алатын орны айрықша. Шешендік өнер кез-келген халықтың ұлттық сөз өнерімен тамырлас дамитын құбылыс. Шешендік өнер көне замандарда кез-келген халықтың ұлттық сөз өнерімен тамырлас дамитын құбылыс. Шешендік өнер көне замандарда Египет, Грек, Қытай, Үнді елдерінде ерекше дамыған. Б.з.д. V ғасырдың екінші жартысында Афина қаласында шешендік өнердің шарықтап дамуы, шешендік өнердің теориялық мәселелерімен айналысатын [ритор], оратор [оратор] – латын тілінен аудағанда – сөйлеу, ғайыпты болжау мамандығы дүниеге келді.

Көне римдіктер шешендік өнерді меңгерген адамдарды – шешендер, философтар, ақындар, тарихшылар деп топқа жүйелеген. Кейін келе шешендік өнер саяси тақырыпта сөйлеу, салтанатты насихатта сөйлеу, сотта сөйлеу т.б. түрлерге жіктелген.

Шешендік өнер ұлтымыздың өмірінде де ерекше қоғамдық, әлеуметтік мәнге ие болған. Дегенмен, шешендік тек қазақ ұлтына ғана тән деген пікірден аулақпыз. Әлемді мекендеген халықтар, ұлыс-тайпалардың қай-қайсысының да сан ғасырлық сұрыпталған, іріктелген інжу-маржандай ұлағатты, өнегелі шешендік сөздері бар. Алайда, кез-келген сөздің, ұлыстың шешендік сөздерінде ешкімге ұқсай бермейтін өзіндік ерекшелік, ұлттық өрнек (калорит) бар.

Шешендік өнер әр халықтың басынан кешірген өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салтын, мінез-құлқын, қоғамдық дамуын, рухани және материалдық дамуын тайға таңба басқандай дәл, шебер, әрі мәнді де құнды бейнелеуімен ерекшеленеді.

Қазақ халқының шешендік өнерінің алғашқы нұсқалары түркі халықтарының Орхон, Енесей ескерткіштері мен көне жазба мұраларынан табылған. Мұнда Қорқыттың айтқан нақыл сөзі жазылған. Көне жазба мұраларында М.Қашқари, Баласағұни А.Иүгники, С.Сарайи, Құтып, А.Хорезм айтқан даналық сөздер табылған. Қазақ шешендік өнерінің бастауы мен даму кезеңдері

«Жеті жарғы» заңына байланысты.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бәрінде де көркем айшықталған тіл өрнектері аса мол. Шешендік сөздерді халық әдетте белгілі бір аяулы аруының, ардагер асыл азаматтың есімдерімен қабыстыра қозғайды. Олардың санатына Жиреншеден бастап тарихқа танымал ұлы жүздің атақты Төле биін, орта жүздің қаз дауысты Қазыбек биін, Кіші жүздің Әйтеке биі мен бертіндегі Сырым батырын қосып, сол есімдерге байланысты өнегелі сөздерді шарапатты дұға есебінде ұсынады. Шешендік сөздер терең мағыналы, тіл өнегелі қисынды, ой ұшқырлығымен шешендікті дәріптейтін дуалы сөз үлгілері ғана емес, халық даналығының дүниетанымдық тәлім-тәрбиелік, мән-маңызы өлшеулі асыл қазынасы болып табылады.

Қазақ шешендік өнері 5 кезеңге бөлінеді:

1. Майқы би мен Аяз биден басталады. XII - XIII ғасыр.

2. Асан Қайғы мен Жиреншенің кезеңі. XIV- XVI ғасыр.

Осы екі дәуірдің шешендерін «Ел құрасқан шешендер» деп атайды.

3. XVII - XVIII ғасыр «Ел қорғасқан шешендер» Төле би, Әйтеке, Қазыбек бидің уақытын атайды.

4. XVIII ғасыр Хан сұлтандардың билігіне байланысты шешендік Байдалы, Әз Жәнібек, Тіленші би, Шалқар би, Тарақты Тұяқ.

5. XIX ғасыр отаршылдыққа қарсы шешендер Махамбет, Бала би, Тұрысбол, Сырым батыр шешендіктері.

Қазақ шешендік өнерінің тарихы тым әріге кетсе де оны ғылыми тұрғыдан толық зерттеу А.Байтұрсынұлынан басталады. Кезінде Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин, М.Әуезовтер шешендік сөздерді жинастырып, билер сөзінің тәрбиелік мәнін, философиялық сипатын, билердің қоғамдағы орнын түсіндіріп берді. Кейін Ә.Мәметова, Б.Адамбаев билер шешендігін арнайы тақырып етіп алып, кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл еңбектерде шешендік өнер бір ғана кезең, яғни XVII – XIX ғасырлар арасын қамтиды да, осы кезеңде өмір сүрген билердің шешендік сөздері тарихи әлеуметтік мәні, тақырыптық мазмұны жағынан талданады.

Өз кезінде жырау-шешендер, би-шешендер, ақын-шешендер артына ғибратты сөздер қалдырғанымен, шешендік сөздер хатқа түсіріліп, ғылыми жағынан тұжырымдалған жоқ.

Ал А.Байтұрсынұлы зерттеулері – қазақ шешендік сөзінің

сипаты мен түрлері, тілдік көркемдік белгілері туралы жазылған алғашқы еңбек. 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде шешендік өнерді сөз өнеріне жатқызып, сөз өнерінің ішкі және тысқы қалпын теориялық жағынан толық негіздеп береді.

Гректер мен римдіктер «өнердің патшасы» ретінде санаған шешендік өнердің қазақ елінде де қасиеті саналғанын түсінген ғалым қазақ шешендік сөздерін зерттеп зерделеуде де алғашқы болды. «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде ол өнердің түрлі-түрлі болатындығын, солардың ішіндегі ең алды сөз өнері екендігін «Өнер алды – қызыл тіл» деген халық мақалымен растады. Бұл мақалды шығарған қазақтың сөз баққан, сөз күйттеген, сөз қадірін білген халық болғандығын айтты. Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы атын «шығарма сөз» деп атады да, ғалым шығарманың мазмұнына қарай үш түрге: әуезе, әліптеме, байымдамаға бөлінетіндігіне тоқталады. Болған оқиғаны бастан аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру – әуезе болады. Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару – әліптеме болады. Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма – байымдама деп аталады. Сондықтан шығарманың асылы – байымдама дей келіп, оларды негізгі белгілеріне қарап бірнеше түрге бөледі де, шешен сөз бен көсем сөзді байымдауға жатқызады. Шешендік сөздің байымдамасы басқа түрлерінен өзгешелігі – шешен сөзде айтушының мақсаты баяндалып, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру екендігін айтады. «Оны істеу үшін, - дейді А.Байтұрсынұлы, - шешендер жай байымдаушыларша айтқан сөзі адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді. Сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждағат етеді. Сондықтан шешен сөздің «қыздырма» яки «қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі – адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру. А.Байтұрсынұлының шешендік сөзге берген осы анықтамасын әлемдік дәрежеге көтерілген әйгілі шешендердің берген анықтамаларымен салыстырғанда, пікір ортақтығымен үндестікті табуға болады.

Мәселен, көне Грецияның атақты шешені Демосфеннің айтуы бойынша, шешеннің міндеті: 1) түсіндіру; 2) ояту; 3) ләззатқа бөлеу

болса. А.Ф.Кони «Сот және саясат тақырыптарындағы шешендік» деген шығармасында: «Шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет, тума қасиет», - деп жазған.

А.Байтұрсынұлы да өзге ғұламалар тәрізді шешендік сөздің құрылымын белгілеп берді. Ежелгі Рим дүниесіндегі шешендіктің теоретигі Цицерон нені айтуды білу үшін, шешендік сөздің құрылым жағынан үш бөліктен тұратынын білу керек, олар: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды екенін нұсқаса, А. Байтұрсынұлы: «Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: 1.Бастамасы. 2. Ұсынбасы. 3. Мазмұндамасы. 4. Қыздырмасы. 5. Қорытпасы» - дейді. Ұлы ғалым әр бөліктің айтылу мақсатына қарай қажетті атауларды тандап қоя білген.

Ұлттық шешендіктанудың ғылыми негіздерін жасап, негізгі арналарын белгілеп берген А.Байтұрсынұлы шешендік сөздерді шешендіктің тақырыбымен мазмұнына, айтылу орнына қарай бес түрге бөледі: а) шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлегенде – саясат шешен сөзі деп аталады; б) шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау я қаралау мақсатпен сөйлеп сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері – билік шешен сөзі деп аталады; в) біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі – қошемет шешен сөзі деп аталады; г) білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені – білім шешен сөзі деп аталады; ж) дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі – уағыз деп аталады.

Демек, шешендік сөздерді алғаш айтушы жеке адамдар болғанмен оны кейін өндеп жөндеуші сақтаушы халық. Сондықтан оның шын иесі авторы да халық дейміз деген ой айтады. Ал оның шешендік сөздерден құрылысына қатысты бірен-саран өңдеу, жөндеу жасау кез келген кісінің қолынан келе бермейтіні де белгілі. Ол үшін құймақұлақ әрі ұшқыр ойлы болуы қажет. Шындығында М.Әуезов есте қалмаған ескі заманда шыққан Алдар көсе, Жиренше, шешен әңгімелерін, халықтық аңыздарды ғана қалың бұқара туындысы деп бағалаған. Олай болса, тарихи таңба бедері бар шешендік сөздердің жолы басқаша. Олардың белгілі бір би шешенге тән екенін нақтылы тарихи оқиғалар шеңберінде айқындауға болады. Айталық «Алты

Емен дауына дауа» сөзінің тек Бөлтірік шешен атынан айтылуының мәнісі осында. Көп нұсқалы болуын мұраны жеткізушінің шығармашылық құрамы деп түсінген жөн. Сонымен қатар шешендік сөздердің авторлығына қатысты мәселенің бірі – дәстүрлі шешендік сөздердің би шешендердің көпшілігіне қатар телінетіндігі. Өйткені оларды айтушы адам сөзі өтімді болу үшін көнеден қалған сөзді өз елінің беделді би шешендерінің атынан айтқан.

Өйткенмен де, бұл кемшіліктердің сөзге ұйытудың тәсілі екені рас. Алайда дәстүрлі тарихи деректер мен шежірелер, жазба мұрағаттар айғақ болмақ жағдайларда да дәстүрлі шешендік сөздердің алғашқы шығарушысын айқындау қиын. Дей тұрғанмен де ауызша сақталып жеткен дәстүрлі шешендік сөздердің билер сөзі екенін жоққа шығара алмаймыз. Ал дәстүрлі шешендік сөздердің би шешендердің көпшілігіне қатар телінетіндігі ауызша тарағандығымен байланысты екенін дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Сонымен қатар ұлы жазушы М.Әуезов «Билер айтысы» деген еңбегінде бұл жанрлық түрдің толық жиналмағандығы зерттеу ісінде қиындық келтіретінін, сондықтан оны сол кезеңде түгел жіктеп бөліп қоюға болмайтынын айта отырып: «Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана жіктеу және ылғи ішкі мағынасына қарай жасалған жіктеулер болады» - деп ескертеді.

Шындығында М.Әуезовтің алғашқы жіктемелері кейінгі зерттеушілер – Ә.Қоңыратбаев, С.Садырбаев, Б.Исмақова, С.Қасенов еңбектеріне ғылыми негіз болып, одан әрі дамытылды.

Жалпы М.Әуезов тұжырымдарының шешендік сөздері бүгінгі жаңаша таным көкжиегімен бағалауда айтарлықтай мәні бар.

Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша таралған. Қонақта немесе бір мәселені талқылаған жиында көп жасаған кәрі құлақты қариялардың аузынан шыққан жүйрік ойлы жүйелі сөздерді құймақұлақ талапты жастар, өнер қуған қыз-бозбалалар жаттап алып, көпшілік орындарда, той-жиындарда айта жүрген.

Шешен және шешендікке қойылатын талаптар

Шешендік өнерді кез-келген адам игере алмаған. Нағыз шешен болу үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз, табанда ақыл тауып сөйлейтін, топ алдында тайсалмай сөз бастайтын, сөз сайысында

саспайтын батыл, ақылды, сабырлы болуы тиіс. Шешен кісі өз заманының озат ойшылы, оқыған, оқымаса да көкейге тоқыған, білімді, мәдениетті азамат болуы керек. Бізге мәлім Аяз би, Жиренше, Сырым мен Исатай батыр, Махамбет пен Абай «От ауызды орақ тілді» адамдар болған.

Ш. Уәлихановтың айтуынша шешен болу үшін 2 шарт болу керек:

1. Елдің әдет-ғұрпын, заңын жетік білу керек.

2. Шешендік қабілеті, дарындылығы болу керек.

Шешендік сөздер айтыс, дауларда туып дамиды және озат ойшылдармен тілмар шешендер жасаған. Халық сынынан ғасырдың соқпағынан өткен сөз өнері - шыңдалып соғылған әдеби мұра, асыл қазына. Бастауыш сыныпта, балаларға шешендік сөздердің жеңіл түрлерін айту арқылы тапқырлыққа, еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиеленеді. Шешендік сөздер ескі заңдарды талқылау кезінде де көп айтылған.

Мысалы: Қасым салған, қасқа жол,

Есім салған, ескі жол.

Тәуке ханның жеті жарғысы.

Бұлар жөнінде күл төбенің басында, күнде кеңес болған деп айтады. Ол кеңес кезінде билер соңғы шешімді айтатын болған.

Қазақ – ежелден сөзді қадірлеген, аталы сөзге тоқтап, «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтуға талап қойған халық. Небір әйгілі шешендер, дуалы ауыз билер шаршы топта сыбанып шығып жүйелі сөз бастаудың қиын екендігін ескертіп отырған:

Қол бастау қиын емес,

Көк найзалы ерің болса.

Жол бастау қиын емес,

Соңыңа ерген елің болса.

Тауып айтсаң береке қылады,

Таптай айтсаң келеке қылады.

Демек, қазақ қоғамында сөзге талап бәрінен де қатал. Оған «сөз шынына тоқтайды пышақ қынына тоқтайды» - дейтін мақал да дәлел бола алады. Ел арасында шешендікке қатысты Құланаян Құлмамбеттің айтатын «сөзімнің қыл өтпейді арасынан» дейтін сөзі де кең тараған. Сөз жоқ, сөзге талап қою, шешендіктің сапасын арттырып, қадірін күшейткен. Өз тұсында халық әдебиетін зерттеген Х. Досмұхамедұлы да «Шешен қандай болу керек?» деген сауал тастап, оған халық

әдебиетінен мынадай мысал келтірген болатын:

Алқада жауап сөйлесе,
Түюлі сөзден аспаса,
Десте-десте сөз жөнін,
Іретімен сәндесе.
Кемелдігін парықтаса,
Билігін алаш мақтаса,
Төмен жауап айтпаса,
Уәдесін сатпаса.
Қалдырып әділ сөздерін,
Көңілінде шанбаса,
Сабырсыз сөзден қатпаса,
Орнына қойып баршасын,
Бір-біріне шатпаса.
Пікірге кәміл жұрт озған –
Бұ шешеннің іреті...

Қазақ – сөз қадірін, өз қадірім деп білген халық. Кеңдігін де, кемелділігін де, елдігін де, ерлігін де, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, аналығы мен балалығы да өзіндей қадірлеген сөзінде жатыр.

Шешендік сөздің қажеттігі ауызша сөйлеудің аясы кеңіген сайын арта түсуде. Бүгінде шешендік өнердің қолданылатын өрісі кеңіді, ол қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінің барлық саласында, идеологиялық-тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-ағартудың, заң мен ғылымның, ел басқару істерінің ең бір пәрменді құралына айналды. Жиналыс, мәжіліс, құрылтайларда, пікірсайыс жиындарда, семинар, симпозиумдарда шешендік сөз өте-мөте қажет. Бұларда қолданылатын шешендік сөз – тек әдемі сөйлеудің үлгісі емес, жоғарыда аталған үш талапқа сай сөз амалы. Бұрынғы би-шешендер үлгілері мен қазіргі шешендердің сөздерін жақындастыратын факторлар бар. Олар:

- Сөздің көркем, әрі әсерлі болуы;
- Көркемдеу тәсілдердің ортақтығы;
- Олардың әлеуметтік мүддені қорғауы;
- Тыңдаушыға психологиялық әсер туғызатын, т.б.

Сонымен, шешендік дегеніміз белгілі бір уақиға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылық қабылдап, елге тараған белгілі, үлгілі ойлар, тұжырымдар. Дәстүрлі шешендік сөздер – белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен

айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. Онда халықтың бастан кешкен уақиғалары, ақыл-ойы, арман-тілегі бейнеленеді, дүниеге көзқарасы көрінеді. Сонымен бірге шешендік тапқырлық сөздер белгілі дәрежеде жеке адамның өздерін қанаушыларға езушілерге қарсы жұмсайтын қаруы, құралы болған. Шешендік сөздер ақындық, сөздер (өлең-жырлар) мен көркем қара сөздердің (тегі, әңгімелердің) алғашқы бөліне бастауын көрсететін аралық жанр сияқты. Өйткені шешендік сөзде әңгіменің де, жырдың да белгісі бар. Алайда, қара сөз бен өлең сөздің бөлінуімен шешендік сөз өткінші өнер ретінде жойылып кетпеген, қайта өз алдына дамып, дербес жанр болып қалыптасқан. Шешендік сөздердің сөйлем құрылысы мен сөздік құрамы, мазмұны, тұлғасы қазіргі әдеби тілімізден аса алшақ емес. Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің басқа салаларымен қосыла қолданып жүрген сөздігіміздің негізгі қоры мен ұйытқысы есепті. Демек, шешендік сөздерді зерттеп-талдау ана тіліміздің сөздік қорын байытады, әдеби тілімізді дамытып, кеңейтеді; сөйлеу, жазу мәдениетімізді көтеруге пайдасы тиеді.

Шешендік – ұлы күш. Оны игеру, оған ие болу оңай іс емес. Сондықтан да шешендерге артылар жауапкершілік пен қойылатын талап та үлкен. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» шешенге мынадай анықтама берілген:

1.Тілмар, тапқыр

2.Ресми жиындарда шығып сөйлеуші адам (оратор)

Шешен сөзге шебер, ойға жүйрік, тіл мәдениетін жан-жақты игерген адам болуы керек. Ал тіл мәдениеті өз ойын дұрыс, анық және мәнерлі сөзбен жеткізе білу іскерлігін меңгеру болып табылады. Сөздің дұрыстығы онда қазіргі әдеби тіл нормаларын қаншалықты сақталуымен байланысты. Оған сөздері анық етіп, дыбыс үндестігі заңдылықтарын сақтап айту нормалары да (фонетикалық), ойды білдіруге қажетті сөздерді мағыналық сипатына қарай талғап ала білу де (лексикалық), сөздерді бір-бірімен логикалық жағынан дұрыс тіркестіріп, ойды білдіру құралы ретінде орынды пайдалану да (синтаксистік), тілдік жағдаятқа сай орынды сөйлеу де (стилдік) кіреді. Осы мәселелер ескерілгенде ғана ойды ешқандай артық сөзсіз, қысқа да дәл беруге, әрбір адамға түсінікті етіп жеткізуге болады. Оған қоса шешендікте айшықтардың мол болуы мен сезімге бай, этикетті оралымдардың қамтылуы сөздің әсерін арттыра түседі.

Бұның барлығы шешеннің, ең *біріншіден*, сөз табиғатын терең түсіне білер тілдік қабілетінің мол болуын талап етеді.

Екіншіден, шешенге қажет қасиет – білімділік. Үнемі ізденіп, өз білімін жан-жақты толықтырып отыратын адамның ойы да бай болады. Ал сөз – сол ойдың көрінісі. Ойы жоқ адамнан орамды сөз шығуы мүмкін емес. Ғұламалардың «Құнды сөз құнарлы ойдан туады» деуінің сыры осында болса керек.

Үшіншіден, шешенге қойылатын талап – шыншылдық. Шын ойға құрылған пікір ғана тыңдаушыға жағымды әсер етіп, ойына қозғау салады. Ал, қандай өрлеп, өңдеп, әсемдеп айтылса да өтірік нәрсе тыңдаушыны тартпайды.

Төртіншіден, сөйлейтін мәселесін анық білу де шешенге қойылар талаптың бірі болып саналады. Өзі білмейтін нәрсе туралы айтып, басқаларды сөзіне ұйыту мүмкін. Бірақ, ондай «шешен» ұзаққа бармай, әшкере болады.

Бесіншіден, жинақылық –шешенге қойылар негізгі талаптың бірі. Мұнда тек сөйленер сөздің ғана емес, сөйлеушінің сыртқы түріне де қатысты мәселелер қамтылады. Көпшілік алдына шығатын адамның киім киісі, жинақылығы, өзін ұстауы, бет-жүз, қол, дене қимылдарының сөз мазмұнымен үйлесімді болуы да шешен сөзінің әсерлігіне ықпал ететін басты белгілер.

Алтыншыдан, шешенге қажет қасиет – аңғарымпаздық. Өз сөзінің тыңдаушыға әсерін бақылай білу – жағдаятқа қарай шұғыл, сәтті шешім жасаудың басты кепілі. Бұл қабілет шешеннің адам психологиясын тануына, олармен мәдениетті, сыпайы қарым-қатынас жасай білуіне негіз болады. Қысқасы, шешен адамның бойында осындай сипаттармен қатар адамгершілік қасиеттердің мол болуы – тұлға ретінде даралануының, қоғамдық ортада айрықша мәртебеге ие болуының мәнді кепілі.

III. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

1. Ырым-тыйым сөздер

2. Мақал-мәтелдер. Нақыл сөздер.

Ырым-тыйым сөздер

Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі – *ырым-тыйым сөздер*. Бұл сөздер есі кірген балаларды арам пиғыл, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Тізені құшақтау – жалғыз қалудың, қолды төбеге қою – ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің, асты төгу – ысыраптың белгісі деп танылған және ондай ерсі істерге қатаң тыйым салынған. Мұндай тыйым сөздер ел ішінде өте көп. «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» деген мақал осыған байланысты шыққан. «Бүйірін таяну – қайғының, жағын таяну – мұң-шердің, жүресінен отыру – әдепсіздіктің белгісі» деп танып, оған тыйым салған. Демек, ырым-тыйым – халықтық педагогиканың құрамдас бөлігі.

Ырым сөздер – алда болуы мүмкін істерге белгілі бір нанымдар салдарынан адамдардың санасында қалыптасып қалған психологиялық-эмоциялық сезім күйлерін, иланымдарын білдіретін сөздер.

Тыйым сөздер – белгілі бір іс-әрекеттерді тыю мақсатында ырымдармен байланыстыра айтылатын сөздер.

Дәстүрін дәріптеп, салтын сақтаған халқымыз *ырым* арқылы тәрбие берген. Наным-сенімді серік еткен бабабаларымыз жаман әдеттер мен жат қылықтардан жас ұрпақты қорғаудың құралы ретінде түрлі ырымдарды қалыптастырды. Қазіргі кезде *ырымдардың* тәнді таза ұстауға, ауру-сырқаттың алдын алуға, рухани болмысты қалыптасуға байланысты пайдалы жақтары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп те келеді.

Мысалы:

Қыз баланың бір тал түскен шашын кез келген жерге тастамайды, құс іліп кетсе, бас ауруына шалдығады.

Қалы үлкейіп кетпесін деп, қалымен туған балаға «Қалдыгүл, Қалдыбай» деп ат қояды.

Әйел итке тас лақтырса – үйдің ырысы кетеді, әйелдің бағы қайтады. Қазақ баланы санамайды және санын айтпайды.

Қыз балаға шашы өссін деп желке жегізеді.

Қонақ қызды үй иесі төрге шығарса, сол үйге құт келеді деп ырымдаған.

Қыз бала дауысын қатты шығарып күлмейді.

Қыз бала түнде шашын жаймайды.

Баланың аңшылықтағы алғашқы олжасын несібесі кетеді, аңшылықта жолы болмайды деп ешкімге байлатпайды.

Жас келіншек аяғы ауыр кезінде түйе етін жемейді. Себебі, баласын түйе сияқты көп уақыт көтеріп, мезгілінде тумайды деген ырым бар.

Әйел босанар кезде үйдегі сандықты босатып қояды, сонда әйел тез босанады деп ырымдаған.

Сәби анасының төсін ұстап отырып емсе – сараң болады, еркін емсе – жомарт болады дейді.

Сәби шалқасынан алаңсыз ұйықтаса – елгі белгілі азамат болып өседі, бүк түсіп ұйықтаса – уайымшыл, жігерсіз болып шығады, етпетінен жатып ұйықтаса – ойшыл болады. Егер аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса – болашақта батыр болады, бұл – кеменгерліктің белгісі.

Шөбересінің алақанынан су құйып ішкен қарт жұмаққа барады.

Бесіктің бас жағына пышақ, қайрақ, қамшы қояды немесе үкінің тұяғын, кірпінің терісін, жыланның бас сүйегін тағады. Мұндайда шайтан, жылан, жәндік, тышқан келмейді деп жорыған.

Балаға асық етін мүжітпейді. «Алты жыл аш болсаң да асық етін мүжіме» деген сөз бар.

Тілдің ұшын жесе – сүйреңдеп сөйлей беретін болады деп ырымдаған.

Нәрестенің иткөйлегін далаға тастамайды. Олай жасаса, сәбиге сырқат жұғады. Сәбидің бақыты иткөйлегін кигеннен басталады.

Сыңар аяқ киім киген баланың әйелі ұры болады.

Киімнің түймесін айкастырып салса, қуанышты хабар келеді.

Ілулі тұрған киімнің түймесін салмайды.

Аяқ киімді оң аяқтан бастап киеді, сол аяқтан шешеді.

Қонаққа келген сәбиге көгендік береді немесе киім алып береді.

Шалбарды отырып, оң аяқтан киеді, сол аяқтан шешеді.

Киім сатып алғанға: «Киімің күйрек, жаның берік болсын!» деген тілек айтады.

Аяқкиімді төңкеріп қоюға, теріс киюге болмайды. Олай жасаса,

адамның жолы болмайды. Қазақ аяқкиімнің табанына қарамайды. Оның баспайтын жері жоқ. Сондықтан да былғаныштан көз ұшынады.

Жорықта, алыс сапарда басқа жастанатын еш нәрсе болмаса, етігін жастанған. Халық нанымında: «Етік жолға бастайды, шалбар (жастансаң) сорға бастайды», Ұлтаракты етікке салмай тұрып, алдыңғы, жол бағытына қараған басын тіліп, «жолын ашу» ырымын жасайды.

Екіқабат әйел «ұл табамын» десе, еркектің қару-жарағын, шалбарын ырымдан басына жастанып жатады. Қыз тапқысы келсе — қызыл ала шыт, әйелдің көйлегін, жүзік, сырға, алқа тәрізді әшекейлерді жастанған.

Шалбар мен етікті тұрып киюге болмайды. Соғыс кезінде ғана солай жасауға болады.

Баскиімді кез келген жерге тастамайды, аяққа баспайды, астыға басып отырмайды, аяққа кимейді. Олай жасаса, бастан бақ таяды, бас ауруына тап болады.

Ер адам әйелдің киімін кимейді, жаулығын басына салмайды. Олай жасаса, еркектігінен айрылады.

Баскиімді айырбастамайды. Олай жасаса, басындағы бағы кетеді. Бас киімін сатуға да болмайды. Бөтен адамға баскиімін бермейді. Олай жасаса, адам басы кемиді. Баскиімін сыйлауға да болмайды.

Жастарды жағымсыз әрекет пен жаман қылықтан сақтандыру үшін айтылатын *тыйым сөздері* ел ішінде өте көп.

Мысалы:

Дастарханды, тамақты баспа.

Кісі мініне күлме, кемтарға күлме.

Малды, ыдысты, тамақты теппе.

Суды сапырма, суға дәретке отырма, суға түкірме.

Көкті жұлма, шашынды жұлма.

Үй айнала жүгірме.

Босағаны керме, құшақтама.

Табалдырықты баспа, отырма.

Үйді сабама, малды басқа сабама.

Бейіт тұсынан шауып өтпе, жүгіріп өтпе.

Бейітке қолынды шошайтпа, оған қарап түзге отырма.

Итке ожаумен ас құйма.

Түнде үй сыпырма, түнда тырнағынды алма.

Үлкендердің жолын кеспе, сөзін бөлме.
Бүйіріңді таянба, жер таянба, иегіңді таянба.
Шашыңды жайма.
Бетіңді баспа.
Тізеңді құшақтама.
Өтірік жылама.
Жұлдызды, адамды санама.
Сыпырғышты тік қойма.
Қолыңды қусырма.
Адамға пышақ, мылтық кезенбе.
Бос бесікті тербетпе.
Құранды, тамақты баспа.
Жақын адамға пышақ сыйлама.
Тұзды, күлді баспа.
Отпен ойнама, оттан аттама, отқа түкірме.
Нанды жерге тастама, үстіне басқа затты қойма.
Бейуақытта жылама, ұйықтама.
Бейуақытта кісіге көңіл айтпа.
Бөркіңді теріс киме.
Үйде ысқырма.
Үйге жүгіріп кірме.
Мойныға белбеу жіп салма.
Айды қолыңмен көрсетпе.
Құдыққа түкірме, ыдысқа түкірме, жоғары қарай түкірме.
Шелектегі суға аузыңды батырма.
Ақты төкпе.
Адамды айналма.
Адамға қарап түкірме, есінеме.
Жалғыз ағашты кеспе.
Пышақтың жүзін жалама.
Пышақты шалқасынан қойма.
Тандайыңды қақпа, басыңды шайқама.
Қызды ұрма. Кісіге, молаға саусағыңды шошайтпа.
Орынсыз күлме.
Кісі айыбын бетіне баспа.
Көп сөйлеме.
Адамға, малға зәбір жасама.
Балаңа басқа ұрма.

Ата-анаңа қарсы келме.
Түнде суға барма.
Бетіңді сызба.
Нанды бір қолыңмен үзбе.
Асты үрleme, асты жамандама.
Тамақты сораптап ішпе.
Қолыңды төбеңе, желкеңе қойма.
Өтірік күлме, өтірік сөйлеме, өтірік жылама.
Ішегіңді тартпа, табаныңды тартпа.
Қыз ұлдың, ұл қыздың киімін кимесін.
Дініңді сатпа, ұлтыңды сатпа, арыңды сатпа.
Құдайға, пайғамбарға, әулиеге тіліңді тигізбе.
Қабірді баспа.
Аманатқа қиянат жасама.
Ант ішпе, әбес сөйлеме.
Өтірік куәлік жасама.
Намазды бұзба.
Құстың ұясын бұзба.
Құмырсқаның ұясын баспа.
Ұрлық қылма, зорлық қылма.
Тіліңді шайнама, тіліңді тістеме, шығарма.
Саусағыңды аузыңа салма.
Кісі үйінде түрегеп тұрма.
Түрегеп тұрып немесе жатып тамақ ішпе.
Саусағыңды кеземе. Аяғыңды тұсама, қолыңды байлама.
Көп ішінде қатты сөйлеме, қатты күлме.
Желге қарсы түкірме, желге қарсы дәрет сындырма.
Үлкеннен бұрын сөйлеме.
Үлкеннен бұрын тамақ жеме.
Үлкеннен бұрын отырма, жатпа.
Үлкеннің бетінен алма.
Шақырмаған жерге барма.
Рұқсатсыз үйге кірме.
Жұрт көзінше кекірме, қасынба.
Жұрт алдында құлағыңды қасыма, мұрныңды шұқыма.
Жерді сабама, жерді тепкілеме.
Баланы шошытпа.
Атқа теріс отырма.

Қайықты тербелтпе.
Әдепсіз сөзді айтпа, өтірік айтпа.
Мақтаншақ болма, тәкәппар болма.
Әйелге күш көрсетпе. Малды боқтама.
Асты қорлама.
Жәндікті жәбірлеме.
Үгілеме.
Маңдайыңды, басыңды ұрма.
Отты, ошақты аттама.
Дастарханды, ыдысты, тамақты аттама.
Жаман әдетті үйренбе.
Жаманат шақырма.
Жаман ырым жасама.
Етбетіңнен жатпа.
Ерсі қимыл жасама.
Шашыңды, тырнағыңды өсірме.
Кісі төсегіне отырма.
Теріс қарап отырма, жүреңнен отырма.
Сол қолмен тамақ ішпе.
Шалбарды басыңа жастама.
Қолыңды артыңа ұстама.
Түнде мал санама.
Түнде күл шығарма.
Таңертеңгі асты тастама.
Көзіңді жыпылықтатпа.
Қолыңды кеудеңе қойма.
Ерніңді шығарма.
Орындықта аяғыңды айқастырып отырма.
Бала бетіне үрлеме.
Тырнағыңды тістеме.

Мақал-мәтелдер

Мақал-мәтелдер – талай замандар бойы қалыптасып ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі.

Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ой, даналығы мен тапқырлығын көреміз. *Мақал мен мәтел* – келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі, халық тапқырлығымен айтқанда, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». *Мақал-мәтелдер* әрі ықшам, әрі көркем түрде жасалып, терең ой, кең мазмұнды қамтиды.

Мақалдарда ой тұжырымдалып, даналық қорытынды, түйінді пікір түрінде айтылады. Мысалдар: *Кең болсаң, кем болмайсың. Әзіл айтсаң да, әділ айт. Бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жоқтығы. Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді.*

Мәтелдерде ой-пікір мақалдағыдай, тікелей кесіп айту түрінде емес, жанамалап нұсқай салу (ишара) түрінде айтылады. Мысалдар: *Айдағаның екі-ақ ешкі, ысқырығың жер жарады. Баяғы жартас – бір жартас. Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма. Ит ашуын тырнадан алады.*

Мақал-мәтелдердің ішінде тура мағынасында ұғынылатыны да, астарлы, келтірінді мағынасында ұғынылатыны да бар. Мысалы, *Олақтан салақ жаман; жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме* деген мақалдарды тікелей, тура мағынасында ұғынамыз. Ал *Болат пышақ қын түбінде жатпайды; Қалауын тапса, қар жанар* – деген мақалдарды келтірінді мағынасында қабылдап түсінеміз. Мұның алдыңғысы "асыл нәрсе қашан да жарық көреді, ол үнемі жасырын күйінде қалмайды, қалай да бір жарқ етіп шығады" дегенді, ал соңғысы «ретін тапса, қолдан келмейтін іс болмайды» дегенді білдіреді.

Мақал-мәтелдердің көпшілігі образды, бейнелі түрде келіп, астарлы, ауыспалы мағынасында ұғынылады. Мысалы: *Темірді қызға кезде соқ. Қолы қимылдағанның аузы қимылдар. Шабан үйрек бұрын ұшар. Сырын білмес аттың сыртынан жүрме.*

Мақал-мәтелдер:

Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ.

Жет қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады.

Ерді намыс өлтірер,
Қоянды қамыс өлтірер.

Күш атасын танымас.

Ер қанаты – ат.

Ер қартайса, қазаншы болады,
Бүркіт қартайса, тышқаншы болады.

Ылдисыз өр болмайды,
Табыссыз ер болмайды.

Оқ жетпес жерге қылыш суырма.

Бөрі азығы мен ер азығы жолында.

Айлалы батыр алдырмас.

Ерлік білекте емес, жүректе.

Ерегісте ер өлер,
Екі батыр егессе,
Екеуінің бірі өлер.

Бас жарылса, бөрік ішінде,
Қол сынса, жең ішінде.

Бөріктің намысы бір.

Сойылды соға білмеген, өзіне тигізеді.

Нақыл сөздер

Нақыл сөздер (афоризмдер) – күрделі мәселелерді терең ете дәл жеткізетін ой өрісі кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол – көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы данышпан ақылдың сүзгісінен, ой көзі айқын керінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші – алтын, сырты

– күміс сөз төресі. Нақыл сөздер үлгісі қазақ әдебиетінде ерте кезде-ақ ауызекі тіл өнерге, енегеге айналған шақтан бері қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырды. Әдетте, бұл нақыл сөздер ел аузында белгілі кісілердің атымен бірге жүрді, ал авторы ұмытылған сөздердің өзі де тарихи кісілердің атын жамылып отырды. Бұлай сақталу нақыл сөздердің бірден-бір өзіндік ерекшелігі болып табылады. Жазба әдебиетімізде нақыл сөздердің бай негізін өзінің дидактикалық шығармалары арқылы Абай Құнанбайұлы жасады. Шын мәнінде, ойшыл Абайдың нақыл сөздері көздейсоқ бір құбылыстар емес, заңды, тарихи қажеттіліктер негізінде туған тұтас дүние. Дидактикалық поэзияны шығыс әдебиеті ертеден бастаған. Бұл Таяу Шығыстың Ұлы ойшыл ақындары Фирдаусидың, Низамидың, Сағдидың, Науаидың, Жәмидің шығармаларында туды. Тіпті ислам үгітшілерінің (зәруіштердің) нақыл сөздерге құрылған шығармалары да Шығыста елдерінде кең келемде тарағанды. Олардың діни білімі де, заң, құқық негіздеріндегі кітаптары да өсиет, үгіт сарынында, шешен тіл тапқан поэзия үлгісінде жазылды. Қазақ әдебиетіне келсек, оның жазба әдебиеті басталған XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы мәдениетінің өрістеп дамуы өзіне әдебиеттің қызмет етуінде дидактикалық үлгісін біршама керек еткен көзенде туды. Сол тұста әдебиетке қоғамдық сипат беріп, сол арқылы күреске түскен Ыбырай Алтынсаринның да, Абай Құнанбаевтың да шығармаларында бұл заңдылық көрінбей қалған жоқ. Алтынсаринның әдебиеттік еңбектері өзінің педагогтығымен бір сипатта дидактика үлгісіне құрылды. Әдебиетте өз тұтастарынан бір дәуір ілгері кеткен Абай қазақ топырағында шын мәніндегі нағыз керкем поэзияны жасай отырып, бұл заңды талапқа кең бұрылыс жасады. Сол бір көздегі қазақ халқының өміріне еншілес болған қараңғылық пен надандық ақын қаламын поэзияның үлгілі нұсқаларын жасау жолынан әр көз қақпайлап, ондай дүниелікке дәйімі даяр күйіндегі аудитория, оқушы бола алмайтынын танытып отырды. Данышпан ақын осы бір тарихи шындықтың шегінен асып кете алмады. Басқа емес, дәл осы тарихи шындық Ұлы ақынды поэзияның өзық үлгілерін жасауға үнемі бой ұрғыза отырып, заманның өресі жеткен әдеби үлгіні қару етіп, тар өрістіліктің негізгі тамыры – надандыққа соққы беруге бастау болды. Мәдениетте, ой-санада, жалпы қоғамда артта қалған халықтың ұзақ ғасырлық самарқаулықпен керітартқан, өмірдің басқа да жақтары, жолдары бар

деп білмеген түсінігіне қозғау салу үшін, құлақ түбінен дауыстап, таза ақыл күйінде үгітші, насихатшы, өнеге үйретуші болуға бой ұрғызды. Осы тұрғыда Абайдың нақыл сөздер ақынның арман еткен білім-тәрбие, еңбек, бірлік, адамгершілік сынды сан алуан тақырыптардағы өлмес пікірлерінің бұзылмас пішіні мен айнымас мазмұн тапқан үлгілері. Абай нақыл сөздерінің тақырыбы – оның тұтас шығармасына тән дүниелер. Олар ақынның өз шығармасында берген асыл ойларының, пікір түйіндерінің сығынды нәрлерінен құралған. Ақын шығармаларындағы нақыл сөздерді: өнер-білім, тәрбие, еңбек туралы; достық, адамгершілік, сүйіспеншілік туралы; адам мінездері туралы; философиялық; өнер туралы деп жіктеп, топтастыруға болады.

Абай Құнанбайұлының нақыл сөздері:

1. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты – ақыл...
2. Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.
3. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек.
4. Адамзатқа не керек: Сүймек, сезбек, кейімек. Харкет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек.
5. Атымды адам қойған соң, Қайтып надан болайын.
6. Бес нәрсеге асық бол...
Талап еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнесеңіз.
7. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.
8. Жас уақытта көңіл – гүл.
9. Жастықтың аты арындап,
Тас қияға өрледің.
10. Жастықтың оты жалындап,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындап,
Әр қиянға салған шақ.
11. Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.

12. Жастықта бір күлгенің мың қаралық.
13. Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат.
14. Егер ісім өнсін десең - ретін тап.
15. Еңбек – қуаныш, жалқаулық – арылмас азап.
16. Еңбексіз мал дәметкен - қайыршылық.
17. Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,
Аздырар адам баласын.
18. Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені.
19. Сақалын сатқан кәріден,
Еңбегін сатқан бала артық.
20. Орынды іске жүріп ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал таппаған.
Қасиетті болмайды, ондай жігіт,
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.

Қорқыт атаның нақыл сөздері:

Қыз ақылды ескермес – ана үлгісін көрмесе,
Ұл жарлықап ас бермес – әке үлгісін көрмесе.

Адам өмірі – қамшының сабындай ғана қысқа екен,
Досы көп болып, ұрпақ тәрбилеген ұтады екен.

Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті.

Өлгендер қайтып келмейді,
Шыққан жан қайтып енбейді.

Қанша қалың жауғанмен,
Қар көктемде қалмайды.

Гүл жайнаған қалың да,
Қара күзге қалмайды.

Құстың қонар жерін су білер,
Малдың барар жерін ну білер.

Топырақ тау болмайды.
Ескі киімнің биті ащы,
Жетім баланың тілі ащы.

Көк шүйгінін киік білер.

Бас аман болса бөрік табылады.

Дәулетті ұл – ошақтың қоры,
Дәулетсіз ұл – атаның соры.

Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса,
Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса.

Қанша байлық жисаң да – бұйырғаннан артық жей алмайсың.

Тебегеннің таңын сүзеген айырады.

Ат жемейтін ащы шөптің шыққанынан шықпағаны игі,
Адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі,
Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың – туғанынан
тумағаны игі.

Сауыттың қасиеті – қылышпен ұрғанда,
Аттың қасиеті – жаудан алып шыққанда көрінер.

Көп қорқытады, терең батырады.

Ұл ақылды хош көрмес – ата үлгісін көрмесе,
Қыз жарытып ас бермес – ана үлгісін көрмесе.

Түбі жат бала туғандай болмас: ішер, жер, киер де кетер, бірақ
«көрдім» демес.

Тәкәппарлықты тәңірі де сүймес.

Қара есектің басына жүген таққанмен-тұлпар болмас.

Күнге сары пәй шапан жапқанмен-бәйбіше болмас.

Анадан өнеге көрмеген қыз жаман.

Атадан өнеге алмаған ұл жаман.

Ата даңқын шығарып,өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.

Өтірік сөз – өрге баспайды.

IV. ҰЛТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

1. Қазақ ұлттық шешендік өнерінің ерекшеліктері
2. Қазақ тарихындағы белгілі шешендер мен билер

Қазақ ұлттық шешендік өнерінің ерекшеліктері

Қазақтың шешендік өнері – ұлттық ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде халық дүниетанымын көрсететін ерекше жанр. Ал әлеуметтік тұрғыдан алғанда, шешендік дәстүр – белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалайда бір болған оқиғаға байланысты туып, қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын үлгілік ойлар, мұраттар, тұжырымдар үрдісі.

Қазақ халқының осы ойға ұшқыр, сөзге тапқыр қасиеті мен кейбір шешендеріне шығыстанушы ғалымдар, орыс саяхатшалары, әсіресе ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушылар (В.В.Радлов, Н.Г.Потанин, М.Ф.Шлиоранский, А.Янушкевич т.б.) көп көңіл бөлген. Қазақ оқымыстылары (Ш.Уәлиханов, М.Көпеев т.б.) қазақтың халық ауыз әдебиетін, оның ішінде, шешендік, тапқырлық, мақал, мәтел, жұмбақ, нақыл сөздерін алғаш жинап, бастырушылар болды. Ыбырай Алтынсарин «Қырғыз хрестоматиясына» шешендік сөздерді (Жәнібек, Жиренше шешен т.б.) молынан енгізген. Бертін келе «Қазақ», «Айқап», «Дала», «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» газеттерінде бірнеше мақалалар (Ш.Құдайбердиев - "Би һәм билік туралы", Ә.Бөкейханов "Би һәм билік", "Тағы да би һәм билік" т.б.) жарық көрді. Х.Досмұхамедовтың айтуынша, "Халық әдебиетін тыңдаушы және сақтаушы қазақ халқының өзі болғанымен, халық шығармашылығын жарқыратын көрсетушілер - өлеңшілер, халықтың суырыпсалма ақындары және халық билері. Қалың бұқара арасынан шыққан шешендер - халық қазынасының мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар. Билік сөздерді алғаш арнайы жинап, зерттеп, жүйелеп, тұңғыш жариялаған ұлы ағартушы Ш.Уалиханов болды. Ш.Уалиханов: "Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін оған коса

шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған", - дей отырып, "Сот реформасы жайындағы жазбалар" деген еңбегінде, шешендікті шешендік өнер тұрғысынан емес, би-билік, соттық, құқықтық (судебная риторика) тұрғысынан қарастырған. Шоқан мен Абайдың ойларынша билерге әдет заңдарын білумен қатар, *шешендік өнер* басты маңызды міндеттердің бірі болған.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде: «Шешендік сөз – қазақ ауыз әдебиетінің жанры, ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз. Нақышты нақыл сөздің басқа түрлерінен айырмасы – көбіне дауласу үстінде, билік шешім айтылған кезде, немесе екі кісі тілдесіп, сөз қағысқан өткір жауап, қағытпа сөз [реплика]», - деген анықтама берілген.

Шешендік сөздер – атадан балаға мирас болып, ұрпақтан ұрпаққа екшеліп, іріктеліп, сұрыпталып жетіп отырған асыл қазына. Олар қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең шымыр логикаға, жедел қайырымға, дәлелді, дәйекті дерекке құрылады. Сол себепті шешендік сөз тыңдаушының көкейіне қонып, баурап алады. Қазақ халқы мұндайда әспеттеп, әсірелеген «Сөз құдіреті» деп атаған.

Кезінде, қазақтың ұлттық шешендік өнерін жан-жақты зерттеген ғалым Б.Адамбаев шешендік сөздер жөнінде мынадай құнды пікір білдірген: «Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер, ақындық айтыс секілді, қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін негізгі жанрларының бірі. ...Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, қағазда емес, ауызда – халық жадында сақталған. Сондықтан олар сол – бастапқы қалпында емес, бізге ұзын-ырғасы, үзік-жұрнағы ғана жеткен, олардың өзі де ауыздан-ауызға көшіп, ауыса жүріп, өңдеу-жөндеулерге көп ұшыраған; сан ұрпақтың, талай таптың санасынан, екшеп-елеуінен өткен; сөйтіп, қысқарған, ұстарған, жалпы халық шығармасына айналған».

Алайда, халық ауыз әдебиетін зерттеушілер арасында шешендік сөздердің ауқымына мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылпаштарды да жатқызу үрдісі ертеден қалыптасқан. Әрине, Б.Адамбаев мақал-мәтелдерді тікелей шешендік сөздердің құрамында қарастырмаса да, шешендік, тапқырлық арқылы айтылатын сөздер қатарына жатқызады. Ал, бұл

жөнінде ғалым Ә.Қоңыратбаевтың пікірі төмендегідей болып келеді: «Қазақ фольклорында жасалып, сөйлеу тілінде көбірек қолданылатын мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш түінде айтылатын ғибратқа толы нақыл үлгілерін шешендік сөздер деп атаймыз. Мұндай сөздер образдап ойлау мен логикалық ойға бірдей ортақ тілдің күрделенген фразалық материалы болып саналады. Оған, «аузымен орақ орып, айдарынан жел есіп» деген идиомалық фразаларды, қанатты сөздерді қосар болсақ, Бұл үлгілердің тіл мен ойдың аса биік дамығандығын көрсететін өзінше бір сала екендігін байқаймыз. Ал афоризмдер сөйлеу тілі мен жазу тілінде қатар кездеседі. Шешендік сөздер заңдылық, нақылдық философиялық, сатиралық болып жіктеледі». Мұнда шешендік сөздер қатарына жұмбақтар мен жаңылтпаштар да жатқызылып, шешендік сөздерге жалпылама анықтама берілген. Жанрлық түрлерге жіктеуде де жоғарыдағы ғалымдар пікірімен сәйкес келмейтін тұстары бар. Әрине, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды тұтастай алып шешендік сөздердің құрамына енгізу қате көзқарас болса керек. Өйткені, ауыз әдебиетінің аталған жанрлары ежелден жеке-дара жанр ретінде айқындалып, тұрақталған.

Міне, осы айтылғандарды тұжырымдай келгенде, шешендік сөздер дегеніміз – қазақ ауыз әдебиетінің дербес жанры, қысқа, нұсқа, бейнелі, әрі дерекке негізделген дәл де түйінді, ұтымды, ұтқыр сөздер жиынтығы.

Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің барлық жанрында, сонымен қатар қазіргі жазба әдебиетіміздің жанрларының құрамында да түйдек ой, түйінді тұжырым түрінде қолданыла береді. Алайда, мұндай қолданылу ерекшелігіне қарап, шешендік сөздер қолданылған жанрды тұтастай шешендік сөздер тобына жатқызуға болмайды.

Қазақ қоғамында бітіспес жаулық пен бітпес дау, берекесіз шудың кесімі сөзбен шешіліп, тиянақ тауып отырған. Ендеше, шешендік – қазақ қоғамының бейбіт тынысының тамыршысы іспетті десек қателеспейміз. Ол жөнінде ұлы ғалым А.Байтұрсынов: «Әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді» - деп баға берген болатын. Сөзді қадірлеген халық – қазақтай-ақ болсын. Келесі бір тоқталатын мәселе – шешендік сөз және шешендік өнер ұғымдарының аражігі мәселесі. Жоғарыда шешендік сөздерге кеңінен тоқталдық. Ал, шешендік өнер ұғымы толыққанды ашылған жоқ. Олай болса, осы мәселеге назар аударып көрейік.

Қазақ ұғымында өнердің түрі көп. Жігіттің өнерлісін «Сегіз

қырлы, бір сырлы» деп мақтайтын, тіптен, «жігітке жетпіс өнер де аз» деп есептейтін халық үшін – өнер ауқымы оның мәні мен мағынасы кең. Ақындық, жыршылық, жыраулық, айтыскерлік т.б. Сол сияқты шешендік сөздерді терең меңгерген, сөзімен көпті тоқтататын адамды «шешендік өнер» иесі деп атайды. Сөз жоқ, осыдан келіп, шешендік өнер үш жақты байланыста қалыптасатындығын пайымдаймыз. Олар – *шешен сөйлеуші, шешендік сөз, және тыңдаушы*. Осы үш жақты бірлік тұтастық тапқанда ғана өз мәніндегі шешендік өнер қалыптасады.

Ұлттық ұғымымыздағы шешендік өнердің қалыптасуы, би-шешен атанудың басты шарттары жөнінде, сонау, XIX ғасыдың өзінде-ақ ұлы ғалым Ш.Уәлиханов былайша толғанған болатын: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес; тек салт-ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне тәлім болып отырған. Сонымен, бұл би деген атақ келіп билік айтуға және төрелік сөз сөйлеуге патент сияқты нәрсеге айналған». Осындай ауыр сыннан сүрінбей өткен адам ғана кәсіби шешендік өнерді меңгерген өнер иесіне айналған. Қазақ шешендік сөздері құрылымына қарай қара сөз және өлең түрінде айтылуына байланысты, пернелі және термелі болып келеді. Шешендік сөздің ел жадында ұзақ уақыт сақталып, өзгермей айтылып келетіні де - өлең түріндегі термелі шешендік сөздер болып табылады. Шешендік сөздердің өнер дәрежесінде танылуының да өзіндік заңдылықтары бар. Жүйесіз айтылған, бәтуасыз толғамдар ел есінде ұзақ сақталмайды. Есте қалар елеулі оқиғалар ғана шешендік сөздердің айшықты нысанына айналып отырған.

Шешендік сөздер бастауы халықтың тілі шыққан күннен басталады, демек ол өз басынан талай-талай тарихтың дауылды сәттерін кешірген. Оған дәлел ретінде көне жазба ескерткіштеріміздегі шешендік сөздеріміз бен тарихтан белгілі ақын, жырау, шешен-билердің қуатты сөздеріне ден қойсақ, шешендік сөздердің халқымыздың баға жетпес рухани байлығы екендігіне көз жеткіземіз. Дүниеде өзгермейтін бір орнында тұратын, мәңгілік ешнәрсе жоқ. Олай болса, қазақ шешендік сөздері де сан ғасырлық дамуында өзіндік

мазмұны мен пішінін тауып, үнемі жетіліп, сұрыпталып отырды. Көнеден жалғасқан шешендіктің дәстүрлі мектебін қалыптастыруы дәстүрлі шешендік сөздерді өмірге әкелді.

Дәстүрлі шешендік сөздер дегеніміз - белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. Онда да халықтың басынан кешірген уақиғалары, ақыл-ойы, арман-тілегі бейнеленеді, өмірлік дүниетанымы, көзқарасы таңбаланады. Осы тұста шешендік сөздердің жанрлық шығу тегі жөніндеде бір-екі ауыз сөз айтқан дұрыс. Ғалым Б.Адамбаев: «Шешендік сөздер ақындық сөздер (өлең-жырлар) мен көркем қара сөздердің (ертегі, әңгімелер) алғашқы бөліне бастауын көрсететін аралық жанр сияқты. Өйткені, шешендік сөзде әңгіменің де белгілері бар. Қара сөз бен өлең сөздің бөлінуімен шешендік сөз өнері өткінші жанр ретінде жойылып кетпеген, қайта өз алдына дамып, дербес жанр болып қалыптасқан» - деген тұжырым жасайды.

Бұл далалық шешендік мектептің Ежелгі Грек, Рим шешендік мектептерімен салыстырғанда жер мен көктей айырмашылығы бар екендігін аңғарамыз. Ең алдымен – шешендік өнерге талаптанған әрбір жас өзі көріп өскен ортасындағы жасы үлкен ақындардың немесе белгілі тұлғалардың әңгімелерін тыңдап, шығармашылық мұраларын жаттап өседі. Өзі үлгі тұтқан адамға үнемі келіп, сәлем беріп, ақыл-кеңес сұрап отыруды да игі дәстүрге айналдырады.

Қазақ қоғамынан шыққан кез-келген би-шешеннің өмір жолына тереңірек зер салып қарар болсақ, олардың ешқайсысының классикалық мектептен білім алмағандығына, керісінше, жоғарыда аталған «халықтық мектеп» арқылы өздіктерімен оқып, өмірлік тәжірибеден жинақтап, жетілгендеріне көз жеткіземіз. Сонымен қатар, ұлттық шешендік мектептің қалыптасуына қоғамдағы сөз бостандығының да ролі аз болмаған.

Шешендік өнер қай жерде сөзге бостандық, еркіндік болса, жүйелі сөзге жұртшылық, қоғам құлақ асса, сол жерде, сол елде ғана дамиды. Керісінше, ақыл-ойға, сөзге, тілге қысым жасалып шек қойылған жерде ақыл-ойдың адамдары, ең алдымен ақындар мен шешендер қорғалап сөйлей алмайды, сөз өнері тоқырайды. Бір тәуір жері, қазақ елінде ақындық пен шешендік өнер (өнер алды – қызыл тіл) саналған да оған тиым салынбаған, шек қойылмаған.

Ендеше мұндай қоғамда шешендік өнердің қанатын кеңге жайып,

тамырын тереңге жіберуі заңдылық. Бүгінгі таңда ұлттық шешендік сөздердің ел арасында айтылып жүрген барлық үлгілері ыждаһаттылықпен жинақталып, жүйелену үстінде. Күн өткен сайын толығып, молая түсері аян. Олай болса, қолда бар құндылықтарымызды өз деңгейінде зерттеп, шешендік сөз, шешендік өнер шешендік дәстүр, шешендік мектеп ұғымдарын өзара тұтастықта, жүйелі талдаудың маңызы зор болмақ.

Қазақ тарихындағы белгілі шешендер мен билер

Қазақ тарихындағы би-шешендерді беске бөліп қарастыруға болады:

1. Майқы би мен Аяз биден басталады. XII - XIII ғасыр.
2. Асан Қайғы мен Жиреншенің кезеңі. XIV- XVI ғасыр.
3. XVII - XVIII ғасыр «Ел қорғасқан шешендер» Төле би, Әйтеке, Қазыбек бидің уақытын атайды.

4. XVIII ғасыр Хан сұлтандардың билігіне байланысты шешендік Байдалы, Әз Жәнібек, Тіленші би, Шалқар би, Тарақты Тұяқ.

5. XIX ғасыр отаршылдыққа қарсы шешендер Махамбет, Бала би, Тұрысбол, Сырым батыр шешендіктері.

Би-шешендер – қазақ жерінде әділдіктің салтанат құруы үшін һәм қиянат-зұлымдықтың арам шөптей қаптап өсуіне қарсы ұшан-теңіз қажыр-қайрат жұмсаған, кемеңгерлік пен даналыққа құрылған билікті қалыптастырған тұлғалар.

Сандаған ғасырлар мен замандарды шолар болсақ, сонау Шыңғыс хан тұсында жасаған Майқы би Төбейұлынан (1105-1225 жылдар шамасы) бастап, ойымызға Аяз би (XI-XII ғ.ғ.), Мөңке би (1207-1259), Едіге би (1354-1419), Бәйдібек би (1356-1419 жылдар шамасы), Әз Жәнібек (1406-1473), Жиренше шешен, Шоған би (1584-1642), Әнет би (1626-1723), Қадірғали би (1530-1605 жж.), Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Досай, Ескелді, Балпық, Есей, Бекболат, Тайжан, Тоқсан, Жанкісі, Ақтайлақ, Бөлітірік, Сары, Сырлыбек, Қарауыл Қанай би, Мәтжан, Қазанғап, Шоң, Шорман, Байдалы, Қараменде, Зілқара, Алшынбай, Жанқұтты, Байкөкше, Бала би, Ноғайбай, Бөгенбай батырдың ұрпақтары Саққұлақ пен Бапан сияқты «талғанда тіреу, сасқанда сүйеу» болған шешен-билер есімдері оралады. Қазақ шешендік өнері *Майқы би мен Аяз биден* басталады. Халық арасында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген

нақыл сөз содан қалған. Шешендер – «ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін», жауласқан елдің арасына бітім айтатын даналық сөздің иелері. Бөлтірік шешеннің айтуынша, тәтті де, ащы да сөз болған.

Жиренше шешен – ұлттың зердесінде сақталған, жадында жатталған жезтаңдай шешендігімен аты шыққан, үздік жаралған мінсіз жарқын бейне. Аңыздарды сөйлетсек, ол Қасым ханның әкесі Әз Жәнібек ханмен (1406-1473 жылдар шамасы) замандас болған. Ханның білгір ақылшысы, кемеңгер кеңесшісі, ғұлама сыншысы Жиренше шешен – қазақ халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкер, ақыл-парасаттың, тапқырлықтың символы. Қазақтан өзге түркі, моңғол және үнді-еуропа халықтарының фольклорында Жиренше шешен туралы шығармалар кездеседі. Қазақ фольклорында Жиренше шешен жайлы ертегі, аңыз әңгімелер көп сақталған.

Қиыннан қиыстырып, жүйесін тауып, тігісін жатқызып, қара қылды қақ жарып айтқан, көкейге қонымды ғып, тауып айтқан, інжу-маржандай асыл ойларға толы, сымбаты мен сыры келіскен толғамдары, әсіресе, Жиренше шешен мен Қарашаш арасындағы сөз жарыстыру, Әз Жәнібек ханның жұмбақтай күрделі сұрақтарына Жиренше шешеннің берген ұтқыр жауаптары түпсіз тереңдігімен, алғыр, тапқыр болмысымен, қуатты, кестелі көркемдігімен, мағыналық айқындығымен, үлгілі қасиеттерімен, ғибратты даналығымен өзгешеленеді.

Асан қайғы Сәбитұлы көшпелі халықтардан шыққан, болашақты болжаған көріпкел, сәуегей абыз, ғайыптан сөйлейтін көреген би, жырау біткеннің атасы, тереңнен толғайтын ойшыл сөз зергері. Ұлы оқымысты Шоқан Уәлихановтың пікіріне сүйенсек, ол «көшпелі қазақ, ноғай ұлысының философы». Асан қайғы текті тұқымнан шыққан, әкесі Сәбитті мәрт жаратылыс жан-жақты ғып сомдап құйған, ерекше адам болғанға ұқсайды. Аңдардың, құстардың жанды һәм жансыз дүниенің сырларын жетік білген, саятшылық өнерді мықтап меңгерген. Сегіз қырлы, бір сырлы Сәбит баласын да жыраулық, ақындық, тапқырлық сияқты өнерге баулиды. Сол заманның атақты қайраткерлерімен пікірлестіреді. Оның дүниетанымын, ақыл-ой дүниесін кеңейтіп көркейтеді. Ел басқару, билік-кесім шығару, толқынды топта сөз сөйлеу өнеріне ерте бастан-ақ тәрбиелейді.

Асан қайғы әуелінде Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында, сонан соң Қазан шаһарында Ұлұғ Мұхамедханның

(Ормамбет хан) бас биі болған. Алтын Орда ұлысы ыдыраған соң, Қазақ хандығын құрған Әз Жәнібек ханның (1456-1473) ақылгөй кеңесшісі болады. Қазақ тарихын зерттеуші Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» атты еңбегінде Асан қайғы – атақты Шыңғысханның тұсында болған Майқы бидің алтыншы ұрпағы деп жазылған. Ежелден айтылып келе жатқан «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген қанатты тіркестегі Майқы есімі осы Шыңғыс ханның әскер басшыларының бірі.

Төле би Әлібекұлы (1657-1756 жж.) Қазіргі Жамбыл облысындағы Шу өзенінің жағасында, Жайсаң жайлауында дүниеге келген, 1756 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Леңгір, қазіргі Төле би ауданының Ақбұрхан ордасында қайтыс болған. Қазақтың қоғам қайраткері, атағы жер жарған шешен, Ұлы жүздің бас биі, "Жеті жарғыны" жасаушылардың бірі. Құдайберді әулетінің өкілі болып табылатын Әлібекұлы Төле биге дейін ешкім би де, бай да болмаған. Төле бидің ата-бабалары қарапайым шаруалар екен. Төле би өз халқының шешендік-поэтикалық өнерінің дәстүрлерін жастайынан бойына сіңіріп өскен, зерделі, сауатты адам болған. 15-20 жасынан билердің бас қосқан жиналысына қатысып, өзінің әділдігі мен шешендік өнері арқасында таныла бастайды. Ол кезде қазақ пен жоңғар хандықтары үнемі жауласып жүретін. Тәуке хан өлімінен кейін Қазақ хандығы ыдырай бастады. Ұлы жүзді басқарып отырған Төле би жоңғар басқыншыларына біраз уақыт кіріптар болады. Оларға салық төлегеніне қарамастан, Төле би саяси басқаруды өз қолына алды. Қазақтардың басын біріктіріп, оларды жоңғар бұғауынан құтқаруда Төле би маңызды рөл атқарды. Кейбір мәліметтер бойынша, Төле би Абылай сұлтанның өрлеуіне де ықпал еткен. Төле би, Орта жүздің бас биі Қазыбек Келдібекұлы және Кіші жүздің бас биі Әйтеке Байбекұлы үшеуі Әз Тәукенің бас кеңесшісі болған. Төле би Тәуке ханның Түркістанды Қазақ хандығының астанасы қылу, үш жүзді бір орталыққа бағындыру, бір ғана Қазақ хандығын күшейту, туыс қазақ, қарақалпақ, қырғыз және өзбек халықтарының жоңғар-ойрат басқыншыларына қарсы әскери одағын құру туралы шараларды жүзеге асыруға белсене атсалысты. Сонымен бірге, Төле би Ұлы жүз бен Ресей арасында байланыс орнатып, дамытуға көп еңбек сіңірді. 1749 жылы немере інісі Айтбай бастаған елшілікті Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке жібере отырып, ол Ресей қол астына өтуге дайын екендігін мәлімдеген. Неплюев 1749

жылғы 26 қыркүйектегі жауап хатында Ресейге қосылуға деген ниетін құптай отырып, екі ел арасындағы сауда байланыстарын дамытуды қолға алуды ұсынған. Қазақ хандығының ыдырау және жоңғарлардың басқыншылық соғыстары кезеңінде Төле би басшыға тән қасиетін таныта білді. Жоңғарлар жағдайды пайдаланып, қазақ халқын жойып жібергісі, ал тірі қалғандарын қуғын-сүргінге ұшыратқысы келді, Төле би Қабанбай, Бөгенбай және Жәнібек батырлармен бірге бітұғас халық майданын құрып, азаттық жолында күрес жүргізді. Халық ауыз әдебиетінде Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталып қалған. Халық арасында Төле би айтты деген мақал-мәтелдер, нақыл сөздер кең таралды. Шымкентте, Түркістанда және Ташкентте билік басында болған Төле би сәулетті ғимараттар салуға да белсене атсалысты. Төле би есімі күллі қазақ тарихына қатысты ірі оқиғалармен тығыз байланысты. Төле би өзі 12 жыл билік жүргізген Ташкентте, атасы Жүніс ханның қасына жерленген.

Қазыбек би Келдібекұлы (1659-1765 жж.) Қазақтың атақты биі. Қазақ жүздерін басқаруды реттеу ниетімен Тәуке хан Ұлы жүздің биі етіп Төле биді, Кіші жүзге Әйтеке биді, Орта жүзге Қазыбек биді тағайындайды. Халық ауыз әдебиетінде сақталып қалған аңыздар мен кейбір архивтік мәліметтер бойынша, Қазыбек би Келдібекұлы "Тәуке хан заңдарының жинағын" өндеуге қатысқан. Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет және Абылай хандар тұсында мемлекет басқару ісіне белсене араласып жүрген Қазыбек би ішкі және сыртқы саясат мәселелерінде ықпал ете алатын. Ол – жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі. XVIII ғасырдың 40-жылдары Абылай хан жоңғарлар қолына түсіп қалған шақта, оны тұтқынынан босатып алуға белсене атсалысты. XVIII ғасырдың 60-жылдары Цинь империясы Қазыбек биді өз жағына шығару мақсатымен елшілерімен бірге көптеген бағалы сыйлықтар жіберген. Бірақ Қазыбек би Қытай жағына мүлде қарсы болған. Ол Абылайды Цинь империясымен қарым-қатынас жасамауға шақырған. Ел ішінде Қазыбек биді Қаз дауысты Қазыбек деп атап кеткен.

Әйтеке би Байбекұлы (1644-1700 жж.) Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі. Есім хан тұсында Самарқанды билеген Жалаңтөс батырдың жақын туысы. Байбекұлы Әйтеке Қазақ хандығының Тәуке хан тұсында ең беделді билерінің бірі бола отырып, "Жеті жарғы" заңдарын жетілдіруге қомақты үлес қосты. Бұл заңдар жинағы қазақ қоғамындағы феодализмді нығайту

бағытында маңызды рөл атқарды. Әйтеке би ресми түрде хан кеңесшісі болды. Ол орталықтандырылған біртұтас қазақ хандығын құру жолында белсене атсалысты. Төле және Қазыбек билермен бірге Тәуке ханнан Абылайға дейін қазақ мемлекеттігінің эстафетасын алып өткен секілді. Қазақ елінің үш жүзінің бірлікте, тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршы болцы. Өзін дана, әділ би, аузы дуалы шешен, ішкі және халықаралық күрделі мәселелерді шешуде төреші, жоңғар басқыншыларына табанды қарсылық көрсетуді ұйымдастыру жолында үлкен үлес қосқан озық ойлы қайраткер ретінде таныта білді. Әйтеке би 25 жасынан бастап алғашында Ордабасыда, сонан кейін Күлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын өткізілетін үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға тұрақты қатысып тұрды. Тәуке ханнан бері дәстүр тапқан бұл жиындарда ұлт бірлігін нығайту мәселелері талқыланып, Жүздер мен рулардың арасындағы өзара келіспеушіліктен туындайтын даулар шешілетін болған. Қызу айтыс-тартыстар ушығып кетер тұста тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні іспетті жұрт тоқтасар бәтуаны Әйтеке би айтады екен дейді. Ол Ташкенттен 75 шақырым жердегі Қауыншы және Шыназ ауылдарының маңында жерленген.

Қазақ халқының тарихында «Қара қылды қақ жарған», еліміздің ынтымағы үшін күрескен кемеңгер үш бидің орны ерекше. Ұлттың ұлы тұлғалары жөніндегі:

Атақты қазақ үш биі:
Бірінші әзіз Төле еді,
Қаз дауысты Қазыбек,
Онан кейін Әйтеке –
Қазақтың мінсіз билері.
Таудай дауға тарыдай
Бұзылмайтын сөз айтқан
Босатқан буын, жүйені.
Шешеннен шешен демегі
Қанша ділмәр дегендер
Ширегіне келмейді,-

деген түйдекті жыр жолдары шын ықыластан туған анық.

Үш бидің ел тыныштығы, оның бақытты келешегі, тәуелсіздігі үшін қауіп-қатерді елемей, бастарын бәйгеге тіккен осы шынайы отаншыл сезімі, ынтымақ-бірлігі басқалаларға да ықпал етіп, қазақ халқын бір мақсатқа жұмылдыра түскен.

Ақтайлақ би Байғараұлы 1720-1816 жылдарда өмір сүрген. Ата-бабасы азуы алты қарыс, қара сөзді орып айтқан, тілге даңғыл дүлдүлдер болыпты. Ақтайлақ XVII ғасырдың аяғында Ташкентте бек болған «нар дауысты Нарынбайдың» шөбересі, даусы аққудай саңқылдаған «қу дауысты Құттыбайдың» немересі.

Ақтайлақ би ел арасындағы дау-шарларды әділ билігімен, парасатты ақылымен, тапқыр, ойдағыдай кесімді пайымдауларымен мүлтіксіз шешіп отырған. Әрине, өзінің жаратылысы, кісілік болмысы, кіршіксіз таза пейілі, дүниетанымы, көзқарасы, әдептілігі аса жоғары болғандығын мына бір қасиетке толы мөлдір тізбектерден тануға болады: «Асқа арынды сатпа, ілінбе жаманатқа», «Еріншек болма, елгезек бол, еңбексіз босқа жатпа», «Жақсысын ешкім бермейді, өз қолында барынды мақта», «Алтының болса әсерленбе, арынды сақта, арамдықтан аулақ бол, адалдықты жақта», «Береке-бірлік іздесең, ең әуелі үй-ішіңмен бол ынтымақта», «Қайырымды бол қарындасқа, өзі тимегенге ұрынба босқа».

Қазақ халқының рухани-мәдени тарихындағы атышулы «құс көмей» шешен, «жолбарыс терісін жамылған» айтулы батыр, атақты билердің бірегейі – *Бөлтірік Әлменұлы* (1771-1853). Қазақ фольклорының білгірі Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Құдай рахмет қылсын Бөлтірік биге! Кісі болса, сондай болсын!» – деп, заңғар тұлғаға керемет ықыласын аямапты. «Бөлтірік – Ысты елінен шыққан ақын, шешен әрі батыр. Өз қатарында ешкімнен жеңілмеген. «Жеті жарғы» атанған кісі, жеті тосқауылдан сүрінбей өткен тұлпарды осылай бағалаған», – деп сыр толғайды әнші ақын, композитор Кенен Әзірбаев.

Терең ойлы, тапқыр тілді, дауысы күндей күркіреген Бөлтірік шешенмен талай тарландар иық теңестіре алмаған, адуынды да алғыр шешеннің қасында олар жіп есе алмаған, жалындаған жүйрік оза шауып отырған. Бөлтіріктің бүлдіршін кезін көрген Балпық би «көзінің оты, сөзінің қуаты бар» деп, «Бабасы Төле бидің аруағы қонайын деп жүр екен» деп, біртуар дарынның жарқын болашағын болжапты, қанаттандырып қолдапты. Нағашысы тобықты Қараменде бидің сипаттауынша, «аузынан гүл төгіліп, көзінен от төгіліп тұрған жас бұлбұл» Бөлтірік небір дау-шарларда, салтанатты мәслихаттарда түйдек-түйдек толғамдарды, кесек-кесек билік, нақыл, қанатты сөздерді, ақықтай жарқыраған асыл ойларды тереңнен қозғап, теңіздей толқытқан.

V. ШЕШЕНДІК АРНАУ

1. Асан қайғы мен Жәнібек
2. Майқи би мен Алаша хан
3. Жидебай мен Қараменде
4. Шорман мен Құдайменде

Асан қайғы мен Әз Жәнібек

Асанқайғы қойға қошқар қоймай, жылқыға айғыр салмай, бура шөгермей, сиырды бұқасыз сақтап, малды үш жылға дейін ту қылып ауған екен. Сол ауып бара жатқан бетінде ноғайылының ханы Әз Жәнібекке кез болыпты. Бұрын үш тойына шақырғанда Асанқайғы бармаған екен. Ауып бара жатып кез болған соң, Әз Жәнібек айтыпты:

– Бұрын бір хан болыпты. Ханның қасында бір қараша кедей үй қонысы болған екен. Ханның малының сүрмесінен қозы қарын май мен бір қап құрт алған екен. Күзді күні ел тауға қонар мезгілде, қараша: «Ханымды шақырып, осы құрт пен майдың алдын таттырып кетейік. Сонда бізге қалғаны жұғымды болар. Ханымға таттырмай кеткен соң берекесі болмас» -дейді.

Ханымды үйіне шақырса, қарашаның үйіне кіріп шығуға намыс қылып керіліп, «әне барамын», «міне барамын» деп, ақыры бармапты. «Құрт, майдың алдын ханымға таттырмай кетпейміз» деп, әлгі байғұстар ханымды сарғайып күтіп көп уақыт көшпей отырып қалыпты. Күндердің күнінде ханым шығып, қазыханаға барып қайтып келе жатса, оны артынан бура қуыпты. Ханым сасқанынан, қараша үйге қойып кетіпті. Сонда шал байғұс айтқан екен:

– Шақырса келмес ханымды

Бура қуып келтірді.

Қалжы-бұлжы дегізбей

Тура қуып келтірді.

Бастай көр қатын құртыңды,

Сала көр қатын майыңды, – депті.

Сол айтқандай, үш тойыма шақырдым, келмедің. Ақыры қадірсіз, аяқсыз келдің-ау Асаным!

– Рас айтасың, Әз Жәнібегім. Ойың ұрғашыға ауған екен, - дейді Асанқайғы. – Өз бойындағы ақыл, ісіңе ие бола алмаған жан едің.

Сондығынан айтып отырсың, сен өзің неге той қылдың, білесің бе? Бірінші той қылдың, қарақалпақтың қызы Қарашаш сұлуды алдым деп. Екінші той қылдың, Жайық судың бойынан дауыл өтпесе, жан өтпейтін үй салдырдым деп. Үшінші той қылдың, Құландыға қу ілдірдім деп. Оған несіне келейін деп Асан жырлап кетіпті:

— Ай, Жәнібек хан!

Мен айтпасам білмейсің,
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Өзеуреп неге сөйлейсің?
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
Он сан ноғай бүлінді,
Мұны неге білмейсің?
Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүні түледі.
Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлде жүр еді.
Андысып жүрген көп дұшпан,
Еліңе жау боп келеді.
Құлың кеп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі,
Мұны неге білмейсің?
Осыны көрдім түсімде,
Біл десе білмейсің.
Әй, Жәнібек! Ойласаң,
Қилы-қилы заман болмайма,
Суда жүрген ақ шортан,
Қарағай басын шалмай ма?
Мұны неге білмейсің?
Айтқан тілді алмасаң,
Енді мені көрмейсің!

Асанқайғының айтқанына басын шұлғығаннан басқа хан дәнеме демепті. Сол жолы екеуі дос болып, жалғыз жетім Жанәліні сұрап алып қалыпты.

Майқы би мен Алаша хан

Ормамет би өліп, қырық сан қырым, отыз сан үрім, он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт, он сан ноғай бөлінетінде, бүкіл ноғайлының елі жау келіп қалған екен деп, бір үріккен ала тайдай бүлініпті. «Алатайдай бүлінді» делінген сөз сонан қалыпты.

Сол замандары Қотан, Қоғам, Қондыкер, Қобан деген кісілермен Майқы деген би болыпты.

Майқы тоғыз ханды қолынан таққа отырғызған кісі дейді. Бұқарадағы он бес азаншы азан айтатұғын мұнараны сол қырық ханның бірі жасатқан екен деседі. Қызыларыстанның бәйбішесінен ұл болмаған. «Қызыл аяқ» деген бір елді шауып, ат сауырына салып келген бір қызға аяқ салып, сонан сауысқанның аласындай бір бала ала туады. Бәйбіше өзінен тумай, тоқалдан туған балаға іштарлық кылып, қызғанышпен:

– Бұл балаңды балам деп сақтама, көзін жоғалт, қарашығын батыр. Мынау өскенде жұртыңды ала қылып ұстайды, еліңді ала тайдай бүлдіреді, -дейді.

Хан бәйбішесінің сөзімен қырық жігітке: «Мына баланы, тапқан шешесін Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріндер. Өлсе өлсін, өлмесе өз бетімен қаңғып күн көрсін» - деп бұйрық беріпті. Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау, Қаратаудың алабынан аң аулап күнелтіпті.

Бала өз асын өзі тауып ішерлік болған соң, ешкіммен ісі болмайды, оны қырық жігіт далаға тастап кетеді.

Бала он екі жасында Майқы бидің баласы Үйсінге кез болыпты, бірақ оған бір ауыз тіл қатпайды, үн-түн жоқ қала береді. Үйсін үйіне барған соң Майқы биге: «Бір ағаштың көлеңкесінде отырған жас баланы көрдім, ай десе аузы бар күн десе көзі бар, көрген кісі қызығып, бір қасық сумен жұтып жіберерлік. Жалғыз айыбы тілі жоқ екен» -депті.

Майқы би ақсақ болғандықтан, өмір бойы арбамен жүреді екен және арбасына кісі жегеді екен.

– Мені балаға алып барындар, оны мен көрейін, - депті Майқы. Бала Майқыны көргеннен-ақ орнынан ұшып тұрып:

– Ассалаумағалейкум хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы, -деп сәлем беріпті.

– Уағалейкумиссәлем, әмісе аман балам! Болайын деп тұрған ұл екенсің. Кел, балам, қасыма отыр, -деп арбасына мінгізіп, үйіне

алып келеді. Төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, жоғарғы елді шақырады. Ала бие сойдырып, аймақ елді шақырып той қылады. Тойдан кейін: «Ердің ері, егеудің сынығы» деп қасына баласы –Үйсінді бас қылып, жүз жігіт қосып беріп, аттандырады.

– Қаратаудан арман қарай асындар, Ұлытау, Кішітау деген таулар бар, Қаракенгір, Жезікенгір, Құдайберді деген жерге барып ірге тебіндер. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қараша боласындар. «Хан әділ болса, қараша табанды болса, кара жерден кеме жүргізеді» - деп, батасын беріп жөнелтеді.

Жүз жігіт Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Ақтау, Ортауды айналып, Майқы бидің айтқан жеріне келеді. Ұйқы бұзып жылқы алды, күйме бұзып қыз алды. Көшкен елді көш-жөнекей алды, ерулі елді отырған жерінде алды. Өз алдына мал малданып, жан жанданып, үйлі баранды бола бастады. Сатусыз дүние, қалыңсыз қатын алған соң, ел болмасқа немене, жұрт болмасқа немене?! Бұлардың мұндай болғанын баяғы Қызыларыстан хан естиді. Қотан, Қоғам, Қондыкер, Қобан, Майқы билерге елші жіберіп: «Менің баламды жігіт желең ертіп желіктіріп жібергені неқылғаны? Баламды өзіме әкеп берсін, сөйтіп менен қалағанын алсын» -дейді. Сонан соң бұлар: «Сендер барып, шақырып келіндер» -деп, Қотанұлы Болатты жүз жігітпен жібереді. Бұлар барған соң бұрынғы барғандар, өздерің де қайтпаңдар, «қайт» деген сөзді бізге айтпаңдар, - дейді. Шақыра барған кісі де қайтпай қалып қояды.

Қызыларыстан хан қайта-қайта кісі жібере берген соң Майқы би Қоғамұлы Алшынды бас қылып, тағы жүз кісі жібереді және «есеп-саны үш жүз он үшке жетсе, дүние жүзі жиылса да олардың күшіне шыдамайды» деп, оларға он үш ақсақал қосады. Бұлар да қайтпай қалып қояды.

«Үндемесе де, үйден шықпаса да еңбек» дегендей, Майқы би үйде жатып-ақ жұмыс тындырып жатады. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген кісі осы екен.

Сонымен бұл үш жүз кісі: «Енді ел болғанымызды, жұрт көзіне түсірейік» - деп баяғы ала баланы, алашаға отырғызып, Ұлытаудың басына көтеріп шығарып, хан сайлайды. Оған «Алашахан» деген ат қояды. Бастапқы бірге келген жүз жігіттің бастығының аты Үйсін болғандықтан «Ұлы жүз Үйсін» деп атайды. «Оларды – Салықшы, жауға шапқанда бұлар шаппасын, тас-түйін болып тұрсын!»–деседі.

Ортада келген жүз жігітті Болатқожа болғандықтан «Орта жүз Ақжон» (Болатқожаның лақап аты) деп атайды. «Бұлар тосқауылшы, ортада» деседі.

Соңғы келген жүз жігітті (бастығы Алшын болғандықтан) «Кіші жүз— Алшын» деп атайды, бұлар алда жүрсін, жауға алдымен шабатын болсын дейді.

Жидебай мен Қараменде

Әлтеке Жидебай батыр әрі шешен болған екен. Жидебай көп жасап, көпті көріпті. Токсан бес жасқа дейін өмір сүріп, нәсілі өсіп, немерелі-шөберелі болыпты.

Бергін қартайған кезінде жастық шағының жолдасы Қараменде би есіне түсіп, өткен жастық уағындағы істерін, қартайып-қажығандағы өзгерістерін айтып, пікір алыспақшы болуды ойлайды. Бірақ өзі бара алмайды да, сөз мәнісін білетін бір жас жігітті шақыртып:

— Шырағым, Тобықтыда Қараменде деген досым бар еді. Көрмегелі көп жылдар болды, сағындым. Өзім іздеп баруға шамам жоқ, о да қартайды, іздеп келе алмайды. Соған айтатын бір сәлемдерім бар еді, соны жеткізіп келші, -дейді.

Жігіт жүрмекші болған соң Жидебайдың айтқаны: «Бес ауыз бір сөзім бар, алты ауыз бір сөзім бар. Осыларды бірімен бірін шатастырмай ұғып ал» -деп тапсырады.

Жидебайдың айтқан сөзін жігіт жаттап алады.

Бес ауыз бір сөзім:

Төрт нәрседе үміт бар,

Бір нәрседе үміт жоқ, -

Осыны айт дейді.

Алты ауыз бір сөзім:

Мұсылман жаудың қолында қалдым,

Бес атаның малын іздеп әуре болдым,

Алпыс ат үйір бермеді,

Жетпіс торғай шырылдайды,

Сексен балапан ұя басып,

Токсан жұмыртканың қашан жарылары белгісіз.

Жаздың күні, жайлауға қонған қалың елді аралай бірнеше күн жүріп, бағанағы жігіт, Қараменде биді іздеп табады.

Біраз күн жатып тынығып, ел жайлы, ер амандығына қанысқасын жігіт қайтпақшы болады. Сонда Қараменде: «Жидекем тірі болса, маған басқа сәлем айтпады ма?» - деп сұрапты.

Сонда жігіт батырдың сәлемін айтыпты. Қараменде шарта жүгініп отырып, көп толғанып-ойланады. Біраздан кейін:

– «Төрт нәрседе үміт бар» дегені, адам баласы төрт үмітпен жүріп өтеді екен-ау:

Жас өсемін деп үмітті,

Жалғыз көбейем деп үмітті.

Жарлы байимын деп үмітті,

Ауру жазыламын деп үмітті.

– «Бір нәрседен үміт жоқ» дегені – шіркін, көктемі мен жазы өтіп жапырағы қураған ағаштай, ұрты солып, жағы суалған кәріліктен ғана үміт жоқ екен, - дейді.

– «Мұсылман жаудың қолында қалдым» дегені: бірге жасасып, тәтті өмір сүріскен, бір-біріне иістері сіңіскен жастық шақтың жолдасы – жұбайы қайтып, жесір болып, келін баласының қолына қарап қалған екен ғой. Екі елі аузына төрт елі қақпақ қойсын, балаға сонда ғана сыйымды болады, - депті.

– «Бес атаның малын іздеп әуре болдым» дегені: Қайран батыр қартайып, көзі көр болған екен ғой. Жастан серік болған бес жолдасы: Мұсуақ, тәспік, орамал, бәкі, қамшы – болар. Осылардың басын құрап жинау үшін жан-жағын сипалап іздеп тапқанша, түске дейінгі уақыты өтеді екен ғой. Жанына жан қалта, төсіне төс қалта салдырып алсын, - депті. Ол уақыттағы қазақтың киімдеріне қалта салынбайды екен.

– «Алпыс ат үйір бермеді» дегені, алпыс жас ағайынды жауға беріспейтін қайрат-күштің қайтпайтын кезі екен ғой.

– «Жетпіс торғай шырылдайды» дегені – жетпісте торғайдай ғана қуатым қалды дегені екен ғой.

– «Сексен балапан ұя басып» дегені – сексенде ұяда жатқан балапандай төсек тартып жаттым дегені екен ғой.

– «Токсан жұмыртқаның қашан жарыларын білмеймін» дегені – токсаннан асқан жасым бар, бір аяғыммен қабірдемін, ажал қашан жетеді деп күтудемін дегені екен ғой, - депті.

Шорман мен Құдайменде

Шорман би бозбала күнінде Қуандық еліне жоқ іздеп барады. Бір байдың үйіне қонып, ел жайын сұрап отырып, өзінің жоқ іздеп келе жатқанын айтады. Сонда бай айтады:

– Әй, шырағым-ай! Жоғыңның жөні болмайды-ау, себебі Қуандық елін билеп тұрған Құдайменде төренің жалғыз баласы өліп, үш күн болды ас ішпей қайғырып жатыр. Басын көтермейді, көзін ашпайды, ешбір адам көңіл айтуға бата алмайды.

Меймандар байдың үйіне қонып, ертең төренің үйіне аттанады. Ауылға жақын қалғанда аттарынан түседі. Аттарын тұсап, жаяулап келе жатқан бір топ адамды көрген бір кісі, төреге хабар береді.

– Сірә, жат адамдар болу керек, аттарын алысқа тұсап, он шақты адам жаяулап келе жатыр,- дегенде төре бір көтеріліп, бір жатады. Жолаушылар үйге кіріп, төрге отырып, құран оқиды.

Шорман былай деп көңіл айтады:

– Уа, сен Құдайменде төресің,

Хақтың әміріне көнесің.

Жалғыз балаң өліп

Құдай сені көріпті.

Түпкі атаң Барақ хан,

Елді заңына қаратқан,

О да өткен дүниеден.

Екінші атаң Мейір хан,

Тентек пенен тебінді

Төрелік беріп айырған,

О да өткен дүниеден.

Үшінші атаң Тұрсын хан,

Өтірік айтқан қымсыңған,

О да өткен дүниеден.

Төртінші атаң Қасым хан

Аруағы басым хан.

О да өткен дүниеден.

Дүние деген фанидың

Өзі де өтер дүниеден.

Дос көтерер көңілді,

Мал көтерер өлімді.

Қайғырғанмен келмейді,

Ажалсыз пенде өлмейді.
Басынды көтер хан төрем,
Күйзелтпе бүйтіп еліңді,
Өлемін десең міне пышақ,
Өлмеймін десең тұрып бақ!

Сонда хан басын көтеріп алып:

– Көз таңбалы Сүйіндікте Шорман атты бір ұл бар деп еді, соның
өзімісің, өзгемісің? - депті.

– Болсақ болармыз,- депті Шорман.

VI. ШЕШЕНДІК ТОЛҒАУ

1. Бұл дүниеде не жетім?
2. Биік тауға жарасқан...
Алтай Байдалы айтқан сөздер
3. Бұл-бұл үйрек, бұл үйрек...
Шекті Мөңке би сөздері

Бұл дүниеде не жетім?

– Бұл дүниеде не жетім?
Санай берсең көп жетім.
Үйрек, қаз қалқып ұшпаса,
Дария –шалқар кел жетім.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел жетім.
Ұлығы әділ болмаса,
Төресін түзу бермесе,
Болады байтақ ел жетім.
Өз бетімен білмесе,
Айтқан сөзге ермесе,
Ұқпасқа айтқан сөз жетім.
Замандасы болмаса,
Өңкей жастың ішінде
Қария болар тез жетім.
Қара қасты, қыпша бел
Сыландаса алдында,
Сөзінді қабыл алмаса,
Құр қараған көз жетім.
Еңбегі еш, тұзы сор,
Көргенсіз болса қатыны,
Өмір бойы ер жетім.
Жаман болса барғаны,
Ішінде көп арманы
Наданға барған жақсы әйел,
Білер болсаң бұл жетім.
Бабын білмей иесі
Аяғына қан түскен,

Ұлы дүбір жиынға
Қосылмаған ат жетім.
Дүниеден өтсе данышпан,
Жүйріктермен жарысқан,
Оқитын ие болмаса,
Жазулы қалған хат жетім.

Биік тауға жарасқан

Алтай Байдалы айтқан сөздер

Биік тауға жарасқан
Басындағы обасы.
Өзен-суға жарасқан
Жағалай біткен қоғасы.
Рулы елге жарасқан
Үлгі айтатын ағасы.
Бәйбішеге жарасқан
Орнықты қара сабасы.
Келіншекке жарасқан
Емізген ұл баласы.
Балалыққа жарасқан
Өнегелі анасы.
Ер жігітке жарасқан
Қолындағы найзасы.
Жақсы болса азамат
Еліне тиер пайдасы.

Ердің «білдім» дегені,
Басына салған ойраны.
Көпке сөзін бергені –
Тастан соққан қорғаны.
Өсек басты болады,
Қыздың жасқа толғаны.
Жан түршігер жаман іс,
Ағайын ала болғаны...
Бірінші тілеу тілеңіз,

Бір тәңірге жазбасқа.
Екінші тілеу тілеңіз,
Адам тіліне азбасқа.
Үшінші тілеу тілеңіз,
Пәледен нақақ күймеске,
Төртінші тілеу тілеңіз,
Білімсіз таққа мінбеске.
Бесінші тілеу тілеңіз,
Қатардан кейін қалмасқа.
Алтыншы тілеу тілеңіз,
Ақымақ тілін алмасқа.
Жетінші тілеу тідеңіз,
Атадан алтау тудым деп,
Жалғызға жара салмасқа.

Жау көңілін қылышпен басқан жігіт,
Батыр емей немене асқан жігіт?
Жау дегенде найза алып шыға алмаған,
Қорқақ емей немене сасқан жігіт!
Ердің ерін сынайтын майдан жерден,
Қатын емей немене қашқан жігіт!
Мың жылқылы байыңа пысқыра ма,
Оразасын үйінен ашқан жігіт!..

Түнді қанша мақтасаң...

Түнді қанша мақтасаң,
Жарқырап атқан таң болмас.
Тәңірі берген жігітке,
Қойды бақса қор болмас.
Құдай жаман жаратса,
Қанша созса зор болмас,
Құзғын қарға жиылып,
Намыстанса қаз болмас,
Отқа салып илесең,
Алтын, сірә, жез болмас.
Аяққа шұлғау қылсаң да,
Асыл жібек бөз болмас.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек...

Шекті Мөңке би толғауы

Шекті Мөңке би Шеркеш Түрке би, тана Нүрке билермен кеңесіп отырып айтты деген сөздер:

Бұлбұл үйрек, бұл үйрек,
Бір тоғайға қоныңыз.
Қарындаспен, туғанмен,
Бір туғандай болыңыз.
Өзіне кеңес салғанның
Өрісі кең болмас па?
Жатқа кеңес салғанның,
Жазымға басы кетпес пе?
Жаманнан жесең бір қамшы,
Ол сүйегіңе жетпес пе?
Сом-сом жүйрік, сом жүйрік,
Шұбалаңдап шаба алмас,
Мойнынан жалы кетіп арыса,
Жақсылар жаман болады,
Күнінде жасы жетіп қарыса.
Жамандар жақсы болады, .
Дәулеті асып байыса.
Тасты жерден шаба алмас
Табаны жалпақ тарлан боз.
Тасты жарған табаның,
Жастағыдай бола алмас.
Буырнада кескен азбанға,
Буыршын басып шөге алмас.
Бидайықтың орнына,
Лашын батып қона алмас.
Ер басынан құс ұшса,
Қорғасыннан күнінде
Салсаң да салма, оңалмас.
Қырға боран бораса,
Ойға тағы борар ма?
Жақсылар аттан жығылса,
Жаман туған адамның

Еш нәрсесі құрар ма?
Ауырды ма денен деп,
Қайрылып жаман сұрар ма?..
Қырға боран бораса,
Нуға боран борар ма? ,
Ел шетіне жау келсе,
Халық үстіне дау келсе,
Жамандайын жалтандап,
Ер жігіт қарап тұрар ма?
Арғымақтың алдына,
Найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтандап,
Түсер жерін қарар ма?
Арғымақтаң аяғы,
Айдай таға қағылса,
Кілегей мұздан таяр ма?
Жақсы алдына сөз айтсаң,
Жалығып сөзге тояр ма?
Күндердің күні болғанда
Басыңа қиын іс болса,
Жалғасып өскен жакыннан,
Жақсылар басын аяр ма?
Атың тулап жықпаска,
Артқы айылдың бегі игі,
Алыстағы дұшпанның,
Жағаға қолы жетпеске,
Артында туысканның көбі игі.
Екі талай іс болып,
Еңсеңе дұшпан табан қойғанда,
Өзіңменен бірігіп,
Қыр басына шықпаған,
Ағайынның күнінде,
Барынан да жоғы игі.
Атқа міне шабар деп,
Бұл қашан жосық табар деп,
Жігіттікпен салқы өскен,
Баладан күдер үзбеніз,
Ол түзелсе табылмас,

Атаның ізін жаңылмас...

Жақсыға қоссаң басыңды,
Отырған орның төр болар.
Жаманға қоссаң басыңды,
Саз балшыққа аунатып,
Сол бөрімен орның бір болар.

VI. ШЕШЕНДІК ДАУ

1. Асаубай мен Құлтума
2. Едіге мен Тоғас
3. Балпық би мен Дарабоз бәйбіше
4. Қанайұлы Бекболат шешен
5. Қазыбектің бір ер туралы айтқан билігі

Асаубай мен Құлтума

Ертеде Қанжығалы-Бәсентин елі мен Алтай Қуандық елінің арасында жесір дауы болып, елдің басы неше рет қосылып, бітімге келе алмай тарап жүріпті. Енді бір жиылыста екі ел өз білгіштерін: қанжығалы Асаубай шешенді, Алтай елі Құлтума ақынды кездестіріп, сондағы екеуінің айтқандары:

– Сеңің атың мәлімді,
Қанжығалы Асаубай,
Асау болып кетіпсің,
Бас білмеген асаудай.
Сөзің өткір көрінеді,
Қайралған өткір қашаудай.
Неғып шыдал отырсың,
Шаш орнына бас алмай.
Сөйлеушіге сөз бермей,
Айтушыға кез келмей,
Бетіңменен кетіпсің,
Ешкім сенен аса алмай,
Кез болған соң қуғында,
Айтайын деп отырмын
Қорқып сенен қаша алмай,-
депті Құлтума. Сонда Асаубай шешен отырып:

– Түбің Алтай Қуандық,
Атағың шыққан Құлтума.
Әзер ақын болсаң да
Онша маған ұмтылма.
Жетік ақын болсаңыз,
Жақсы сөзбен бұлтылда.
Байлаулы тұрған бурадай,

Жының шашып сұлқынба.
Сөйлесең сөйле сыпайы
Жынды адамша жұлқынба.
Арасында екі елдің
Жесір дауы қаулаған,
Май құйғандай көтермей,
Сөндіруге ауқымда!-
дегенде, Құлтума тоқтап, дау сөнген деседі.

Едіге мен Тоғас

Он оннан жиырма кісі Едіге бидің үйіне екі рет келіп түсе қалыпты. Едіге алғашқы келген он кісіге бөлек үй тіктіріпті. Соңғы келген он кісіге күрке тіктіріп беріпті. Қонақасыны жақсылап беріп, ол күні тынықтырып, ерте-ңіне келген меймандарды жұмыстарын сұрапты.

Сонда меймандар:

– Ұлы жүз үйсін Тоғас бидің елінің адамдарымыз. Өзді-өзіміз даулымыз. Ұрыс, төбелес болып, бір қатын бала тастады. Соны құрым кигізге тігіп алып, өз еліміздің биі Тоғасқа барып едік, ол кісі: «Көз таңбалы арғында Манас би деген бар, соған барыңдар» деді. Манас биге келіп едік, ол «Қаздауысты Қазыбектің баласы Бекболат биге барыңдар» деді. Оған барып едік, ол: «Кеше үш жүздің басы қосылғанда Үйсін Төле бимен ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітірген Едігеге барыңдар» деп сізге сілтеді. Жүрген жайымыз осы,- десті.

Едіге екі даугерді алдына алдырып, құрым кигізге тіккен баланың кигізін сөктіріп, баланы алып көрсе, түсік екен. Анық бала болған жоқ екен. Бас, қол, аяқ мүшелерден белгі жоқ. Ортан қол, сұқ қол секілді екі (егіз) бала екен. Сонда Едіге былай деп төре беріпті:

– Мұнда бастайтын бас жоқ, көретін көз жоқ, ұстайтын қол жоқ, жүретін аяқ жоқ. Он екі мүше түгелденген жоқ екен. Сондықтан, бұл адам есебіне қосылмайды, бұған құн бұйырылмайды. Бірақ ата-бабамыздан қалған сөз бар еді: «Даушы құр қалмайды, жаншы құр қалмайды» - деген. Бұған айып керек, ұрыс-төбелес болғандығы үшін, таяқ жеген қатынға жақтас болғандардың ат бастатқан тоғыз айып тартыңдар. Қатынды ұрғызғанға жақтасқандырың түйе бастатқан тоғыз айып тартыңдар. Бір тоғызды Тоғас бидің босағасына байландар, бір тоғызды Манас бидің босағасына байландар. Бекболат

екеумізге бітіріп, тындырып қайырған абырой да болады, - депті. Екі жағы да риза болып, бұл бітімді Бекболатқа барып айтты, Бекболат: «Уа, пәлі! Әділ бітім!» - деді. Тоғас, Манас билерге барып айтып еді олар да «уа, пәлі!» - десті.

Тоғас би Едігенің бітім сөзіне риза болғандықтан қыс ішінде Едігеге он жігіт жібереді.

Едігенің қызы болса, құда түсіп келіндер. Егер қызы жоқ болса, бізден қыз алдырсын дендер. Құдалыққа шақырып келіндер,- деді.

Едігеде қыз болмапты. Қиғара деген ұл баласы үйленбеген екен. Соған үйсін Тоғас бидің Нақ деген қызын атастырып, жаз шыққан соң елдің жайлауында, биенің байлауына қарсы келіп, құда түсіп қайтындар деп шақырып қайтыпты. Едіге би бұлардың жолы құры болмасын деп, он кісіге он ат мінгізіп, он қара құлын жарғақ кигізіп қайырыпты. Жарқырап жаз шыққан соң. Күркіреп күз шыққан соң, Едіге бірнеше адамдармен Тоғас бидің еліне барыпты.

Тоғас бидің елі аққан судың бойында екен. Ине шаншар бос жері жоқ. Өзенге сығылыса қонған ел. Азан-қазан, қымғуыт-шымғуыт болып, күніреніп шулап жатқан бір ел. Жолаушылар аң-таң қалып, Тоғас бидің үйінің сыртына түсіпті.

Тоғас би келіп құшақтасып көрісіп, амандық айтысып болған соң, Едіге биден:

– Бұл у-шу, аласапыран, дабырлаған немеңе? - деп сұрады.

– Оның мәнісі бар. "Қаһары қатты Жәңгірхан деген ханымыз бар еді, ханның жалғыз баласы бар еді. Сол жалғыз баланың өлгеніне бүгін сегіз күн болды. Жалғыз баласы өлген соң, хан елге жарлық қылды:

– Төрт түлік малдың енесін судың бір жағына қойып, төлдерін бір жағына қойындар. Қозыны қойға, Ізүзауды сиырға, құлынды биеге, ботаны түйеге жамыратпандар. Мен қандай аңырасам жан-жануарлар, хайуандар да мендей аңырасын, зарласын,- деп бұйырды. Сол жарлық бойынша, төрт түлік малдың баласын енесіне жамыратпағалы мал шулап, азан-қазан больш тұрған соң, халыққа не береке, не тыныштық болсын? Хан өзі содан бері нәр сызбай, төсектен басын да көтермей теріс қарап жатыр. Ешбір жанның сөзі құлағына кірмейді, дыбыс та бермейді. Ел мен малдың қымғуыт-шымғуыт болып тұрған мәнісі сол! - депті Тоғас би.

Едіге би:

– Ханның өзі құдайға құл, Мұхамедке үмбет пе? - деп сұрапты.

Тоғас би:

– Әрине, құдайға құл, Мұхамедке үмбет, - депті.

– Ендеше ертең оның басын төсектен шошып оянғандай қылып көтертейін, - депті Едіге. Тоғас би:

– Оңалар істің басына, жақсы келер қасына дегендей, жақсы келдіңіз. Бүгін қонақ асыңызды ішіп-жеп, жайланып тынығыңыз, - дейді. Таң атқан соң Тоғас Едігені ертіп ханның ордасына барады. Хан қарамайды бұларға, дыбыс та бермейді. Сонда Едіге би шарт жүгініп отырып, ханға көңіл айтыпты:

– Ақсұңқар ұшты ұядан,

Қол жетпейтін қиядан.

Ақсұңқар қолдан ұшты,

Алланың әмірі күшті.

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,

Қияғы бүтін сұңқар жоқ.

Тұлпардың тұяғы, тасты басса кетілер,

Сазды басса жетілер.

Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті,

Құс маңдайлы, жез таңдайлы бір тұйғын

Балақ бауын үзіп тұғырдан ұшты.

Ей, хан!

Құдайдың саған бір жабдығы түсті.

Мойның жуан көтересің,

Түскен ауыр істі.

Көтермеске лажың бар ма,

Оны алған құдай онан да күшті.

Көтер хан басыңды!

Босатпа белінді,

Мұңайтпа елінді.

Тозбасты ұста соқпайды,

Өлместі құдай жаратпайды! -

депті.

Сонда хан төсектен басын жұлып алғандай көтеріп, Едігеге ежірейіп қарапты.

Көз таңбалы арғында Едіге деген бір жас бала бар деп есітіп едім, сен солмысың, басқамысың, әйнем! Жөнінді айтшы! - депті. Едіге: «Болсақ болармыз!» - дейді.

Уа, карағым! Көңіл «айтқан аузыңнан да айналайын, сені тапқан анаңнан да айналайын!» - депті хан. – Балам өлгелі сегіз күн болды, осындай бір сөз айтып, көңіліме тигізген жан жоқ. Балам тірілгендей көңілім тірілді, Едігежан! Енді менің осы қайғым қайтсе кетеді! Не қылсам бұдан құтыламын? Менің қайғымды көтеріп, орнымнан біржолата тұрғызып кете гөр, шырағым! - депті. Сонда Едіге:

– Ей, хан! Сенің бұл қайғың
Жиылған көптің тобында қалады,
Атылған мылтықтың оғында қалады.
Қыран құстың қияғында қалады,
Жүйрік аттың тұяғында қалады.
Аққан судың бойында қалады,
Сұлу жардың қойнында қалады.
Өлім деген өзекке түскен өрт емес пе?
Оны сөндіретін ойын, күлкі, сауық қой!

«Ит өз құйрығын өзі алып жүрмесе, оның құйрығын кім көтеріп жүреді» деген, бұрынғының сөзі бар емес пе? - депті. Сонда хан төсектен ұшып тұра келіп:

– Өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей болды ғой! - депті.

Едіге сонан соң төлдерді ежелеріне жамыраттырып, елді айналасына шақырып алып:

– Қазаға разы, пәлеге сабыр деген, тақсыр! Айтылғанды істемесең, өз обалың өзіңе, қайғы мойнында қалады, - депті.

Балпық би мен Дарабоз бәйбіше

Жалайырдың Суаннан мал ұрлауға барған екі адамы суға кетіп өліпті. Бұл өлімге Жалайыр елі құн сұраса, Суан Қожамбет би теңдік бермепті. Сол дауға Балпық би бармақшы болып, Жалайырдың атақты әйелі Дарабоз бәйбішемен ақылдасыпты.

Сонда Дарабоз бәйбіше айтыпты:

– Қайным, барам десең жолың болсын, бірақ Суанның Қожамбеті алдыра қоймас, сонда да барып қағысып көр, ақылы бар адам ғой, осы істі өзін бітір дер, сонда алынып қалма!- депті.

Балпық Суанға он адам ертіп барыпты. Балпықтың келгенін есітіп Қожамбет үй тіктіріп күтіпті. Үш күннен соң Қожамбет:

«Жолың болсын» депті. Балпық істің мәнін айтыпты. Қожамбет: «Бұл істің құнын өзің кес!» - депті.

– Біздің елден кеткен екі саяқ,
басына тиіп еді бұрын таяқ.
Ер састы, етегін басты,
Мен білсем осыған ел де, су да ортақ, -

депті Балпық.

Қожамбет дұрыс көріп, бір адамның құнын беріп, «жолыңа» деп бір нар түйе, бір жақсы ат беріпті. Балпық елге келген соң, Дарабоз бәйбіше: «Қайныма айт, олжасынан берсін», - деп сәлем айтып жіберіпті. Балпық «өзім жолығайын» деп Дарабоз бәйбішеге келіп: «Жол сұрағаның рас па?» -депті. Дарабоз бәйбіше:

«Әйел жолға шықпайды, жорадан құр қалмайды» деген бар емес пе еді? Қайным, білетін жолыңа білместік етесің-ау! - депті. Балпық сөзден тосылып:

Әкелгенім мынау, қайсысын аласың? - деп олжасын алдына салыпты. Дарабоз бәйбіше:

– Ағаң ұяң адам ғой, әдейі қайным әкеп берген олжа деп дүниелігімді артып жүрейін, ақ атанды бер! - деп атын өзіне қалдырып, атанды алыпты.

Қанайұлы Бекболат шешен

Абылай ханның тұсында Қарауыл Қанайұлы Бекболат би Қаздауысты Қазыбекке, Шақшақұлы Жәнібекке еріп, Кіші жүз алшынға бір дауға барады. Бітім сөйлесуге Кіші жүзден бір кісі шығады. Амандықтан кейін әлгі кісі алақанын ашып үндемей тұрады, Бекболат: «құп болады» дейді. Тағы да алақанын жұмып қолын созады, Бекболат: «құп» дейді. Саусақтарын жазып, қолын созып тұрады, Бекболат: «құп» дейді. Екі қолын түйістіріп, бірінің үстіне бірін салып тұрады, Бекболат: «құп» дейді. Тағы да сегіз саусағын көрсетеді, Бекболат: «құп! дейді. Содан кейін Кіші жүздің кісісі кетіп қалады. Бекболат қасындағы билерге: «дау бітті, біз енді елге қайтайық» дейді. Елге келген соң Абылай Қаздауысты Қазыбек пен Шақшақұлы Жәнібектен бітістіңдер ме? - деп сұрайды. Сонда екі биі төмен қарайды.

– Уа, неге төмен қарадыңдар? «Қатын ерге, ер жерге қарайды»

дегендей, мен сендерді дауға жіберіп едім ғой, - дейді Абылай. Сонда екі би:

– Мына Бекболат деген «құп» ұстап қайтты, - дейді. Абылай Бекболатқа қарап:

– Барушы да өзің, сөйлеуші де өзің көрінесің, енді өзің айтшы, - дейді.

Дауды көп сөйлескеміз жоқ, ол жақтан билікке шыққан адам қолымен біраз ишара көрсетті, оны мен өзімше ұққанымды айтайын деп ишара қылған түрін айтты да былай деді: «Бірінші – алақанын ашқаны: «алысуға да жараймын» дегені еді. Екінші – қолын жұмғаны: «ашсаң аянда, жұмсаң жұмырында, тату-тәтті тұрайық» дегені. Үшінші – қолын созғаны: «атса, шапса, қылыш, мылтық сенде де бар, менде де бар, жанжалды қоялық» дегені. Төртінші – бір қолын екінші қолының үстіне салып түйістіргені: «құшақтап көрісейік» дегені. Бесінші – саусағын көрсеткені: «сегіз күнде ханның алдына тарту-таралғымен барамыз» дегені. Сонда Абылай:

– Уай, бәрекелді-ай, алдамаса игі еді? - дейді.

Бекболаттың айтқанындай, Кіші жүздің кісілері сегіз күн дегенде тарту-таралғысымен Абылай ханның алдына келіпті.

Қазыбектің бір ер туралы айтқаны

Ұлы жүз Үйсіннің бір адамы, Төле биге келіп:

– Кіші жүздегі бір адамда бір ер бар. Мұндай ерді үш жүздің баласында ешкім мінген жоқ. Мен ол ерге сонша қызыққаныммен ер иесінің байлығы мен мырзалығы менен кем емес, дүние, пұлға қызықпайды. Сұрағаныма бермейді. Сіздің тіршілігіңізде осы ерді алып, бір ерттеніп мінсем деген ойым бар, биеке! - депті. Төле оған:

– Мен тірі тұрғанда ол тілегіңе де жетерсің. Кіші жүз өзінің асына шақырып отыр. Осы асқа сол мырзаң да келіп қалар. Сонда ретін тап та, жүгініске түсетін қамынды қарастыр. Оған билікті мен айтпағанда, кім айтар дейсің? - депті.

Үш жүздің баласы аста бас қосқанда, ерге құмартқан бай үш-төрт жылпың жігіттерін дайындап алып, өзі білетін ерді іздепті. Асқа ер иесі де келген екен, түсіп атын байлатып қойғанда, әлгі жылпың жігіттер:

Мынау көк арғымақтың иесі кім, үстіндегі ерін танып тұрмыз. Бұл

ермен жесірге бергісіз атымыз бірге жоғалып еді, - деп, айт-ұйт жоқ атты ер-мерімен алып кетіпті. Мұндай нақақ-қорлыққа жаны күйген ат иесі Төле биге келіп жайын айтса, ұлы жүз адамдарына қарап:

– Таныған еріңді ал да, атын өзіне қайтарындар, екі арыс елдің арасында бір тай әрі де, бері де жүрмей ме, жоғалған атыңды қумай-ақ қой! - депті.

Қатты назаланған кіші жүз жігіттері төбелес шығарайын десе, ас өзінікі, ел бүлінеді. Төбелес шығармайын десе көрінеу жасалған қиянат күйдіріп барады. Сонда астың аяғында Мәме би:

Ара ағайын Келдібектің Сарысы бұған не айтады екен? - деп Қазыбекке кісі жіберіпті. Қазыбек тарауға бет алған елді тоқтатып, ұлы жүз бен кіші жүзді екі жаққа отырғызып, ерді ортаға қойғызыпты. Содан кейін екі жаққа да ештеме деместен сабаумен ерді нұкып тұрып:

– Қапталың қайың, қасың без,
Қалмамбет шапқан бір ерсің.
Ұлы жүз бен кіші жүз,
Бір ерге қайтіп мінерсің?
Бүйте берсен, әй, Төле,
Сен де бір күні өлерсің.
Теріс билік айтсаңыз,
Тәңір алдында не дерсің?
Осы ер орнына қайтады:
Осы ер орнына қайтпаса,
Қалменіңмен күйрейсің!—

деп жүріп кетіпті.

Ұлы жүз жағы тұспалға жөнді түсінбей:

– Қазыбек не деп кетті? - деп Төле биден сұрапты. Сонда Төле би: Не деп кетуші еді. Келдібектің Сарысы айтпайды, айтса қол айтқанынан қайтпайды. Орта жүз бен кіші жүз жабылып кетсе, бізден не қалады, ерді орнына апарып тастаңдар! - депті.

VII. ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР

1. Тіл ұстарту
2. Бақылау жұмысы

Шешендік үлгілері

Шешендік арнау сөздер:

Байдалы мен Айғаным

Ел аузындағы аңызға қарағанда, Байдалы шешен бай бола алмапты. Дүние құрастырып, дәулет жинауға, сірә, ол кісінің қолы тимесе керек. Бірақ бай болмағанымен, кедейлікке бас иіп, құл да болмапты. Ол ақылын азық, асыл сөзін сусын етіп, дүниеден өткен ададардың бірі екен.

Байдалының ағайындары құнанын құдайындай, тайын тәңіріндей көретін сараң болыпты. Жұртта қалған жұрынды олжа көретін, ауысқанын алмай қоймайтын дау санаған дамдар екен. Байдалының дәуірлеп тұрған кезінде олар: «Ер-тұрманымызды ұрлағандардан айып әпередің, жесірімізді алғандарды ойсыратып жеңіп бермедің» –деп өкпелейді екен.

«Жығылғанға жұдырық» дегедей, кедейлікке кәрілік қосылады. Кәрілік тұсау, кедейлік бұғау болыпты. қарт шешен қанатсыз қыранша отырып қалыпты. Алайда ағайындарының емежарқы көмегіне сүйенген ол аштан өліп, көштен қалмапты.

Бірақ алмақтың да салмағы бар. Ағасы міне тұруға берген аттын, інісі берген кәрі саулықтың бодауын қайтара алмапты. Қарымжысы қайтпаған соң, аға мен інінің ағайыншылығы да қожырай бастапты. Баласы да болжыр болса керек, баяғыда еншісін алып, бөлек шыққаннан кейін, әйелінен асып, әкесіне көмек көрсете алмапты.

Байдалы: «Көмек көрсет, мынауыңды маған бер» деп ешкімге көзін сүзбейді, «барға қанағат, жоққа салауат» деп отыра береді.

Бір жылы құрбан айты келіпті. Байдалы айқа құрбан шалмапты. Шалуға қолайлы малы да болмайды. Сондықтан еш нәрсен білмеген тәрізді болып отыра береді. Байдалының бұл «айыбын» бетіне басқысы келген Таумұрын молда:

– Ауқатты ағаң, бай блан бар, інің де отқа қарап отырған жоқ, солардан неге сұрамайсың, құдайда қорықсаңқайтеді? – депті.

Құрбан шалуын айыпқа санамағанымен, жұрт алдында орынды сөзді айтпай қалуды кемдік көретін Байдалы шешен молдаға:

– Сөйлемесе сөздің атасы өледі. Айтпаса білмейтін саңырау бар, ашпаса көмейтін соқыр бар. Ағайындағы мал – даладағы мал. Сұраған адам, ұрлаған адам – қарақшы. Ұятсыз адамнан алып борышты болғанымша, алмай құдайың өзіне-ақ борышты болайын деп, құрбан шалмағаным рас, - депті.

Отырған ақсақалдардың ішінен Қонқабай деген:

– «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар, баласы бардың панасы бар» деген мақал бар емес пе, бұрынғылардың сөзін ұмытқаның ба? – депті Байдалыға. Сонда Байдалы:

– Е, Қонақпайым, сен жігіт кезінде жалтаң едің, қартайғанда қалтаң болайын деген екенсің. Мақалдап сөйлегің келеді, мақалда да мін бар. Молда айтқанның бәрі шариғат емес, бұрынғылар айтқанның бәрі қағида емес, - дейді.

Осы арада шешенді сөзінен ұстап, бір сүріндіріп қалмақшы болған молда:

– Мақалда мін бар дейсің бе? Онда әлгі мақалдың мінін тапшы, данышпан болсаң, өзің түзеп айтшы, - деп шап ете түседі.

Хан-қара, би-төренің алдында сөзден сүрінбеген шешен Таумұрын молдадан тайсалсын ба?

– Ол мақалды түзеп айтсам мен былай дер едім, - дейді Байдалы:

– Ағасы бардың, жақсы болса жағасы бар,

Жаман болса, інісіне жабар жаласы бар.

Інісі бардың, жақсы болса тынысы бар,

Жаман болса, ағасына берер жұмысы бар.

Баласы бардың, жақсы болса панасы бар,

Жаман болса, құдайдың берген пәлесі бар.

Осыны естігенде, Таумұрың молда лажсыз тоқтапты. Ақсақалдар аузын ашып қалыпты. Тек бәйбішелері ғана «рас, рас, қарияның сөзі рас» деп, бас изейді.

Байдлының бұл сөзін естіген ағайындары қатты ашуланады. Олар: «Алжыған шал, біз болмасақ әлдеқашан аштан өліп қалатын еді, енді қурап отырсын өзі» - десіп, содан былай қарайласуды мүлде тоқтатады.

Кедейлік кімнің қолын байламаған. Сол күннен бастап Байдалы шешен құрбысына қонақасы бере алмайды, жолаушыға «үйге түс» дей алмайды. Бірақ байлықты мұрат көрмеген шешен, жоқтықты ұят та көрмейді. Құла биенің күшін көлік, сүтін сусын, құлынын соғым етіп отыра береді.

Сол кездерде әйгілі оқымысты Шоқанның атасы Уәлихан қайтыс болыпты. Аты-тоны болмағандықтан Байдалы шешен жаназаға бара алмапты. «Әне барамын, міне барамын» деп жүргенде «қырқы» да өтіп кетеді.

«Қадірлес қария еді, келмегені несі, келіп көңіл айтпағаны несі» деп Уәлиханның ханымы Айғаным ішінен өкпелеп жүреді. Бір күндері Байдалы келіп, өзінің келгендігін сыртта тұрып білдіреді. Бірақ өкпелі ханым шешенді аттан түсіріп алуға тысқа шыға қоймайды. Сонда шешен атының басын кейін бұрып, тұра қалып:

- Ханы өліп,
Қайғырып жатқан, Айғаным.
Қара жамылып,
Ай-күні батқан, Айғаным.
Ханға сүйеніп,
Қоқай көрмеген, Айғаным.
Қамқаға оранып,
Шоқай кимеген, Айғаным.
Мен бір сөз айтайын, тыңдашы, –

депті.

Қара жамылып, жоқтау айтуға Айғаным құлағын тіге қалыпты. Сонда Байдалы шешен мынаны айтқан екен:

- Ер қартайды, мал тайды,
Екеуледі, ей ханым.
Қатын жалқау, ұл ынжық,
Төртеуледі, ей ханым.
Келін қатал кер болды,
Ағайын жат ел болды,
Алтаулады, ей ханым.
Кәрілік пен кедейлік,
Егіз келді, ей ханым.
Мұның бәрін санасан,
Сегіз болды, ей ханым.
Қаусаған жақ, иек бар,

Саудыраған сүйек бар,
Ауыл алыс жер болды,
Токсан темір тор болды,
Оннан асты, ей ханым.
Шығар жолды осыдан
Өзің тапшы,ей ханым.
Құла бие құлындап,
Келе алмадым, ей ханым.
Келдім, енді кетемін,
Ықылассыз ордаға
Ене алмадым, ей ханым! –

деп жүре беріпті. Айғаным үйден жүгіре шығып, шешеннің шаужайына оралады. Құрметтеп аттан түсіріп, үйге кіргізеді. Төрге отырған соң, Айғанымның жоқтау айтып, жылауға ыңғайланғанын байқған шешен:

– Айғаным, сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын. Жоқтауды қоя тұрып, тоқтауды тындасаң қалай болады, – депті.

Айғаным аңырып қалады. Сонда Байдалы:

– Қайрат деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейтін.
Қайғы деген жылан бар,
Өзекті шағып өртейтін.
Үміт, сенім, тілек бар,
Қуантып қуат алдырар.
Жылау деген азап бар,
Қуартып отқа жандырар.
Мен қайғынды қозғағалы келгем жоқ,
Қайратыңды қолдағалы келдім, –

депті.

Әдетте мұндай қадірлі адам келгенде, ханым қара жамылып, жоқтау айтар, жоқтау артынан Таумұрын молда құранын күңірентеді екен де, қаралы ханым қайғылы қалпын сақтап, орнынан қозғалмай ұзақ отырып қалады екен.

Бұл жолы мұның бірі де болмайды. Шешеннің келуі қайғылы ордаға қалыпты тіршілік орнатқандай болды. Айғаным өзі жүріп шай қойғызады, қой сойдырады. Ат қағып шөлдеп келген шешенге өз қолымен сусын береді. Ханым жадыраңқы болған соң, шешен де

жайғасып, шешіле сөйлейді. Мал-жан, ауыл-аймақтың амандығынан басталып, әңгіме ағыла береді. Шешеннің өзі Айғанымға әр түрлі ой салып, көңілін жадырата түскендей болады. Айғаным өкпе-назын айта бастайды.

– Ханмен қадірлес, халықпен сырлас қария едіңіз. Хан артында қара тұман қалды, қара тұман ортасында мен қалдым. Көзсіз көбелектей болып қалғанымда, осы уақытқа дейін ат ізін салмағаныңызға, несін жасырайын өкпелеп жүр едім. Мен сізді келер, келер де жылатар, жылатарда жұбатар, содан кейін ханға арнап бір жақсы құран шығартар деп ойлаған едім, мұның бірін де істемедіңіз. Бірақ бір түрлі көтеріліп, сергіп қалдым. Мұның мәнісі қалай? - деп сұрапты Айғаным шешеннен.

– Келген жерден білместігінді бетіңе айттым. Ол жылатыным емес пе? Қайғырып жатқан жеріңнен тұрғызып, ас-суынды өзіңе басқарттым. Бұл жұбатқаным емес пе? Ал, ханымның қайғысы жылаудан жеңілденбейді, ханның күнәсі құранмен жуылмайды. Сондықтан жылаулатпай, құрандапай келгенім рас. Мүмкін менің сөзім сенің қайғыңды емес, қайратыңды қолдаған болар, - дейді шешен.

Айғаным «рас, рас» деп басын изейді. Бағанадан бері шартта жүгініп алып, мүлгіп отырған Таумұрын молда осы кезде көзін ашып:

– Күнәкәр болдыңыз, шешен, күнәкәр, күнәкәр! - деп бажыраң-бажыраң етеді.

– Молдеке, сабыр етіңіз. Осыншама кесіп айтатын сіздің алдыңызға жүгініске келіп отырған жоқпын ғой, қалтаңызға саудыратып салып алып жүрген сауабыңыз болса, менен басқаларға үлстіре беріңіз. Құр қалдым деп өкпелмей-ақ қояйын. Атасы басқа молда түгіл, мен өз ағайындарымнан да еш нәрсені дәметпейтін адаммын. Ал, ханның күнәсі құранмен жуылмайтындығы, ханымның қайғысы жылаумен бітпейтіндігі туралы қай бидің алдына барсаң да, сенікі теріс, менікі дұрыс, - депті шешен.

Шешен сөзінің салмағына шыдамаған Таумұрын молда «дәрет алуды» сылтау етіп, қақырана-түкірене далаға шығып кетеді. Молда кеткен соң, еркіндей түскен Айғаным шешеннің қасына жақынырақ отырып, ойындағысын іркілмей айта бастайды.

– Ханның қайғысы оңай болды дейсіз бе маған. Өзім әлсіреп отырғанда, әлгібір молда құран оқыса, осы орда дөңгелене жөнелгендей болады. «Құлап кетемін бе» деп керегенің көгінен

ұстап, бүйірімді таянамын. Әңгіме айтса әзірейлі, жәбірейлі, мүңкір-нәңкір деген біреулерін айтады да мүлде зәремді алады...

Осы араға келгенде Байдалы шыдамаса керек, Айғанымның сөзін бөліп:

– Ай, Айғаным-ай, баяғыдан бері байқамап па едің? Бұл Таумұрын молда аузын ашса, оның көмейінен көр көрнетін еді ғой. Несіне зәрең ұшады. Өмір тұрғанда, өлімді сөйлегеннен без, төрінде отырып көрге сүйрегеннен без, - деп шешен теріс айналады.

Шешен алдында өзінің айыбын жеңілдеткісі келген Айғаным:

–Өзіңіз білесіз, ата-бабамыз молда ұстап көрген жоқ еді, оның сырын қайдан білейік. Хан қайтыс болған соң, бір тәуір молда табайық десті. Ол үшін әлгі керуен басы болып жүретін Тоқтарбайды Ташкенге де жібермекші болды. Тоқтарбайды шақырып алып сөйлескенде, ол «Ташкенге барып, өрік сатып отырған біреуді түйеге мінгізіп жеткізгенше, ханның сүйегі курап қалады. Одан да осы Таумұрынның өзін ұстай тұру керек. Менің байқауымша, осының да бірдеме айтуға жарайтыны бар» деп болмай отырып алғаны. Сол молдамыздың сиқы әлгі ғой! - деді.

Айғаным Байдалы шешенді сол сапарда үш күн мейман етеді. Шешеннің бұлай ұзақ жатуы Таумұрын молдаға ұнамайды. Ол Байдалы шешенге ерекше құрмет көрсеткен Айғанымға да ішінен қатты наразы болады.

Бір күні шай үстінде отырғанда, ауыл адамдарының бірі молдадан әйел туралы шарифат сұрайды. Осы арада Байдалыдай «күнәкәр» адамды құрметтеп отырған ханымға да бір қатты соққы беруді ойлаған молда кідірмей-ақ:

–Қатын билеген шаңырақ қараң қалады. Әйелдің айтқанын еш уақытта тыңдауға болмайды, - деп айтып салады.

Мұны естіген Байдалы ойланып қалады. Бұдан кейін бірер күн өтеді, шешен ауылына қайтуға ыңғайланады. Ауыл адамдары шешенге қош айытсып қалуға жиналады. «Қызыл көзді бәледен енді құтылатын шығармын» деп Таумұрын да ішінен қуанады.

Хан қайтыс болған соң, онан қалған мал-мүліктің біразы «хан талау» ретінде жаназаға жиналғандарға үлестіріліп, киімдері де денесін жуғандарға берілген екен. Ханға тән киімдердің ішінен бір айтулы қамқа тонды, жаназаға байланған малдың ішінен Көксырғанақ деген жорғаны Айғаным адамға бермей, әдейі алып қалған екен.

Мына аулына қайтқалы отырған шешенге соны жетектетеді, «ханның көзіндей көріңіз» деп қамқа тонды оның иығына жабады.

Осы арада: «Ілсем іліп қалайын, ілмесем Байдалының дүние жандылығын бетіне басып, күліп қалайын» деп ойлаған Таумұрын:

— Биеке, сауға олжаңыздың үстінен кездесіп отырмын. Өле алғанша, бөле алайық, - деп жабыса кетеді.

— Қалағаныңыз сіздікі болсын! Тіпті екеуін де алыңыз. Оның үстіне құла биенің де құлынын беріп кетуге де ойым бар еді. Кемпірім осылай қарай аттанарда: «Асарынды асадың, жасарынды жасадың. Молдаға бара жатырсың, мына құла биенің құлынын беріп, батасын алып қайт. Өлгенше дұғасынан тастамас» деп тапсырып қалып еді. Өзім де жол бойы солай етейін деп келіп едім. Кешегі бір шарифатыңызда: «Қатын билеген шаңырақ қараң қалады» деген соң, қараң қалады екенмін деп қорқып қалдым. Екінші жағынан, сіздің қайыр-дұғаңыздан бос қаламын ба деп қысылып та отырмын. Шарифат бойынша осының төрелігін беріңізші, молдеке, — дейді шешен.

«Бұл пақырдың ықыласы сонша ауғаны эзелде алла-тағаланың өзі құла биенің биылғы құлынын бізге нәсіп еткен болар» деп ойлаған Таумұрын молда:

— Биеке, сіз қапа болмаңыз. Шарифатқа симайтын нәрсе жоқ. Бағзы-бағзы уақыттарда әйелдің де сөзін тыңдауға болады. Кемпіріңіздің ниеті жақсы екен, қабыл болсын, қабыл болсын! — деп сақалын сипапты.

Шешен біраз ойланып отырады да, басын шайқап:

— Бағзы-бағзы ниеттер қабыл болмаса да болады ғой деймін. Мысалы, менің кемпірімнің құла биені суалтып, құлынды сізге берем деген ниеті қабыл болмаса, осыдан келер-кетері бар ма? - депті.

Таумұрын молда үндей алмай, қып-қызыл болып төмен қарайды.

— Молдеке, сіз де қапа болмаңыз, іліп қалмасаңыз, жүдеп қаларсыз. Ат пен тонның бірін алыңыз, - дейді Байдалы жер шұқып отырған молдаға.

Төмен караған қалпы Таумұрын едәуір ойланады. Сонда оның ойлағаны: «Өзі ал деп отырғанда, алғанның несі айып? «Алтын көргенде періште де жолдан тайыпты» деген. Батамды беріп, қамқа тонды алсам, қарам бола қоймас» деп ойын орғытады да, «иллаһи» деп екі қолын жоғары көтере бергенде, Айғаным:

— Молдеке, «бүреуге бұйырғанды біреу жемес болар» деп

өзіңіздің айтқаныңыз бар-ды. Қарияның несібесіне қол сұқпаңыз. Сіздің сыбағаныз бөлек, – дейді.

Бір жайылып қалған қолын қайта түсіре алмаған молда Айғанымға, біресе Байдалыға жаутаң-жаутаң қарай беріпті. Сонда Байдалы:

– Бағзы-бағзы шарифат бар,
Тек шатақ үшін таралған.
Алуан-алуан молда бар,
Тек алу үшін жаралған.
Олар «ал» дегенді өлтіріп,
«Бер» дегенді ғана қалдырған.
Сұрауменен сұрамсақ күн көреді,
Ұрлықпенен сұғанақ күн көреді.
Үзіп-жұлып күн көрмесе,
Бұл пақыр аштан өледі, – дейді.

Қашан бірдеме ілінгенше қармағын судан алмай, жаман үйреген Таумұрын назаланған пішінмен жаюлы қолын жимайды. Осы жолы оның алақаны «бересің бе, болмаса тағы бірің өлесің бе» деп тұрған тәрізді.

«Оңай олжа тауып үйренген адам арсыз келеді, арсыздардың адамдықты жеңетін де жері болады, бұл тілеуі құрғырдан не беріп, не өліп құтылмасаң, құтыла алмайсың» - деп Байдалы тонды иығынан сыпырып, молданың алдына тастайды. Шешенге арналған сыбағаны арашалауды ойлаған біреу: «қаз тойғанға емес, орғанға семіреді, молдеке, сауға-сауға» депті. Сонда Таумұрын:

– Е, менің де дос-дұшпаным бар. Кемпіріме көркейіп барайын, - деп тонды өзіне қарай тарта түседі.

– Қамқа тон қарияға барып та болған жоқ, қария оны алып та болған жоқ. Алатын болсаңыз, үйіне барып алмайсыз ба? Ордамның ішінде отырып аң аулағаныңыз шарифатыңызға шақ келе ме? Ханнның көзіндей көрсін деп мен бұл тонды қарияға бердім. Қария, мен берген тонды киіңіз мен берген жорғаны мініңіз, сізді мен шығарғалы отырмын, - деп Айғаным орнынан тұрып, киіне бастайды.

Шешенді аттандырып жіберуге айғаныммен бірге жұрттың бәрі үйден шыққанда, орнынан тұра алмай, отырып қалған Таумұрын:

– Япырай - ә, келіп тұрған нәрсенің кетіп қалғанын қарашы. «Қатын билеген шаңырақ қаран қалады» деген осы-ау! Ой, тобай, ой, тобай! - деп басын шайқап қала береді.

Айғаным Көксырғақтың шылбырын өзі ұстап, шешенді өз қолымен аттандырады да, кермеде тұрған боз жорғаны ер-тұрманын жарқ-жұрқ еткізіп өзі мінеді. Соңынан қарағандарға қос жорға жер баспай, әншейін сырғанап бара жатқан сияқты көрінеді. Құлынды бие жетелеп, қос жорға мінген шешен мен ханым ел маңынан аулаққа ұзай береді.

Бір мезгілде Айғаным, көк майсалы далаға бір қарап күрсініп алады да, сөйлей жөнеледі:

– Ақыл алтау, ой жетеу болып тұр, қария. Хансыз қаңырап так қалды. Қалың дәулет бақ қалды. Ханды қарытып, биді арытқан қария едіңіз, айтар ақылыңыз бар ма? - дейді.

Байдалы үндемейді, қалың ойға батып, кәрі көзін сығырайтып, әлдеқайда алысқа қарайды. Арқасынан аяз өткен адамша қайта-қайта тітіркеніп қояды. Қамшы ұстаған қолы төмен түсіп, тежеулі тізгін де босап кетеді. Жай ғана жайылып келе жатқан Көксырғанақ әуелі аяңға, одан кейін ілбуге түседі. Ақырында Көксырғанақ тоқтайды. Сонда Айғаным:

– Неге кідірдіңіз, Көксырғанақ болдырды ма, неге тітіркендіңіз, қамқа тон тондырды ма? - дейді.

– Ат болдырып та тұрған жоқ, тон тондырып та тұрған жоқ, бірақ осы ат пен тон оңдырып та тұрған жоқ. Көптің көзінше сыйладың, онаша шығарып алып қинадың. Қаусаған шалды қыран шалмас қияға салғаның неткенің? Таққа отырғың келеді екен, оның несін менен сұрайсың. Қай хан халықтан сұрап таққа отырып еді, - деп шешен Айғанымның бетіне қарады.

Айғаным «ойымдағыны таптың» деген пішінмен жымыып қана басын изейді. Сонда қарт шешен:

– Мені қинап тұрған бұл емес. Таққа ие болу – халыққа ие болу! Абылай да өзінше жақсы хан болғысы келді. Еліме емшекті қабат емгізсем дегенді ойлады. Бірақ ол Абылайдан сыңар емшекке қарап ел де қалды, елмен бірге құла биенің сүтіне қарап қыстан таяқ жемесе, ел ерні кезермесе, менің де ернім кезермес еді. Жазғы шөл, қысқы жұттан елді құтқаратын қамқоршының қайда екенін білмеймін. Жер емшегі мен мал емшегін елдің қашан қабат еметінінде айта алмаймын. Бағанадан бері мені қинап келе жатқан ой осы еді, - депті.

Осыны айтып Байдалы би ілгері жүріп кетіпті. «Көріскенше, қош болыңыз» деп Айғаным ойланып, орнында тұрып қалыпты.

Елді бекем билейді, бекемді шешен билейді

Бекболат бидің бәйбішеден тоғыз ұлы, тоқалдан Тіленші дейтін бір ұлы және бір қызы болыпты. Бекболат қартайғанда ағайынның жақсылары жиналып келіп:

– Жасыңыз болса жетті, орныңызды ұстап, кісі қылуға балаларыңыздың қайсысын ұйғарып жүрсіз? Сіздің көзіңіздің тірісінде құрметтеп, бата берейік деп едік, - дейді. Бекболат біраз үндемей, көзін жұмып толғанып, ыңыранып отырады. Тіленшіні айтайын десе бәйбішесінің көңіліне қарайды. Әкесінің қиналып отырғанын қызы байқап:

– Қаракесектен шыққан он екі ата елді Бекем билеуші еді, Бекемді шешем билеуші еді. Бекем шешемнен қаймықпаса, тоқалдан туды демесе, Тіленші жанның ел ұстамайтын несі бар? - дейді. Сонда Бекболат көзін ашып:

– Баланың сөзі рас, сол немеден үмітім бар. Бірақ ел жұмысынан ойлаған ойы жоқ секілді. Қойшы-қолаңшымен ойнай беруші еді, - дейді. Сонда бәйбіше:

– Сол немеден менің де үмітім бар еді... Тіленші қайда? - дейді. «Жылқы суара кетіп еді» дейді қыз. Отырған жақсылар:

– Оған өзіміз барып жолығып қайтайық, - деседі. Бұлар іздеп келсе, Тіленші су жағасында қойшылармен алысып ойнап жүр екен. Кісілерді көрген соң, Тіленші сәлем береді. Келген жақсылар:

– Мынау қойшы-қолаңшымен алысып жатқаның не? - дейді. Тіленші сөзді тыңдап болып былай дейді:

– Әкем Бекболат он екі ата елді билеп еді, елдің жуаны келсе қабағын ашып, жадырай сөйлеуші еді. Нашар, жіңішке атаның балаларын елемей, мұңын жүре тыңдайтын еді. Олар арыз-мұңын айта алмай кеткендей көрінетін. Сонда мен: «Егер билікке қолым жетсе, нашарлар жасқанбай арманын айтатын кісі болсам» деп, ойлаушы едім, сол үшін бұларға осы бастан бойымды үйретіп жүрмін. Мұны естіген ел жақсылары:

– Балам, біздің ойлағанымыз бұл емес еді, сенікі мақұл екен. Тусаң ту, бәрекелді! - деп баталарын беріпті.

Бекболат пен бір төре

Қарауыл Бекболат шешенге бір төре орыс сұрақ қойып:

– Құдай қайда тұрады? - депті. Бекболат төреге «мылтығыңды атшы»

дейді. Анау шүріппені басады.

– Оғы қайда түсті? - дейді сонда Бекболат.

– Қайдан білейін? - дейді төре.

– Өзің атқан оқтың қайда екенін білмейсің, он сегіз мың ғаламды жаратқан құдайдың қайда тұрғанын мен қайдан білейін? - депті Бекболат.

– Күншығыс пен күнбатыстың арасы неше күншілік? - депті төре.

– Жаз қағазына, бір күншілік, - дейді Бекболат.

– Оны қайдан білдің? - дейді төре.

– Күн таңертең шығады, кешке батады, арада қонып түстенгенін көргенім жоқ, - дейді Бекболат.

– Көк пен жердің арасы неше шақырым? - дейді төре.

– Бір шақырым, - дейді Бекболат.

– Оны қайдан білдің? - дейді төре.

– Көкте періштелер дауыстайды, біз оны естиміз, дауыс бір шақырым жерден естілмей ме? - дейді Бекболат.

– Қазақ асылының асылы не, жасығы не? - дейді төре.

– Қазақ асының асылы да айран, жасығы да айран, өйткені айран алғаш шыққанда шәрбат болады, қымыз шыққанда іркіт болады, - депті Бекболат шешен.

«Шернияз ақын мен Едім»

Шернияз қоналқыға бір ауылға келеді. Бірақ үй иесі: «Үйімде кісі бар», - деп қондырмайды. «Анау ауылға барып қон», - деп алдағы ауылға сілтейді. Сонда Шернияз:

– Қарағым-ай! Өз үйіңе келіннен батып қондыра алмай тұрып, «анау ауылға барып қон» дейсің. Ол ауылға үкімің жүретін болса, «мына кісіні қондыр» деген қолыңнан бір жапырақ қағаз бере қойшы» - дейді.

Үй иесі «өзің кім боласың?» - деп сұрайды.

– Өзіңнің бір қондыратын адамың бар шығар, айтып қарашы, сол болайын, - десе оған үй иесі көнбейді.

Сонда Шернияздың айтқаны екен:

Жаз жайлауым сұрасан,
Жаңабай көлінің жағасы.
Қыс қыстауымды сұрасан,
Шыңғырлаудың саласы.
Майлыбай-Кете руым,
Шернияз ақын мен едім,
Жарлығас бидің баласы.
Көліктің басын бұр бала,
Қондыратұғын емес қой,
Мынау үйдің шамасы.

Үйде отырып мұны естіген қонақтар жүгіре шығып, ақынның шылауына оралып үйге түсіріпті.

Сөздің атасы мен анасы

Қаздауысты Қазыбектің атағы шығып тұрған кезде аулына бір саудагер келіпті. Түстеніп болған соң Қазебекке:

– Сізден бір сөз сұрайын деп едім, - депті. Бір керуен едік, өзара дауластық та, ойластық та, бірақ шешуін таба алмай қойдық: «Сөздің атасы кім, анасы кім?»

Қазыбек ойланып қалады.

– Япырай, өзбектің саудагері ғана білмейді екен десек, қазақтың Қазыбегі де білмейді екен ғой; биыл таппасаңыз ендігі жылы табарсыз, - деп саудагер үйден шығып кетеді.

Қазыбек орнынан ұшып тұрып, іле-шала тысқа шықса, саудагер асығыс атқа мініп қалған екен.

– Япырай, саудагердің ісі сарт-сұрт деген рас екен ғой! Артыңа қарамай аттанғаның не? Әлгі сөздің шешуін іздеп, ендігі жылы тағы келіп, сауданнан қаларсың, артыңа қарамайтын болып кет. «Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық! Жолың болсын, жүрген жеріңе айта жүр!» - депті Қазыбек.

Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім

Ноғайлының ханы Әз Жәнібек халықты жиып:

– Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім болады, соны кім табады? - депті.

Жиылған халық көп дағдарып: Үш арсыз: ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз. Үш ғайып: қонақ ғайып, несібе ғайып, ажал ғайып,- деп шешіпті.

Бірақ үш жетімді ешкім таба алмапты. Сонда Әз Жәнібек хан:

– Елде келмеген кім қалды? - деп сұрапты.

– Келмеген Қарабас шешен қалды, - депті халық. Әз Жәнібек Қарабасты шақыртып алып, әлгі сөздің шешуін сұрапты: Сонда Қарабас:

– Жетім үшеу емес, бесеу еді ғой!

Оты жоқ жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім.

Елінен ауған ер жетім,

Тыңдаушысыз сөз жетім,

Жоқтаушысыз қыз жетім,-

дейді.

Сонда Әз Жәнібек:

– Сенің атыңды қоюшы адам ақылсыз екен. «Қарабас» дегенше «Алтынбас» десе болмай ма? - деген екен.

Білгендерден ғибрат ал

Керей Жалайыр Абыз жүз жиырма жасқа келіп, қартайып отырған кезінде, Әсет би келіп, амандасып болған соң:

– Е, Абыз, жасыңыз келіп қалды, Абыз айтушы еді деп айтып отыратын бір сөз айтыңызшы, - депті. Сонда Жалайыр Абыз былай дейді:

Ата-ананың қадірін

Балалы болғанда білерсің.

Ағайынның қадірін

Жалалы болғанда білерсің.

Балалықтың қадірін

Саналы болғанда білерсің.

Асыл менен жасықты

Бағалы болғанда білерсің.

Бостандықтың қадірін

Жабылғанда білерсің.

Қалтаңдағы ақшаңды

Қағылғанда білерсің.

Денсаулықтың қадірін
Ауырғанда білерсің.
Ақ бетіңнің қадірін
Қан кеткенде білерсің.
Ақ білектің қадірін
Әл кеткенде білерсің.
Жиырма бестің қадірін
Жас кеткенде білерсің.
Қара көздің қадірін
Нұр кеткенде білерсің.
Татулықтың қадірін
Дос кеткенде білерсің.
Жақсы әйелдің қадірін
Өлгенінде білерсің.
Жақсы туыс қадірін
Көмгенінде білерсің.
Аяқ-қолдың қадірін
Ақсағанда білерсің.
Отыз тістің қадірін
Қақсағанда білерсің.
Қызыл тілдің қадірін
Тоқтағанда білерсің.
Білгенінді сөйлеп қал,
Білгендерден ғибрат ал!

Шешендік толғау сөздер:

Бұл дүниеде не жаман?

Біріншіден не жаман –
Білімсіз туған ұл жаман,
Екіншіден не жаман –
Ененің тілін алмаған,
Тілазар туған қыз жаман.
Үшіншіден не жаман
Үшкіліксіз пішкен тон жаман.
Төртіншіден не жаман

Төресін әділ бермеген,
Парақор болған би жаман.
Бесіншіден не жаман
Бес уақты ақ намаз
Қаза болған сол жаман.
Алтыншыда не жаман
Алтын тақтың үстіне
Толықпай мінген хан жаман.
Жетіншіде не жаман –
Жеткіншектен оқ тиіп,
Жер таянған сол жамап.
Сегізінші не жаман –
Серке санды ат мініп,
Ат құйрығын шарт түйіп,
Жоқ қараған сол жаман.
Тоғызыншы не жамап
Толықпай түскен жар жаман.
Он дегенде не жаман –
Оймақ ауыз, қиғаш қас,
Жазық маңдай, қара шаш
Бір перзентке зар болса,
Бәрінен де сол жаман.

Байқасаң, жақсы қандай, жаман қандай?

Асып тұрған жақсыны
Алыс қой деп ойлама.
Ақылсыз туған жаманды
Жақыным дел ойлама.
Атам бар деп мақтанба,
Топта айтар сөзі жоқ болса,
Балам бар деп мақтанба,
Ақылсыз туған боқ болса,
Ағайыным бар деп мақтанба,
Дос пен дұшпан келгенде
Қарасары жоқ болса.
Ер жігіттің белгісі

Қара бура нармен тең
Талапсыз ердің тірлігі
Қара топырақ жермен тең.
Саясы жоқ бәйтерек –
Сазға біткен талмен тең.
Пайдасы жоқ көп байлар –
Арам өлген малмен тең.
Жетесі жаман бозбала,
Тоқсанға келген шалмен тең.
Талапты жігіт нармен тең,
Білімді жігіт нұрмен тең.
Жаманды көп деп санама,
Мың болса да бірмен тең.
Көңілі жерде данышпан –
Сәулесі түскен түнмен тең.
Талапты туған ер жігіт,
Жарлы да болса баймен тең.
Басыңнан тайса бақ-дәулет,
Жандай досың жатпен тең.
Басыңнан бағың тайса,
Араз болып ағаң келмес,
Наразы болып балаң келмес.
Абыройың басыңнан тайған күні,
Шын сөзінді айтуға шамаң келмес.
Араз боп бірге туған інің келмес,
Топқа барсаң бұрынғыдай түрің келмес.
Бағың тоқтап, маңдайың қайтқан күні,
Аттап басқан аяғың кейін кетіп,
Сандуғаштай сайрауға тілің келмес.
Байқасаң жақсы қандай, жаман қандай,
Жанды кинап, жүрмеген шабан қандай.
Абыройың басында тұрған кезде
Көпке сөзің қадірлі шекер балдай.
Ақылды күлкі де жоқ, ашу да жоқ,
Кемдік көрсе тарылып сасу да жоқ.
Басына қап тауындай бақыт қонса,
Шарасындай шалқиып асу да жоқ.

Айдан жақсы нәрсе жоқ

Сынаманың сұлу сөзі.
Су түбіне кетіреді.
Қыздырманың қызыл тілі
Сүйгеніңнен кетіреді.
Біреу сөз береді,
Біреу бөз береді.
Сөз бергеннің сөзіне ерсең,
Басыңа бейнет болар.
Бөз бергеннің бөзін алсаң,
Үстіңе көйлек болар.

Айдан жақсы нәрсе жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен жақсы нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Ағайыннан жақсы нәрсе жоқ,
Тілге бар да, дінге жоқ.

Жақсыдан жақсы туса,
Еккен шынарың емес пе!
Жаманнан жақсы туса,
Елдің шырағы емес пе!
Жақсыдан жаман туса,
Шамшырағың өшкені емес пе!
Елге үлгі айтар ерің болмаса,
Құт-берекең көшкені емес пе?!

Әуеде бұлт бар

Әуеде бұлт бар,
Ауруда үміт бар.
Алпыс пенен хәм қысқаны,
Ақыл білер әр нұсқаны.
Не іс қылса артын ойлар,
Адамзаттың данышпаны.
Иттің бәрі тазы болмас,

Еттің бәрі қазы болмас.
Арам пиғыл бақыл адам
Халыққа үлгі қажы болмас.
Таман жұлдыз айға жетпес,
Таман кедей байға жетпес.
Тойғаныңша жасық жесең,
Бір асаған майға жетпес.
Көрмеген жер таныс болмас,
Көрінген жер алыс болмас.
Әр нәрсенің болжауы бар,
Ши жуандап қамыс болмас.

Шешендік дау:

Талассаң бағаң кетеді

Екі елдің басшылары шабындыққа таласып келе жатып, қой жайып жүрген он төрт жасар Күдеріге кез болады да: «Кел, осы балаға жүгінісейік» - дейді.

– Біз шөпке таласып келе жатырмыз. Олар: «Біз орамыз» - дейді, біз: «Жоқ, біз орамыз» - дейміз. Осыған жас та болсаң төрелік айт,- дейді даугерлер.

Сонда Күдері баланың айтқан төрелігі:

Өзімнің атым Күдері,
Ер Көшектің баласы.

Талассаң бағаң кетеді,
таласпасаңдар не етеді?

Бірлік қылсаң, ағалар,
Анау тұрған шабындық,
Баршаңызға да жетеді.

Дүние деген жалған ғой,
Бастарыңнан әлі-ақ өтеді.

«Бала да болсаң атаңа рақмет, төрелігіңе құлдық. Бала гүрлы ақылымыз жоқ екен»- деп, шөпті бөліп, даугерлер жай-жайына кетеді.

Жарысқа түспей бәйге алмас

Арғын мен Тобықтының арасында бір үлкен жесір дауы болыпты. Әр рудан келелі билер жиылып, бастығы Абылай болып, ішінде жеті айлық баласымен кеткен қатынның дауын шеше алмайды. Екі ауылды бітістіре алмай дағдарып отырғанда, есіктен бір жас бала сәлем беріп кіріп келіп, іркілместен үлкендерге былай дейді:

–Алдияр, алдарыңа сын қоямын,
Жақсыға осы отырған мін қоямын.
Үш жүздің қиюы кеткен дауындай-ақ,
Бітпегенге қапа болып ұяламын.
Келіп ем ағаларды көрейін деп,
Даулары не нәрсе екен білейін деп.
Бітіспейтін қандайлық жұмысы бар,
Отырсыз бәріңіз де уайым жеп.
Досқа сал, аралық сөз айта аламын,
Дұшпанды жалғыз сөзбен қайтарамын..
Маған бер осы даудың оң тізгінін,
Десендер тыныштықпен жай табамын,-

депті.

Сонда Абылай сөзіне разы болып бата беріпті:

–Бала, сенің жортқанда жолың болсын,
Басыңа бақыт, кеудеңе саңа толсын.
Жалғыз айттың, үш жүзді салдың,
Соның үшін «Жеке би» атың болсын,-

деп, баланың атын «Жеке би» қойған екен. Сонан соң хан:

– Шырағым, қай елдің кімнің баласы едің? - деп жөнін сұрайды.
«Тобықты едім» деп жөнін айтқаннан кейін, Абылай балаға:

– Шырағым, бұл – мына отырған ағаң Шыбынтай мен Жәнібек ақсақал екеуінің дауы. Жесірі кеткен ашулы ағаң тоқтамай отыр. Осы сөздің бітімін айтып, елді тарқатып көрші,- депті.

Сонда бала:

– Көрінбей іште кеткен жеті айлық балаға,
Жеті мұрнын теспеген бота-тайлақ аз бола ма?
Жеті айлық баласымен жесір алған кісіге,
Жеті мұрнын теспеген бота-тайлақ көп бола ма?-

депті

Отырған хан мен билер билігіне ырза болып, тобықты
Шыбынтай биге:

– Бұрын бұл баланы қайда сақтап жүр едің?- дейді.

Сонда Шыбынтай қарт:

- Текті тұлпар болса да,

Жарысқа түспей бәйге алмас.

Нәсілінің заты бар болса,

Сол бәйгеден тай қалмас, –

деген емес пе? Ойнап жүрген жас баланы түс тоқтатып, кім байқапты,
- депті. Қасына баланы алып, қош айтысып кетіп бара жатқанда,
Арғын Жәнібек батыр таяғына таянып, екі көзін алмай қадалып
қарап тұрып, Шыбынтай тасаға кеткен соң, үйге келіп билерге
айтыпты:

– Мына тобықтының жеткіншек баласы алты алашқа үлгі
айтарлық ұлан екен, құста сұңқар қыран екен, жылқыда тұлпар құнан
екен, асыл туған қарақ екен, әттең өмірі аз-ақ екен. Олай дегенім:
Әлгі бала атқа мініп бетін түзеп жүрген соң артынан қарап тұрып
едім, ұзамай екі иығынан екі шам жанғандай көзіме көрініп тұрды да,
белге шықпай сөніп қалды. Менің жоруымша, белге шықпай
жарығының сөнуі өмірінің қысқалығы, бұл бір. Екінші, аса текті
болып туған екен, нәсілі белге шығарлық, сірә, бабасы жабайы
адамдар болар! - деген екен.

Кеден кеден болды

Ел арасы даулы болып, Кіші жүздің бір топ кісісі Орта жүздің
жылқысын барымталап бара жатқанда жай түсіп, бір адам өледі.
Кіші жүз Сылдыр көмей темір жақ шешенді бас қылып, Орта
жүзден құн сұрай келеді.

«Құнды қылышпен алмас, қисынмен алар» деп Орта жүз дауға
Айыр көмей сүйір жақты шығарады. Сонда талапкерлердің алдынан
шығып Айыр көмей сүйір жак: «Қара жамылып, қаралы ту тігіп,
қалың қол келетін менде нең бар, ағайын?»- дейді. Сонда Сылдыр
көмей темір жақ шығып:

– Кеден кеден болды,

Кедергі неден болды?

Ебелең елден болды,

Жобалаң жолдан болды.

Жерің ала болды,
Бұлтың шала болды.
Біздің елде жай түгіл жауын жоқ,
Бұл өлім сенен болмай неден болды? -
дейді. Сонда Айыр көмей сүйір жақ тұрып:

– Аймен амалдас емеспін,
Күнмен күмэндас емеспін.
Жермен жесірлес емеспін.
Бұлтпен бұландас емеспін.
«Ат» деп мылтық бергенім жоқ,
«Шап» деп қылыш бергенім жоқ,
Отын қойып бергенім жоқ,
Оғын жонып бергенім жоқ.

Өзіңнен маған құдайдың бір атасын жақын қыл да, менен адамыңның құнын ал, ағайын! - дейді.

Сылдыр көмей темір жақ Айыр көмей сүйір жақтың сөзінен тосылып, Кіші жүз айыпқа өздері тоғыз төлеп, еліне қайтқан екен. «Кеден кеден болды, кедергі неден болды?» - деген сөз содан қалған екен.

Алшын дауы

Орта жүзден Жұлқар деген бір кісі үш түйеге тары артып, ел аралап, сауда қылып жүріп, кіші жүзге барады. Сол елде Жұлқарға алты жігіт кездесіп:

– Уа, ақсақал, жол болсын, қай елдікісің, неғып жүрген адамсың? - деп жөн сұрайды. Жұлқар аты-жөнін айтып: «Өздерің кімсіңдер?» - дегенде, жігіттер: «Біз Әйтеке–Бәйтілес деген билердің елінікіміз» - дейді. Содан кейін жігіттер шалды айналдырып жібермей, тонауға ыңғайланады. Сол уақытта шал:

– Уа, қурап жүрген шалды өлтірем деп Айдабол–Қаржасқа жем боларсыңдар! - дейді.

Бір қалтарыста жігіттер шалды өлтіреді. Жұлқар үшті-күйлі жоқ болып кеткен соң елі жоқтайды. «Бұл қолды болды, біреу өлтірді ғой! Мұның жүрген жеріндегі қалдырған сөзінен іздеп таппасақ, басқа жол жоқ» - деп әр елге екі-екіден тыңшы жібереді. Сондай екі тыңшы Әйтеке–Бәйтілестің елін аралап жүріп, дөңде асық ойнап жүрген бір топ балаға кез болады. Балаларға қарап тұрса, бір-екі бала ойын

арасында өлендете жүріп:

«Қурап жүрген шалды өлтірем деп Айдабол–Қаржасқа жем боларсың»- дегенді айтып қалады. Соны есітіп, ұғып алады да, екі тыңшы естігенін еліне келіп мәлімдейді. Содан кейін Жұлқарды даулауға елден жүз кісі аттанады, басшылары Шоң би, Айдабол би, Өте би болады. Әйтеке–Бәйтілестің еліне барады. Бұлар барған соң Әйтеке–Бәйтілес елінен сөйлеске үш ақсақал шығады. Сөз басталғаннан кейін Алшынның кісілері:

– Уа, кісің нешеге келіп еді? - дейді.

–Алпыстан асып еді, аяғы жетпіске қадам басып еді, - дейді Қаржас жағы.

–Уа, кісің алпыстан асса, аяғы жетпіске қадам басса, алпыс екі тамыры суалған екен, сақал-мұрты қуарған екен. Олай болса, кісің жарты кісі болған екен. Отыңның басын босатқан екен, жарты құн алып біт! - дейді.

Ол уақытта кісінің құны жүз жылқы, қара нар, қалы кілем, қалыңсыз қыз, алты қанат ақ үй, қарғылаған қара тазы, үш құл, үш күң екен. Осының жартысына бітім болады. Барған адамдар бітім жасап елге қайтады. Жұлқардың жақын адамдары бітімге риза болмайды. «Сендер пара алған екенсіңдер, болмаса біздің кісіміздің құны бұл емес еді, біз енді Абылайға барып айтамыз» - деп ханға арыз қылады. Бұл хабарды Алшын елі есітіп сасады. «Біз енді бүлінеміз, ел болудан кеттік, Абылайға тағы да тарту-таралғы керек, енді қайтеміз!» - десіп, ақылдасып жатқанда, он төрт жасар бір бала:

– Уа, сендер саспандар, Абылайға мен барып, жауапты мен берейін. Егер сендер барып сөзден жығылып қалсаңдар, қиын болар. Мен Абылайға істің жайы мынадай деп жауап беріп тұрсам, аяғын Абылай да андап басар. Маған бір жүз ділдә беріңдер, алты жолдас еріңдер, екеуі бас білетін, екеуі ат қоятын, екеуі тіл білетін болсын, - дейді.

Жұрт баланың сөзін тындап, айтқан кісілерін ертіп, жүз ділдә беріп жөнелтеді.

Бұлар Абылайға жақындап, ел шетіне келген соң түскен ауылдарынан «Абылайдың төрт жарғыш биі бар деп еді, Алшынның дауына билік құратын кезек қайсынікі екен, білесіздер ме? - деп сұрайды бала.

– Қаздауысты Қазыбектің реті, - дейді ел.

– Ол қандай кісі, пішін, келбеті қандай? - деп сұрайды бала.

– Қабағы түксиген, кірпігі ұзын қара кісі, қазша қаңқылдап сөйлейді,— деседі.

Сол кезде Абылайдың бір баласы өліп, хан қайғыланып жатыр екен. Хан келген кісіге басын көтермей, аяғын жимай жата береді екен. Сонда ханға Қазыбекұлы Бекболат шешен келіп: «Уа, хан, көтер басыңды!» - дегенде, Абылай басын көтермепті. Бекболат: «Дос көтерер көңілді, мал көтерер өлімді, төгілген толмайды, өшкен жанбайды, кеткен келмейді. Уа, бекем бу белінді, көтер басыңды, төрем!» - дейді. Хан оған да басын көтермейді. Сонда Бекболат:

– Уа, төрем, құдай алғанын қайтып бермейтін, өлген кісі тіріліп қайтып келмейтін. Уа, туып еді елің сүйінді, өліп еді жерің сүйінді. Уа, дүниеде екі ит бар еді, бірі төре ит, бірі түйе ит. Төре ит жатса тұрмайды, түйе ит қисайса түзелмейді, екі ит өзін білесің! - дейді.

– Рас айтасың, Бекболат! - деп Абылай басын көтеріп алады. Жиналған жұртқа: «Бекболат, Бекболат!» десем, күндейсіңдер, осы Бекболаттай біреуің сөйлемейсіңдер. Мен өліп кетсем қайтесіңдер? Ас етті, сапыр қымызды! -дейді хан. Қымыз ішіп мәжілісте отырғанда, Әйтеке–Бәйтілестің жіберген баласы қасындағы жолдастарымен ордаға кіріп келеді. Билерге қолдасып амандасып жүріп Қаздауысты Қазыбектің қолына жүз ділдәні ұстатып кетеді.

Оны Үйсін Төле би мен Алтай Құнанқара бидің көзі шалып қалады. Бала Абылайдың алдына барыш отыра қалып:

«Салаумалейкум, тақсыр хан! Аман бармысыз? Сізге сәлем де деді Әйтеке–Бәйтілес деген қартымыз. Мынау отырған қара сақалдың сопағы, бұның кісісін жұтқан қалың қара қопағы. Ұлы Сұлтан мен емес, өлгеніңе жан беріп сөз сұрайтын, өзі набырсыз мен емес, қаңтарда қайырып салып қатырып тастайтын. Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракесек Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек болғанда, бірің балға, бірің төс, бірің гауһар, бірің күміс, бірің піш те, бірің кес!» - дейді. Сонда Қаздауысты Қазыбек:

– Балам, төрт кісінің антын өткізсең де ерік, жиырма жылқы құн берсең де ерік! - дейді. Абылай: «Әлей!» - дейді. Бала жолдастарын ертіп ордадан шығып жүре береді.

Сол кезде Қаракерей Қабанбай батыр: «Балам, көпке жүрмессің!» - дейді.

Қанжығалы Бөгенбай батыр: «Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас, аңдысқан ауыл болмас, есептескен ел болмас» - дейді.

Шақшақұлы Жәнібек батыр отырып: «Әй, бәрекелді-ай, жетесізге некесіз жолықпаса игі еді!» - дейді...

Сонда Қаздауысты Қазыбек: «Рас айтасың, атам болды жетесіз, енем болды некесіз, өзім туып, өзім кірдім қатарға, нетесіз?» - дейді.

Үйсін Төле би: «Паралы биде иман жоқ, туралы биде туған жоқ» - дейді. Алтай Құнанғара би: «А, құдайым, аққа бастыр, қарадан сақта! Көрінбей келген қазадан сақта, жасырып алған парадан сақта, арамза туған баладан сақта!» - дейді.

Керей Тоқсан би: «Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады? Алып анадан туады, ат биеден туады, қас монтаны қарадан туады, опасыз қатыннан не ел бүлдіргіш, не жұрт күлдіргіш бала туады» - дейді.

Малай Жандос би: «Жабағы-тайдан жал кетсе, қарашадан байлық кетсе, ханнан әділшілік кетсе, жер-судан береке кете ме деп қорқамын» - дейді.

Қаржас Шорман би: «Хан азарында қарашамен қас болар, бай азарында дәулетіне мас болар, молда азарында қайыр-зекеті жоқ баймен дос болар» - дейді.

Қанай Бекболат би: «Біткен істі жетесіз туған құл бұзар, некесіз туған ұл бұзар. Құттан шыққан қу құртпай тынбас деген, елді сол бұзар» - дейді.

Алшын Қаражігіт би: «Ханның баласы өліп құты қашып отыр еді, ананың төресі өзіне тиіп құтырып отыр еді. Құты қашқанмен ауыл үй болма, құтырғанмен жолдас болма деген бар еді. Уа, жұртым, құдай даудан сақтасын, кезеніп тұрған жаудан сақтасын... Қазақ баласы біріңе-бірің сыйысарсың, бір сөзді өтті, кетті деп қумаңыз!» - дейді.

Осымен билердің сөзі тоқтапты.

Талассаң өзінді-өзің таларсың

Тіленші мен Кеңгірбай Қаракесек Тобықтының тұстас билері болған екен. Тіленші қалың Қаракесектің биі, сондықтан көңілінде өзін аға тұтқан ірілік болады. Бұл мінезді Кеңгірбай сезеді. Сондықтан екі би іштей арбасып жүреді. Осындай халмен жүргенде, Тіленші Тобықтымен көрші Буралардың жұмысына билік айта келеді. Сонда Буралар Тобықтыдан көретін мазасыздығын айтқанда, Тіленші өзі бармай қасындағы бір жолдасын жіберіп, Тобықтыға тыю айтады.

Бұл іс Кеңгірбайға ауыр тиеді. Сондықтан жігіттерін жиып, «Тіленші мен барлық жолдастарының атын алып, жаяу тастап келіндер!» - деп аттандырып жібереді. Бірақ жіберген жортуылшылары Тіленші жатқан ауылға келгенде, билер кетіп қалып, артында екі-үш жолдастары ғана қалған екен. Солар ауылдан аттанып былай шыққанда Тобықты жігіттері үшеуінің атын, тонын алып, жаяу тастап кетеді. Түн суық, қыстың күні екен. Ел таба алмай жаяулап қалған, бір жағынан киімі жоқ жолаушылардың біреуі үсіп өледі. Қісінің өлімі Кеңгірбайдан болғанын естіген соң, жаз шыға Тіленші екі жүз қаралы кісімен Тобықтыға аттанып, Кеңгірбайдың аулына келе жатады. Тобықтының басты кісілері қалың Қаракесектің Тіленшідей биінен ығысып, Кеңгірбайға Қаракесектің келе жатқанын хабарлап айтып, ақыл сұрай келеді. Сонда Кеңгірбай жарытып жауап бермейді: «Әлгі бір өлеңші неме бар емес пе еді?» дейді. Ел кісілері бұл сөзді ұғып алып, Алтыбай ақынды келе жатқан Тіленшінің алдынан жібереді. Алдынан Алтыбай келгенде, ашумен түгі сыртына теуіп ісініп келе жатқан Тіленші сәлемін алмай: «Мына біреу кім?» деп сұрайды. Сонда Алтыбай ақын:

– Мен Алтыбай ақын өлеңші,
Сен Бекболат ұлы Тіленші.
Сенің ата-тегің жақсы еді-ау,
Ана тегің болмаса,
Ел бүлдірген өренші.
Алдыда келгенде,
Әділдіктен бұзылдың.
Ата-анасы мен бе едім,
Терісінен соққан қызылдың?
Сен бұл барғаннан барарсың,
Бес-алты тай аларсың,
Елге бүлік саларсың.
Адалыңды арам қып,
Бір пәлеге қаларсың.
Ұры кетер түн асып,
Ақ бұлды адал құн кетер,
Барымтаға ұласып.
Талассаң – талас жарқыным,
Өзіңді – өзің таларсың!-

депті.

Бұл сөзге Тіленші жауап бермейді. Бірақ Алтыбай айтқан сөзден маңындағы жұрт әрбір жайды түсінеді. Бұл сөздің арты ұлғайса ешкімге пайдалы болмайды, ұрлық пен барымта күшейеді, шығындап шашылатын да, рәсуаланатын да Арғынның баласы болады деген сөзді ұғады. Сондықтан Қаракесек Тобықты ортасына келіп түскенде, екі жағы да бұрынғыдай емес, бітімге бейімделіп сөз сөйлейді. Сонда Кеңгірбай бітімнің межесін көрсетіп қолындағы жүзігін беріп жібереді. Бұнысы: «кісі өлген ел өлтірушіден қыз алып, құда болып бітсін» деген сөз екен. Қаракесек те ол сөзге тоқтап, құн белгісіне бота ішік бастатып жеті жылқы алып, құда болып қайтыпты.

Түлкі дауы

Ел көшіп келе жатса, көштің алдынан бір түлкі тұра қашады. Жаяу біткен жабыла қуып, бәрі жете алмай қалып қояды. Астында жүйрік Керітөбел дөнені бар Қыпшақ Ізбасты бала түлкіге жетіп, соғып алып, қанжығасына байлап жатқанда, артынан көпшілік келеді.

– Уа, бала, аң басы жуық! Соғып алған олжаң қайырлы болсын! Қанжығаңа неге байлап тұрсың? Бұрынғы ата-бабаның жолы бар, аты жеткен соғатын, жасы үлкен байланатын, ол жолды қайда тастайсың? – дейді.

– Алғашқы тырнақ алдым еді, олай десеңіздер, төрешіге бармай түлкі бермеймін, – дейді Ізбасты. Сонда үлкендер тұрып:

– Көштің байсал тапқаны,
Көкорайға қонғаны.
Даудың байсал тапқаны,
төрешіге барғаны,
Барсақ – барайық, –

дейді.

Самар ханға келіп үлкендер шағым еткен соң, хан Ізбастыны шақырып:

– Бала! Ата-ананың жолынан шығып, олжаңды үлкендерге байламағаның қалай? – дейді. Сонда Ізбасты бала:

– Ойдан қашты бір түлкі,
Тауға қарай дем алмай.
Жабыла құды көп кісі,
Бәрі қалды ере алмай.
Сол түлкіні кім алар,

Жетіп соққан мен алмай.
Ағайыннан дұшпан жоқ,
Алдына салып айдап жүр,
Бір түлкіні көре алмай.
Ұялып ханым, жүрмеңіз,
Төресін түзу бере алмай!—

дейді. Сонда хан отырып:

—Аты озған алады,
Жасы үлкен байланады.
Осы бала бір күндеріңе жарар,
Алдынан сөздерің де тарар,
Түлкі баланыкі,
Шуламай тараңдар, -

депті.

Жат қылық, жаман әдеттен алыс бол

Ырым-тыйым сөздер

Адамға қару, мылтық кезенбе.
Ақты жерге, суға төкпе.
Адамды шошытпа.
Адамды айналма.
Адалды араммен араластырма.
Асты қорлама, үрлеме.
Ант ішіп әбес сөйлеме.
Аманатқа қиянат жасама.
Адамды малды аттама.
Ауру тілеме.
Арамдық ойлама, істеме.
Ауруға күлме.
Аузыңа ие бол.
Аспанға қарап түкірме.
Арынды сатпа.
Арамтамақ болма.
Аруаққа тіл тигізбе.
Әдепсіз болма.
Әлсізге күш көрсетпе, зәбірлеме.

Әйелге өктем сөйлеме.
Басыңды шайқама, соқпа.
Босағада отырма.
Босағаны көрме.
Баскиіміңді аяғыңа киме.
Бос бесікті тербетпе.
Білмесең айтпа.
Бейуақытта жылама, ұйықтама.
Бөркінді теріс киме.
Баланы басқа ұрма.
Бетінді сызба, қисайтпа.
Баланы шошытпа.
Біреуге жамандыық тілеме.
Біреудің еңбегін, ақысын жеме.
Біреуді қарғама, сөкпе, тілдеме.
Басыңа ие бол.
Дініңе тіл тигізбе.
Дұшпанға сенбе, жалынба.
Досыңды өкпелетпе.
Дүниеқор болма.
Дәстүрге қарсы келме.
Дәмге түкірме, жамандама.
Дінінді сатпа, айырбастама.
Дастарқанды аттама, баспа.
Досыңды сатпа.
Ердің сөзін екі етпе.
Еңбектен қашпа.
Еріншек болма.
Ерніңді шығарма.
Есікті қатты жаппа.
Ер-тұрманды аттама.
Зорлықшыл болма.
Жамандыққа жол берме.
Жақсының жолын кеспе.
Жаман ырым жасама.
Жала жаппа.
Жаман жерді баспа.
Желмен жарыспа.

Жаман тілек тілеме.
Жаманға ерме.
Жаксылығыңды сатпа, бұлдама.
Жеңілтек болма.
Жәндікті өлтірме.
Жерді теппе, сабама.
Жүреңнен отырма.
Желге қарсы түкірме.
Жатып тамақ ішпе.
Жаман іске үйренбе.
Жамандыққа жақындама.
Опасыз болма.
Орынсыз ойбайлама.
Отпен ойнама, шалқытпа.
Отқа түкірме, су төкпе.
Отты аттама.
Орынсыз іске араласпа.
Ошақты, жерошақты аттама.
Өзімшіл болма.
Өз үйінді кісімсіме.
Өтірік, өсек айтпа.
Өтірікшіге ерме, құптама.
Өтірік күлме, жылама.
Өткенге өкінбе.
Өтірік куәлік берме.
Өлген адамды тілдеме.
Өлімге күлме.
Өлім тілеме.
Өркөкірек болма.
Пышақ кезенбе.
Пышақ жүзін жалама.
Сұрамсақ болма.
Сабырсыз болма.
Салақ болма.
Сұқтанба.
Сәбиді ұрма, теппе.
Сараң, пайдакүнем, ұсақ болма.
Саусағыңды беземе.

Саусағынды танауыңа сұқпа.
Саусағынды аузыңа салма.
Суға дәретке отырма.
Тамақты жерге төкпе.
Тілазар болма.
Тамақты аттама, жамандама, үрleme.
Табалдырықты баспа.
Түнде үй сыпырма.
Түнде тырнағыңды алма.
Тырнағыңды тістеме.
Тұзды баспа.
Тамақтың үстіне отырма.
Тіліңді шайнама, бұрама.
Тамақты сораптап ішпе.
Таңдайыңды татпа.
Тізеңді құшақтама.
Түнде ысқырма.
Тісіңді қайрама.
Таңертеңгі асты тастама.
Тентек болма.
Түкірігіңді, қақырығыңды жұтпа.
Теріс сөйлеме.
Иесіз үйге кірме.
Итке ожаумен ас құйма.
Иегіңді таянба.
Инені тістеме.
Көптің жолын кеспе.
Көнке топырақ шашпа.
Кірдің суын баспа.
Көкірегінді керме.
Күш көрсетпе.
Кісі мініне күлме.
Кемтарға күлме, мазақтама.
Кісіге саусағыңды шошайтпа.
Кісіні сыртынан жамандама.
Күлді шашпа.
Көп сөйлеме, көп күлме.
Көкті жұлма.

Кеуденді соқпа.
Күншіл болма.
Кешкі асты бақпа.
Көп ұйықтама.
Қолыңа ие бол.
Қолыңды сілікпе, сермеме.
Қайықты теңселтпе.
Құдайға тіліңді тигізбе.
Құдайды ұмытпа.
Қабірді баспа.
Қабірге қол шошайтпа.
Қарт адамға күлме.
Қызғаншақ болма.
Қызға қол жұмсама.
Құдыққа түкірме.
Қақтың суын ішпе.
Қонаққа қатты сөз айтпа.
Құйынды қума.
Қулық жасама.
Малды үркітпе.
Малға зәбір жасама.
Малды ұрма, боқтама.
Менмен болма.
Маңдайыңды ұрма.
Мақтаншақ болма.
Мойныға жіп немесе белбеу салма.
Мезгілсіз жатпа.
Мезгілсіз ұйықтама.
Мезгілсіз жүрме.
Нанды бір қолмен үзбе.
Нанды жерге тастама.
Нан үстінен зат қойма.
Нас, лас болма.
Намазды бұзба.
Намысыңды таптама.
Наданмен дос болма.
Уһілеме.
Үйге сыртыңмен кірме.

Үлкеннен бұрын сөйлеме.
Үлкеннен бұрын отырма.
Үлкеннен бұрын жатпа.
Үлкеннен бұрын тамаққа қол салма.
Үлкенді мазалама.
Үлкенге қатты сөйлеме.
Үйге жүгіріп кірме.
Үйге жылап кірме.
Үйді сабама.
Үйді айналып жүрме.
Үйде ысқырма.
Ұрысқаққа тіл қатпа.
Ұрлық қылма, ұсақ болма.
Ұрыншақ болма.
Шақырмаған жерге барма.
Шалбар жастанба.
Ысырапқор болма.
Ыдысты аттама, теппе.
Ішегіңді тартпа.
Халқыңды жамандама.
Халыққа қарсы сөйлеме.
Рұқсатсыз кірме.
Рухыңды түсірме.

Сөз мәйегі – мақал-мәтел

Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер:

Аққу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.

Ата қоныс – алтын мекен.
Атамекен – анаң екен,
Қысылғанда панаң екен.

Атамекен туған жер:

кір-қоңынды жуған жер,
кіндігінді кескен жер,
кісі болып өскен жер.

Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары.
Әркімнің өз жері – ұжмақ.

"Бақыр қазан кайнаса бәріміздің бағымыз,
Туған жердің әр тасы біздің алтын тағымыз".

Бақа батпағына, балық көліне.
Баланың өскен бесігі кең дүниенің есігі.

Басқа жердің отынан туған жердің түтіні артық.
Дарақ бір жерден көгереді.

Дуадақ шөлін мақтайды,
Көкала қаз көлін мақтайды.
Кемеңгер елін мақтайды,
Дихан жерін мақтайды.

Ерінбеген елге жетеді.

Ерінен айрылған көмгенше жылайды,
Елінен айрылған өлгенше жылайды.

Жалықтырса ұзақ сапар, жат мекен
Туған елдің түтіні де тәтті екен.

Жат жерде жаның қиналса –
ел қадірін білерсің.
Жұтым суға зар болсаң –
көл қадірін білерсің.

Жат жердің қаршығасынан,
өз жеріңнің қарғасы артық.

Желкен жерінде көгерер,
Ер елінде көгерер.

Ит екеш ит те туған жерін аңсайды.

Ит тойған жеріне,
Ер туған жеріне.

Кісі елінде күркірегенше, өз елінде дүркіре.

Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

Мал екеш мал да от жеп, су ішкен жеріне тартады.

Өз інінде көртышқан да батыр.

Пәлен жерде пайда бар,
өз жеріңдей қайда бар?

Сұңқар киясын сағынады,
Торғай ұясын сағынады.

Туған елдің тезегі де дәрі.

Туған елің болмаса,
Тумай-ақ қойсын күн мен ай.

Туған жерге туың тік.

Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

Туған жердің жері де көрікті, елі де сүйікті.

Туған жердің жуасы да тәтті.

Туған жердің күні де ыстық, күлі де ыстық.

Туған жердің қадірін шетте жүрсен білерсін.

Туған жердің тасы да болысады.
Туған жердің торғайы да сүйкімді.

Туған жердің торғайы: тұрымтайдай көрінер,
құлыны тайдай көрінер, қыздары айдай көрінер.

Туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі,
түйе аунайтын топырағы да дәрі.

Туған жер – тұғырың,
Туған ел – Қыдырың.

Ұлтарақтай болса да
ата қоныс – жер қымбат.
Ат төбеліндей болса да
туып-өскен – ел қымбат.

Жер, су туралы мақал-мәтелдер:

Таулы жер бұлақсыз болмас,
Сулы жер құрақсыз болмас.

Су жүрген жер береке,
Ел жүрген жер мереке.

Халық қартаймайды,
Қара жер қартаймайды.

Көп тепкен жерден көл шығады.

Жер құтты болса,
Мал сүтті болады.

Жер тоймай, ел тоймайды.

Жерге еткен жақсылық жерде қалмайды.

Жер көнді жақсы көреді,
Ат жемді жақсы көреді.

Жер – ана,
Ел – бала.
Су патшасы – мұрап,
Түн патшасы – шырақ.

Қыстағы қар – жерге ырыс,
Жердегі ылғал – елге ырыс.

Су – ырыстың көзі,
Еңбек кірістің көзі.

Жайлауы жақсының әр бұтасының түбі бір кесек ет.

Қара жер қарыз арқаламайды.

Жеріне қарай астығы.

Жер тойынбай, ел тойынбайды.

Тауына қарай тоғайы,
Шошқасына қарай торайы.

Тау кезеңсіз болмас,
Өлке өзенсіз болмас.

Көлдің көркі құрақ,
Таудың көркі бұлақ.

Алпыс күн тасыған су,
Алты күнде қайтар.

Жауынмен жер көгереді,

Батамен ел көгереді.

Таумен тасты су бұзар,
Ел арасын қу бұзар.

Ағаш тамырымен мықты,
Адам дос-жарымен мықты.

Судың да сұрауы бар.

Суға кеткен тал қармайды.

Су жетпейін демейді, жар жеткізбейді,
Ер жетпейін демейді, мал жеткізбейді.

Көрінген таудың алыстығы жоқ.

Достық туралы мақал-мәтелдер:

Дос – ажарың, жолдас – базарың.

Азаматпен дос бол, қадіріңді біледі.

Айрылғысы келген дос аяулыңды сұрайды.

Айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды.

Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтпа.

Айтулы достың малы бір, кемедегінің жаны бір.

Алыстағы досыңа ат берсең де жарасар –
үйіне мініп барсын деп.
Жақындағы досыңа хат берсең де жарасар –
ұмытса есіне алсын деп.

Ауыр сөз айтқан дос емес.

Босқа бергенше досқа бер.

Бір пайдадан кешкен мың кісімен дос болады.

Дәмді болса – достық қымбат,
Мәнді болса – жастық қымбат.

Дос – ажарың, жолдас – базарың.

Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды.

Дос бергеннің түсіне карама.

Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол.

«Дос» деп сынамай сыр айтпа, достың да досы бар.

Дос досқа жалынса, достың көңілі алынады.

Дос досқа зиянкер емес, зиянкер болса дос емес.

Дос егіз, дұшпан сегіз.

Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.

Дос көбейсе дұшпан аяқ астында.

Дос көңіліңді суытып айтады,
Қасың ойынды жылытып айтады.

Дос көргеннен түңілме.

Дос көтерер көңілді,
Мал көтерер өлімді.

Досқа ат берме, ат берсең «жай жүр» деме.

Досқа ауырлығыңды салма,
Достан қарыз алма.

Досқа келсең босқа келме.

Дос құшағы – жаз.

Доспен дос болғанша шаттан,
Дұшпанмен дос болғаннан сақтан.

Күлме досыңа, келер басыңа.

Досыңмен көп сөйлеспе,
Жолынан қалдырасың.
Дұшпаныңмен көп сөлеспе,
Сырыңды алдырарсың.

Дос сыртыңнан мақтар,
Дұшпан көзіңе мақтар.

Денің сау болса,
Жарлымын деме.
Жолдасың көп болса,
Жалғызбын деме.

Аз қайғыны ас басады,
Көп қайғыны дос басады.

Жаман жолдастан,
Жаксы дұшпан артық.

Әкесі құрдастың баласы да құрдас.

Досыңа өтірік айтпа,
Дұшпаныңа сырыңды айтпа.

Кітап туралы мақал-мәтелдер:

Кітап – алтын қазына.

Кітап алтын сандық:
іші толған қазына, құт,
оқы, оқы, ойына тұт.

Кітап – білім бұлағы,
Білім – өнер шырағы.

Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім.

Кітап көзі жұмыққа арзан,
көзі ашыққа маржан.

Кітап – қаймақ ,
Білім – оймақ.

Кітап – оқығандікі,
Білім – тоқығандікі.

Күш – білімде, білім – кітапта.

Наданмен дос болғанша,
Кітаппен дос бол.

Қонақ туралы мақал-мәтелдер:

Қонақ қойдан жуас.
Май берсең де жей береді.

Тойдан табықпай.

Қонақасы – тәңір ақысы.

Қонақ аз отырып, көп сынайды.

Қонағым жүре тоярсын.

Қонақты сөзбен тойдыра алмайсын.

Асыңа тойғызбасаң да ақ ниетіңе тойғыз.

Құтты қонаққа – тәтті тамақ.

Атың барда жер таны,
Асың барда ел таны.

Қонағын сыйласа төрге шық дейді.

Жолаушының азығы жолында.

Жаяу қонақ тыныш ұйықтар.

Алдына ас қойдым, екі қолын бос қойдым.

Қонағым өз үйінді де ойлар отыр.

Бұрынғы қонақ соңғы қонаққа орын берер.

Сыйлы қонақ босағада отырмайды.

Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес.

Шақырмаған қонаққа шайдан артық тамақ жоқ.

Тоқ қонақты сыйлау оңай.

Екі үйдің қонағы емексіп жүріп аш қалар.

Қонағым сен "ет" деме, мен "кет" демеймін.

Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал.

Саларға асың болмаса,

Сыйпарға тілің болсын.

Сыпайы қонақ сыйынды жейді,
Мылжың қонақ мыйынды жейді.

Қонаққа бара білсең, шақыра да біл.

Қонақ бір күн қонса – құт,
екі күн қонса – жұт.

Келгенше қонақ ұялады,
Келген соң үй иесі ұялады.

Қонағы жаман болса, үй иесі қыдырады.

Ет жегеннің бәрі қонақ.

Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.

Қонағын сүймеген баласын ұрады, не үйін сыпырады.

Қонақ асына емес қабак-қасына риза.

Өзі қонақ болып көрмеген,
Қонақты сыйлай білмейді.

Қонақ келсе ет қызарар,
Ет қызармаса, бет қызарар.

Ақыл-ойдың өзегі – нақыл сөздер

Отан, туган жер туралы нақыл сөздер:

Иә, мен біздің кең байтақ Отанымызда тыныштық пен бейбітшілік болғанын қалаймын. Ол миллиондаған қазақстандық отбасылар үшін қажет. Мен қайғыдан шашы ағарып кеткен әзіз аналардың мырыш табыт құшақтап отырып, егіліп перзенттерін

жоқтағанын, жастардың жалыны тұтанбай жатып, қанаты қиылып, мүгедек болғанын, қариялар жермен жексен болған үйлерінің орнын іздеп шарқ ұрып, нақақтан көз жасын төккенін қаламаймын.

Нұрсұлтан Назарбаев

Ұлттың ұлы бақыты – Қазақстан жаңа үшінші мыңжылдыққа дербес тәуелсіз мемлекет болып қадам басты!

Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақ тарихында қазақ ұялатындай ештеңе де жоқ. Тарихта талай дәуірлеген кездеріміз де болған. Талай басымыздан бақ ауып, кер кетірген замандарға да кез келгенбіз.

Нұрсұлтан Назарбаев

Шет елде білім алу, шетелдік болып кету деген сөз емес – отаныңа деген сүйіспеншілікті ешқашан да жоғалтуға болмайды.

Нұрсұлтан Назарбаев

Отанды сүю – өркениеттіліктің бірінші белгісі.

Нұрсұлтан Назарбаев

Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам. Өзіңнің еліне, Отаныңа, жеріңе, ата-бабаңның төккен қаны мен теріне адал болуың керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағын-елін ойлап, осыны көркейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек.

Нұрсұлтан Назарбаев

Отаншылдық рухы бізге ауадай қажет.

Нұрсұлтан Назарбаев

Ауылдың амандығы – елдің амандығы.

Нұрсұлтан Назарбаев

Қағаны – батыр, ақылгөйі – кемеңгер елдің бағы жанады.

Тоныкөк

Қаған парызы – халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру. Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі көрмедім; қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін!

Тоныкөк

Егер ел басшысы тоңмойын һәм сатқын болмаса – елдің бағы.

Білге қаған

Қағаны кекшіл елдің халқы бүлікшіл келеді.

Күлтегін

Қағанынан айырылған ел – ғаріп, иесінен айырылған жер – ғаріп.

Күлтегін

Халқына – бегі, бегіне -халқы сенген ел ұзақ жасайды.

Күлтегін

Елін сүйген ер бақытты.

Күлтегін

Жабағылы жас тайлақ жардай атан болған жер, жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жер.

Қазтуған Сүйінішұлы

Атамыз біздің Сүйініш – күйеу болып барған жұрт, анамыз біздің Бозтуған – келіншек болып түскен жұрт.

Қазтуған Сүйінішұлы

Балығы – тайдай тулаған, бақасы – қойдай шулаған.

Қазтуған Сүйінішұлы

Шырмауығы – шөккен түйе таптырмас, балығы – көлге жылқы жаптырмас.

Қазтуған Сүйінішұлы

Біз – қазақ деген қырда қой баққан елміз,
Жүйрік жаратып, қымызға бие байлатқан елміз.

Қазыбек Келдібекұлы

Дәм-тұзды ақтай білген,
Достықты сақтай білген,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз!

Қазыбек Келдібекұлы

Дұшпанға еш бас ұрмаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз!
Асқақтаған хан болса,
Сөз ұқпайтын паң болса,
Қанға - қан, жанға - жан алатынымызды жасырмаған елміз!

Қазыбек Келдібекұлы

Адамға талай жерді көрген артық,
Танысып әркімдерді білген артық.
Мысырға патша болып тұрсаңдағы,
Болмайды туып-өскен жерден артық.

Шал Құлекеұлы

Ханның көркі – ел.

Шернияз Жарылғасұлы

Қазақ жері – мал кіндігі: мұнда бұрын-соңды қай жұрт жүрсе де
мал баққан.

Әлихан Бөкейханов

Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – негізгі өмір
мәселесінің ең зоры.

Әлихан Бөкейханов

Елің үшін – мақтан, елің үшін – қайғыр.

Ғабит Мүсірепов

Еліңе опасыздық – туған анаңа опасыздық.

Ғабит Мүсірепов

Туған елімді, туған жерімді жамандай алмаймын – бірақ жаным ашынғандықтан ашынған сөз ауызға түседі.

Ғабит Мүсірепов

Отанды, ұлтты, әдебиетті, оның болашағын сүйу үшін көп айкайдың керегі жоқ. Тынымсыз, жанашыр, табанды әрекет керек.

Шерхан Мұртаза

«Репатрианттар». Көші-қон туралы заң жобасында осы терминді «оралмандар» деп аударыпты. Мән-мағынасы жетімсіздеу. Қуғын-сүргін көріп барып – Отанына қайта оралатындар болады. Шет елге саяхаттап, қыдырыстап, немесе қызмет бабымен барып - оралатындар болады. Ал репатрианттар – соғыста тұтқынға түскендер, қуғын-сүргін, зорлық-зомбылық көргендер. Солардың өз Отанына оралуы.

Шерхан Мұртаза

Ұлтсыздық – отансыздықтың белгісі.

Шерхан Мұртаза

Адамгершілік туралы нақыл сөздері:

Қам көңілдің қайғысына дауа бол,
Жолда шаршап шалдыққанға сая бол.

Қожа Ахмет Ясауи

Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса,
Жақсы сол – істер ісін тәмамдаса.

Шал Құлекеұлы

Бүтін тұрған бұзылмай.
Отыз екі тіспен тең.
Айынды жақсы аймен тең
Жомарт жігіт баймен тең,
Шешен жігіт дүрмен тең.

Шал Құлекеұлы

Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық.

Төле би Әлібекұлы

Нәрестенің бесігі – кең дүниенің есігі.

Төле би Әлібекұлы

Ағаң келсе – ардақтап атын байлағандай, қонағың келсе – құрметтеп, көңілін жайлағандай тындырымды ісің болғанға не жетсін.

Әйтеке Байбекұлы

Арам табақтан адал ас өтпейді.

Жанак Сағындықұлы

Келген қонаққа достық көңіл, қонақжайлық пейіл таныту – үй иесінің борышы.

Токсары

Аз сөйлер де, көп тындар хас асылдың баласы.

Махамбет Өтемісұлы

Айнымай тұтқан жолың болсын мынау –
Азаттық, ағайындық, тендік сұрау.
Тайсалмай дұрыстыққа жаның қисаң,
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау.

Міржақып Дулатов

Адамның алдымен адам сипаты болуға тиіс.

Міржақып Дулатов

Шын көңілден айтылған тілекке – шындықпен жауап беру парыз.

Мұхтар Әуезов

Ақын бойына адамгершілік қана жарасады. Екеуінің біріне ақау түссе – алдымен ақындық өледі.

Ғабит Мүсірепов

Сұлулық, әдептілік, білімділік, сезімділік, ерлік, даналық – бәрі де жеке адамның меншігінде емес, ең алдымен, елдің, халықтың еншісі.

Ғабит Мүсірепов

Өзі таза адам өзгеге күйе жаға алмайды. Күйе жағу үшін өзінде күйе болу керек.

Ғабит Мүсірепов

Адалдық: өзі алданса алданар, өзі ешкімді алдамас.

Ғабит Мүсірепов

Махаббат, достық, бауырмалдық – адамның ең бір асыл қасиеттері.

Ғабит Мүсірепов

Достық туралы нақыл сөздер:

Жүргенде көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.

Әл-Фараби

Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.

Әл-Фараби

Өзіңе қарай дос таңда,
Күшіңе қарай жүк көтер.

Жүсіп Баласағұни

Жақсымен дос болсаң,
Алдыңнан шығар елпектеп...
Жаманмен дос болсаң,
Сыртыңнан жүрер өсектеп.

Махамбет Өтемісұлы

Қиын күнде қол үшін берген – нағыз дос,
Жайшылықта «доспын» деген жай сөз.

Саиф Сарай

Жолдасын таппаған ер азады,
Басшысын таппаған ел азады.

Мұхтар Әуезов

Өркімнің жолдас болсын сүйген досы,
Біріксе айырылмасын көңіл қошы!

Баубек Бұлқышев

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. - Алматы: Отау, 1992. - 188 б.
2. Адамбаев Б. Шешендік өнер. - Алматы: Жалын, 1969. - 140 б.
3. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы: Мектеп, 1976. - 160 б.
4. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік сөздері. Алматы, 2007ж.
5. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 206 б.
6. Негимов С. Шешендік сөздер. Алматы, 2001ж.
7. Төрекұлов Н. Дананың дала ділмарлары. Алматы, 2001ж.
8. Құнанбаев А. Шығармалар. I т. - Алматы: Жазушы, 1986. - 302 б.
9. Әлменұлы Б. Шешендік сөздер. Алматы, 1993 ж.
10. Леубаева А. Шешендік өнерінің көркемдік тағылымдық мәні. Алматы, 2005ж.
11. Ысқақов Б. Асыл сөз. Алматы «Жалын», 1987ж.
12. Тоғысбаев Б. Тарихи тұлғалар. Алматы, 2005.
13. Әбен Б., Дүйсенбайұлы Е., Тасмағамбетов И., Құдабаев А. Дала даналары. Алматы, 2001ж.
14. Кекілбаев Ә. Әйтеке би. Егеменді Қазақстан, 1991, 23 қараша.
15. Бөлтірік шешен. (Құрас. Дәдебаев). - А.: Ғылым, 1994. - 140 б.
16. Сыздыкова Р. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. I тарау. Шешендік сөздер. - Алматы: ҒА, 1987. - 112 б.
17. Сыздыкова Р. Сөз құдыреті. - Алматы: Санат, 1997. - 224 б.
18. Қоңыратбаев. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: Ана тілі 1991. - 288 б.
19. Қазақ халық әдебиеті (Құрас, С. Садырбаев). - Алматы: Рауан, 1990. - 240 б.
20. Уалиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы; Мектеп, 1984, - 117 б.
21. Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. - Алматы: Ғылым, 1987. - 270б

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I ШЕШЕНДІК СӨЗ	
Сөзді қолдану шеберлігі және көпшілік алдында сөйлеу.....	6
Шешендік сөздің түрлері.....	13
II ШЕШЕНДІК ӨНЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК	
Шешендік өнердің қысқаша тарихы.....	24
Шешен және шешендікке қойылатын талаптар.....	28
III ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН	
Ырым-тыйым сөздер.....	33
Мақал-мәтелдер.....	38
Нақыл сөздер.....	40
IV ҰЛТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕР	
Қазақ ұлттық шешендік өнерінің ерекшеліктері.....	46
Қазақ тарихындағы белгілі шешендер мен билер.....	51
V ШЕШЕНДІК АРНАУ	
Асан қайғы мен Жәнібек.....	57
Майқы би мен Алаша хан.....	59
Жидебай мен Қараменде.....	61
Шорман мен Құдайменде.....	63
VI ШЕШЕНДІК ТОЛҒАУ	
Бұл дүниеде не жетім?.....	65
Биік тауға жарасқан. Алтай Байдалы айтқан сөздер.....	66
Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек. Шекті Мөңке би толғауы.....	68
VI ШЕШЕНДІК ДАУ	
Асаубай мен Құлтума.....	71
Едіге мен Тоғас.....	72
Балпық би мен Дарабоз бәйбіше.....	75
Қанайұлы Бекболат шешен.....	76
Қазыбектің бір ер туралы айтқаны.....	77

VII ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР

Шешендік үлгілері.....	79
Жат қылық, жаман әдеттен алыс бол (ырым-тыйым сөздер).....	105
Сөз мәйегі – мақал-мәтел.....	110
Ақыл-ойдың өзегі – нақыл сөздер.....	120
Пайдаланған әдебиеттер.....	128

**МАМЫТ Амангелді Алтыбайұлы
АРЫСТАНБЕКОВА Айжан Пернебекқызы**

ҰЛТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Оқу құралы

Басуға 06.02.2017 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 8,25 шартты баспа табак. Таралымы 500 дана. «Әлем» баспасы.
Тапсырыс №0602. Шымкент қаласы, Ғ.Ляев көшесі, №7

+ 7 702 331 44 37; +7 776 331 44 37;